

Пайдаланушы нұсқаулығы

proXpress

C401x Series

НЕГІЗГІ

Бұл нұсқаулықта Windows жүйесінде орнатуға, негізгі пайдалануға және ақаулықтарды жоюға қатысты ақпарат берілген.

КЕҢЕЙТІЛГЕН

Бұл нұсқаулықта әр түрлі амалдық жүйе орталарында орнату, кеңейтілген теңшеу, пайдалану және ақаулықтарды жою туралы ақпарат береді.

Модельдерге немесе мемлекеттерге байланысты кейбір функциялар қолжетімді емес болуы мүмкін.

НЕГІЗГІ

Кіріспе	Үлгілер бойынша мүмкіндіктер	5
	Білген жөн	6
	Осы пайдаланушы нұсқаулығы туралы	7
	Қауіпсіздік туралы ақпарат	8
	Құрылғыға жалпы шолу	15
	Басқару панеліне жалпы шолу	18
	Құрылғыны қосу	20
	Бағдарламалық жасақтаманы орнату	21
Мәзірді шолу және негізгі параметрлерді орнату	Мәзірді шолу	25
	Құрылғының негізгі параметрлері	28
	Баспа құралы және науа	29
	Негізгі басып шығару	40
	USB жад құрылғысын қолдану	47
Қызмет көрсету	Шығын материалдарына және керек-жарақтарға тапсырыс беру	50
	Алуға болатын жабдықтар	51
	Бар керек-жарақтар	52
	Алуға болатын қосалқы бөлшектер	53
	Тонер картриджді сақтау	54
	Тонерді қайта тарату	56
	Тонер картриджді ауыстыру	58
	Пайдаланылған тонер контейнерін алмастыру	60
	Керек-жарақтарды орнату	62
	Керек-жарақтардың жұмыс мерзімін бақылау	64
	Тонер төмен ескертуін орнату	65
	Құрылғыны тазалау	66
	Құрылғыны жылжыту және сақтау бойынша кеңестер	70

Ақаулықтарды жою	Қағаздың кептелуін болдырмау бойынша кеңестер	72
	Қағаз кептелуін кетіру	73
	Жарық диодты экран күйін түсіну	80
	Қате туралы хабарламаларды түсіну	82
	Қағазды беру қателері	90
	Қуат және кабельді жалғау мәселелері	91
	Басып шығару мәселелері	92
	Басып шығару сапасы мәселелері	95
	Амалдық жүйе мәселелері	102
	Сымсыз желі мәселелері	103

Қосымша	Техникалық сипаттамалары	108
	Нормативтік ақпарат	115
	Авторлық құқықтар	128

Кіріспе

Бұл тарауда машинаны пайдалану алдында білу керек ақпарат берілген.

• Үлгілер бойынша мүмкіндіктер	5
• Білген жөн	6
• Осы пайдаланушы нұсқаулығы туралы	7
• Қауіпсіздік туралы ақпарат	8
• Құрылғыға жалпы шолу	15
• Басқару панеліне жалпы шолу	18
• Құрылғыны қосу	20
• Бағдарламалық жасақтаманы орнату	21

Үлгілер бойынша мүмкіндіктер

Модельге немесе елге байланысты кейбір мүмкіндіктер және қосымшалар қол жетімді болмауы мүмкін.

Мүмкіндіктер	C401x series
Жоғары жылдамдықты USB 2.0	●
Желілік интерфейс – Ethernet 10/100/1000 Base TX сымды LAN	●
Желілік интерфейс – 802.11b/n/g сымсыз LAN ^a	○
NFC (Near Field Communication)	○
Google Cloud Print™	●
Samsung Cloud Print	●
PrinterOn	●
Mopria	●
Үнемді басып шығару	●
Екі жақты басып шығару	●
USB жад интерфейсі	●
Қосымша науа (2-науа, 3-науа, 4-науа)	○
Тіреуіш	○

а. Елге байланысты сымсыз жергілікті желі картасы қол жетімді болмауы мүмкін. Кейбір елдерде тек 802.11 b/g желісін пайдалану мүмкін. Құрылғыны сатып алған жергілікті Samsung дилеріне немесе сатушыға хабарласыңыз.

(●: қолдау көрсетіледі, ○: қосымша, бос ұяшық: Қолдамайды)

Білген жөн

Құрылғы басып шығармайды.

- Басып шығару кезегі тізімін ашыңыз және құжатты тізімен алып тастаңыз (42-беттегі "Басып шығару тапсырмасын болдырмау" бөлімін қараңыз).
- Драйверді жойып, қайта орнатыңыз (21-беттегі "Бағдарламалық жасақтаманы орнату" бөлімін қараңыз).
- Құрылғыны Windows жүйесінде әдепкі құрылғы ретінде таңдаңыз (191-беттегі "Құрылғыны әдепкі құрылғы ретінде орнату" бөлімін қараңыз).

Керек-жарақтарды немесе шығын материалдарын қайда сатып алуға болады?

- Samsung дистрибьюторынан немесе бөлшек сатушыдан сұраңыз.
- www.samsung.com/supplies торабына кіріңіз. Өнімге қызмет көрсету туралы ақпаратты қарау үшін елді/аймақты таңдаңыз.

Көрсеткіш шамы жыпықтайды немесе тұрақты жанып тұрады.

- Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз.
- Осы нұсқаулықта көрсеткіш шамның мағыналарын тексеріңіз және ақауларды сәйкесінше жойыңыз (80-беттегі "Жарық диодты экран күйін түсіну" бөлімін қараңыз).

Қағаз кептелісі орын алды.

- Алдыңғы есікті ашып жабыңыз (16-беттегі "Алдыңғы көрінісі" қараңыз).
- Осы нұсқаулықта қағаз кептелісін алып тастау туралы нұсқауларды қараңыз және сәйкесінше ақаулықтарды жойыңыз (73-беттегі "Қағаз кептелуін кетіру" бөлімін қараңыз).

Басып шығарылған қағазда дақтар бар.

- Тонер деңгейі төмен немесе біркелкі емес болуы мүмкін. Тонер картриджін шайқаңыз (56-беттегі "Тонерді қайта тарату" бөлімін қараңыз).
- Басып шығару ажыратымдылығының басқа параметрлерін қолданып көріңіз (42-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).
- Тонер картриджін ауыстырыңыз (58-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" бөлімін қараңыз).

Машинаның драйверін қайдан қотаруға болады?

- Samsung веб-торабынан анықтаманы, қосымша бағдарламаларды, құрылғы драйверлерін, нұсқаулықтарды және тапсырыс беру туралы ақпаратты ала аласыз, www.samsung.com > өнімді табыңыз > Қолдау немесе жүктемелер тармағына өтіңіз.

Осы пайдаланушы нұсқаулығы туралы

Осы пайдаланушы нұсқаулығында машинаның негіздері туралы ақпарат, сонымен бірге, машинаны пайдалануды түсіндіретін егжей-тегжейлі қадамдар берілген.




- Бұл нұсқаулықты тастамаңыз және болашақта пайдалану үшін сақтап қойыңыз.
- Құрылғыны пайдалану алдында қауіпсіздік туралы ақпаратты оқып шығыңыз.
- Машинаны пайдалану бойынша мәселе болса, ақаулықтарды жою тарауын қараңыз.
- Осы пайдаланушы нұсқаулығында пайдаланылған терминдер глоссарий тарауында түсіндірілген.
- Осы пайдаланушы нұсқаулығындағы барлық суреттер оның параметрлеріне немесе сатып алған модельге байланысты басқа болуы мүмкін.
- Осы пайдаланушы нұсқаулығындағы скриншоттар құрылғының микробағдарламасының/драйверінің нұсқасына байланысты басқа болуы мүмкін.
- Осы пайдаланушы нұсқаулығындағы іс рәсімдер негізінен Windows 7 жүйесіне негізделген.
- Егер сіз Mac, Linux немесе UNIX операциялық жүйелерінің бірін пайдалансаңыз, Samsung веб-сайтындағы Пайдаланушы нұсқалығы құжатын қараңыз, ол <http://www.samsung.com> > өніміңізді табыңыз > Қолдау көрсету немесе Жүктеп алуға болатын құжаттар бөлімінде орналасқан.
- Samsung www.samsung.com > өнімді табыңыз > Қолдау немесе жүктемелер тармағына өтіңіз.

Келісімдер

Бұл нұсқаулықтағы кейбір терминдер төмендегідей бір-бірінің орнын басады:

- Құжат түпнұсқаның синонимі болып табылады.
- Қағаз құралдың немесе баспа құралының синонимі болып табылады.
- Құрылғы принтерді немесе көп функциялы сыртқы құрылғыны білдіреді.

Жалпы белгішелер



Белгіше	Текст	Сипаттама
	Ескерту	Пайдаланушыларға жарақат алу мүмкіндігі бар екендігін ескерту үшін пайдаланылады.
	Абайлаңыз	Құрылғыны ықтимал механикалық зақымнан қорғау немесе бұзылуына жол бермеу туралы пайдаланушыларға ақпарат береді.
	Ескерту	Құрылғының функциясы және мүмкіндігі туралы толық техникалық сипат немесе қосымша ақпарат береді.

Қауіпсіздік туралы ақпарат

Бұл ескертулер мен алдын ала сақтандырулар сіздің немесе басқалардың жарақаттануына және құрылғыңызға қандай да бір зақым келуіне жол бермеу үшін беріледі. Құрылғыны пайдалану алдында барлық нұсқауларды оқып, түсініп алыңыз. Бұл бөлімді оқып шыққаннан кейін келешекте пайдалану үшін оны сенімді жерде сақтаңыз.






Маңызды қауіпсіздік таңбалары

Осы тараудағы барлық белгішелердің және таңбалардың түсіндірмесі

	Ескерту	Ауыр дене жарақаты немесе өлімге әкелетін қауіптер немесе қауіпті әрекеттер.
	Абайлаңыз	Жеңіл дене жарақаты немесе мүліктің зақымдануына әкелуі мүмкін қауіптер немесе қауіпті әрекеттер.

Жұмыс істеу ортасы

Ескерту



	Қуат сымы зақымдалған немесе электр розеткасы жерге қосылмаған болса, пайдаланбаңыз. Бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.
	Машинаның үстіне ештеңе қоймаңыз (су, шағын металл немесе ауыр заттар, шамдар, тұтатқан шылым, т.б.) Бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.
	<ul style="list-style-type: none">Машина шамадан тыс қызса, түтін шығарса, оғаш шуды шығарса немесе жаман иіс шығарса, қуат қосқышын бірден өшіріңіз немесе машинаны розеткадан ажыратыңыз.Пайдаланушыдан штепсельді суыруды қажет ететін төтенше жағдайда пайдаланушы қуат розеткасына жете алуы керек. Бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.
	Қуат сымын бүкпеңіз немесе оның үстіне ауыр заттар қоймаңыз. Қуат сымын таптау немесе оны ауыр нәрселермен мыжылуы электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.
	Штепсельді сымды тартып суырмаңыз. Штепсельді сулы қолдармен ұстамаңыз. Бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.








Абайлаңыз

	Нажағай болғанда немесе пайдаланбаған кезде, қуат штепселін электр розеткасынан суырыңыз. Бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.
	Әдепкі бойынша, қағаз шығару аумағы ыстық болады. Күйіп қалуыңыз мүмкін.
	Егер машина түсіріп алынса немесе корпус зақымдалса, машинаны барлық интерфейс қосылымдарынан ажыратыңыз және білікті қызмет көрсету маманынан көмек сұраңыз. Әйтпесе бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.
	Осы нұсқауларды орындағаннан кейін машина дұрыс жұмыс істемесе, машинаны барлық интерфейс қосылымдарынан ажыратыңыз және білікті қызмет көрсету маманынан көмек сұраңыз. Әйтпесе бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.
	Егер штепсель электр розеткасына оңай кірмесе, оны күшпен енгізуге тырыспаңыз. Электр розеткасын өзгерту үшін электрик маманды шақырыңыз немесе бұл электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.
	Үй жануарларына қуат сымын, телефон немесе компьютер интерфейсі сымдарын шайнауға рұқсат етпеңіз. Бұл электр тогының соғуына немесе өртке және/немесе үй жануарының жарақаттануына әкелуі мүмкін.

Жұмыс істеу әдісі


Абайлаңыз


	Басып шығару кезінде қағазды күшпен шығарып алмаңыз. Бұл құрылғыға зақым келтіруі мүмкін.
	Машина мен қағаз науасының арасына қолыңызды қоймаңыз. Жарақаттануыңыз мүмкін.

	Қағазды ауыстыру немесе кептелген қағазды алу кезінде сақ болыңыз. Жаңа қағаздың шеттері өткір және жырып кетуі мүмкін.
	Үлкен мөлшерлерде басып шығарғанда, қағазды шығару аумағының төменгі бөлігі қызуы мүмкін. Балалардың ұстауына жол бермеңіз. Күйіп қалуыңыз мүмкін.
	Кептелген қағазды алғанда, қысқыштарды немесе өткір металл заттарды пайдаланбаңыз. Бұл құрылғыға зиян келтіруі мүмкін.
	Қағазды шығару науасында тым көп қағаздың жиналуына жол бермеңіз. Бұл құрылғыға зиян келтіруі мүмкін.
	Желдету тесігін заттармен бітемеңіз немесе тықпаңыз. Бұл құрамдастарын қыздырып, зақымдалуға немесе өртке әкелуі мүмкін.
	Мұнда көрсетілгендерден өзгешеленетін басқару құралдарын не баптауларды не жұмыстарды пайдалану радиацияға ұшырау қаупін тудыруы мүмкін.
	Машинаның қуатты қабылдау құрылғысы – бұл қуат сымы. Қуатты өшіру үшін қуат сымын электр розеткасынан алып тастаңыз.






Орнату / Жылжыту






Ескерту

	Машинаны шаң, ылғалды немесе су ағатын аумаққа қоймаңыз. Бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.
---	---

	<p>Құрылғыны жұмыс температурасы және ылғалдылық сипаттамасына сай болатын жерге қойыңыз.</p> <p>Құрылғы мұздату температурасынан төмен болғанда немесе алдында мұздату температурасынан төмен жерден жылжытылған кезде, оны пайдаланбаңыз. Құрылғы зақымдалуы мүмкін. Құрылғының ішкі температурасы басқару температурасы мен ылғалдылық сипаттамаларының ауқымында болғанда ғана құрылғыны пайдаланыңыз.</p> <p>Болмаса, сапа ақауы пайда болып, құрылғыға зиян келтіруі мүмкін. 108-беттегі "Жалпы техникалық сипаттамалар" қараңыз.</p>
---	---

Абайлаңыз





	<p>Машинаны жылжыту алдында қуатты өшіріңіз және барлық сымдарды ажыратыңыз. Төмендегі ақпарат тек құрылғының салмағына негізделген ұсыныстар болып табылады. Көтеруге рұқсат етілмеген медициналық шарт қойылған болса, машинаны көтермеңіз. Көмек сұраңыз және құрылғыны қауіпсіз көтеру үшін сәйкес адамдар санын қолданыңыз.</p> <p>Одан кейін құрылғыны көтеріңіз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Егер машина 20 кг-нан аспаса, 1 адам болып көтеріңіз. • Егер машина салмағы 20 кг - 40 кг арасында болса, 2 адам болып көтеріңіз. • Егер машинаның салмағы 40 кг-нан асса, 4 немесе одан көп адам болып көтеріңіз. <p>Құрылғы құлап кетіп, жарақаттануға немесе құрылғының зақымдануына әкелуі мүмкін.</p>
	<p>Құрылғыны орналастыру үшін желдету үшін жеткілікті бос орны бар тегіс бетті таңдаңыз. Сонымен қатар, қақпақ пен науаларды ашу үшін қажетті бос орын бөліңіз.</p> <p>Орын жақсы желдетілетін және тікелей жарық, ыстық пен ылғалдан ары болуы керек.</p>
	<p>Құрылғыны ұзақ уақыт ішінде пайдаланған кезде немесе желдетілмейтін жерде беттердің үлкен мөлшерін басып шығарған кезде, бұл ауаны ластауы және денсаулығыңыз үшін қауіпті болуы мүмкін. Құрылғыны жақсы желдетілетін жерде орналастырыңыз немесе ауаның дүркін-дүркін айналуы үшін терезені ашыңыз.</p>
	<p>Машинаны тұрақсыз бетке қоймаңыз.</p> <p>Құрылғы құлап кетіп, жарақаттануға немесе құрылғының зақымдануына әкелуі мүмкін.</p>
	<p>Қажет болса, тек No.26 AWG сымын^a немесе үлкенірек сымды, телефон желісі сымын пайдаланыңыз.</p> <p>Әйтпесе бұл құрылғыға зақым келтіруі мүмкін.</p>




	Қуат штепселін жерге қосылған электр розеткасына қосыңыз. Әйтпесе бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.
	Қауіпсіз пайдалану үшін машинамен бірге берілген қуат сымын пайдаланыңыз. Егер 110 В құрылғыға 2 метрден (6 фут) асатын сым пайдаланылатын болса, калибр 16 AWG немесе үлкенірек болуы керек. Әйтпесе бұл құрылғыға зақым келтіріп, электр тогының соғуына немесе өртке әкеп соқтыруы мүмкін.
	Машина үстіне қақпақ қоймаңыз немесе оны туалет сияқты ауа аз жерге қоймаңыз. Егер құрылғы желдетілмесе, бұл өртке әкелуі мүмкін.
	Қабырға розеткаларына және кеңейту сымдарына шамадан тыс жүктеме түсірмеңіз. Бұл өнімділікті азайтып, электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.
	Құрылғыны белгіде көрсетілген қуат деңгейіне қосу керек. Егер сенімсіз болсаңыз және қуат деңгейін тексергіңіз келсе, электр жабдықтары компаниясына хабарласыңыз.

а.AWG: Америкалық сымдық калибр

Қызмет көрсету / Тексеру





Абайлаңыз




	Машинаның ішін тазалау алдында өнімді қабырға розеткасынан ажыратыңыз. Машинаны бензинмен, араластырғышпен немесе алкогольмен тазаламаңыз. Суды тікелей машинаға бүркімеңіз. Бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.
	Машинаның ішінде шығын материалдарын ауыстырғанда немесе ішін тазалағанда, машинаны қоспаңыз. Жарақаттануыңыз мүмкін.
	Тазалау шығын материалдарын балалар тимейтін жерде сақтаңыз. Балалар жарақаттануы мүмкін.
	Машинаны өз бетіңізше бөлшектемеңіз, жөндемеңіз немесе қайта құрастырмаңыз. Бұл құрылғыға зиян келтіруі мүмкін. Машинаны жөндеу қажет болса, куәліктендірілген техникалық маманды шақырыңыз.

	<p>Машинаны тазалау және пайдалану үшін машинамен бірге берілген пайдаланушы нұсқаулығын қатаң орындаңыз. Әйтпесе құрылғыға зиян келтіруіңіз мүмкін.</p>
	<p>Қуат сымын және розетканың тиетін бетін шаң немесе судан таза ұстаңыз. Әйтпесе бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.</p>
	<ul style="list-style-type: none"> • Бұрандалармен бекітілген ешбір қақпақтарды немесе қорғауыштарды алмаңыз. • Машинаны тек куәліктендірілген қызмет көрсету техникалық маманы жөндеуі керек. Куәліктендірілмеген техникалық мамандардың жөндеуі өртке немесе электр тогының соғуына әкелуі мүмкін. • Машинаны тек Samsung қызмет көрсету техникалық маманы жөндеуі керек.

Керек-жарақтарды пайдалану

Абайлаңыз

	<p>Картриджді бөлшектемеңіз. Тонер шаңы тыныс алғанда немесе жұтылған жағдайда қауіпті болуы мүмкін.</p>
	<p>Тонер картриджі немесе термофиксатор сияқты ешбір шығын материалдарын жақпаңыз. Бұл жарылысқа немесе сөндіру қиын өртке әкелуі мүмкін.</p>
	<p>Тонер картридждері сияқты шығын материалдарын сақтағанда, оларды балалар жетпейтін жерде сақтаңыз. Тонер шаңы тыныс алғанда немесе жұтылған жағдайда қауіпті болуы мүмкін.</p>
	<p>Тонер сияқты қалпына келтірілген шығын материалдарын пайдалану машинаны зақымдауы мүмкін. Қайта пайдаға жаратылған керек-жарақтарға байланысты зақымданған жағдайда қызметтік төлем алынады.</p>

	<p>Тонер шаңы бар жабдықтар (тонер картриджі, пайдаланылған тонер ыдысы, бейнелеу құрылғысы) үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жабдықты тастау кезінде тастау бойынша нұсқауларды орындаңыз. Тастау бойынша нұсқауларды алу үшін делдалға хабарласыңыз. • Жабдықты жумаңыз. • Пайдаланылған тонер ыдысы үшін, ыдысты босатқаннан кейін оны қайта пайдаланбаңыз. <p>Егер жоғарыдағы нұсқаулар орындалмаса, құрылғы дұрыс жұмыс істемеуі және қоршаған орта ластануы мүмкін. Кепілдік пайдаланушының абайсыздығынан туындаған зақымдарды қамтымайды.</p>
	<p>Тонер киімге тигенде, оны жуу үшін ыстық суды пайдаланбаңыз. Ыстық су тонерді талшыққа сіңдіріп жібереді. Салқын суды пайдаланыңыз.</p>
	<p>Тонер картриджін толтырғанда немесе кептелген қағазды алып тастағанда, тонер шаңын денеге немесе киімге тигізбеңіз.</p> <p>Тонер шаңы тыныс алғанда немесе жұтылған жағдайда қауіпті болуы мүмкін.</p>

Құрылғыға жалпы шолу

Құрамдастар

Іс жүзіндегі құрамдас төмендегі суреттен басқаша болуы мүмкін. Конфигурацияға байланысты кейбір құрамдастар өзгеруі мүмкін.

	Құрылғы ^a
	Қысқа орнату нұсқаулығы
	Бағдарламалық жасақтама ықшам дискісі ^b
	Қуат сымы
	Әр түрлі керек-жарақтар ^c

a. Құрылғы үлгіңізге қарай бұл сурет өзгеше болуы мүмкін. Құрылғының көп түрлері бар.


b. Бағдарлама ықшам дискісі басып шығару драйверлерін, пайдаланушы нұсқаулығын және бағдарламаларды қамтиды.

c. Машинада болатын әр түрлі керек-жарақтар сатып алған елге және нақты модельге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

Алдыңғы көрінісі



- Құрылғы үлгіңізге қарай бұл сурет өзгеше болуы мүмкін. Құрылғының көп түрлері бар.
- Модельге немесе елге байланысты кейбір мүмкіндіктер және қосымшалар қол жетімді болмауы мүмкін (5-беттегі "Үлгілер бойынша мүмкіндіктер" бөлімін қараңыз).



1	Шығыс тіреу науасы	10	Көп мақсатты науа
2	Шығыс науасы	11	Алдыңғы қақпақ
3	Басқару панелі	12	Алдыңғы қақпақ түймесінің басылып, босатылуы
4	Басқару тақтасының қақпағы	13	Тонер картридждері
5	USB жадының порты	14	Тонер катриджінің тұтқасы
6	Лоток 1	15	Ортаңғы тасымалдау белдігі (ОТБ)
7	Тіреуіш ^а	16	Көп мақсатты науадағы қағаз енінің бағыттауыштары
8	Қосымша науа ^б	17	Көп мақсатты демеуіш науасы
9	Көп мақсатты науаны басып/жіберіңіз.		


а.Қосымша құрылғы.

б.Қажет болған жағдайда, қосымша науаны орнатыңыз.

Артқы көрінісі



- Құрылғы үлгіңізге қарай бұл сурет өзгеше болуы мүмкін. Құрылғының көп түрлері бар.
- Модельге немесе елге байланысты кейбір мүмкіндіктер және қосымшалар қол жетімді болмауы мүмкін (5-беттегі "Үлгілер бойынша мүмкіндіктер" бөлімін қараңыз).




1	Артқы қақпақ тұтқасы
2	Артқы қақпақ
3	Пайдаланылған тонер контейнері
4	Электрлік дәнекер
5	USB жадының порты
6	USB порты
7	Желі порты






Басқару панеліне жалпы шолу



- Бұл басқару панелі моделіне байланысты әр түрлі болуы мүмкін. Басқару тақталарының әр түрлі түрлері бар.
- Модельге немесе елге байланысты кейбір мүмкіндіктер және қосымшалар қол жетімді болмауы мүмкін (5-беттегі "Үлгілер бойынша мүмкіндіктер" бөлімін қараңыз).



1	Дисплей экраны	Ағымдағы күйді көрсетіп, жұмыс кезінде ұсыныстар жасайды.
2	Тонер түстері	Әр тонер катриджінің күйін көрсетеді (83-беттегі "Тонерге қатысты хабарлар" бөлімін қараңыз).
3	Меню	«Menu» мәзіріне кіреді және қол жетімді мәзірлерде жылжиды (25-беттегі "Мәзірге қатынасу" бөлімін қараңыз).
4	Тілше	Келесі немесе алдыңғы параметрлерге жылжу арқылы бар мәндерді шарлау.
5	OK	Экрандағы таңдауды растайды.

6	Обр. Сторона		Жоғарғы мәзір деңгейіне қайтарады.
7	Отмена		Ағымдағы тапсырманы тоқтатады.
8	Питание/Пробуждение		Осы түйме көмегімен қуатты қосуға және өшіруге болады. Не қуатты үнемдеу режимінен шығуға болады.
9	Состояние LED		Құрылғының күйін көрсетеді (80-беттегі "Жарық диодты экран күйін түсіну" бөлімін қараңыз).
10	Тест. страница		Демонстрациялық бетті осы түймені басу арқылы ғана басып шығарады.
11	Эко		Тонерді тұтынуды және қағазды пайдалануды азайту үшін үнемдеу режимін қосыңыз (45-беттегі "Үнемді басып шығару" бөлімін қараңыз).
12	Сандық пернетақта		Пернетақтаны сандарды және таңбаларды енгізу үшін пайдаланыңыз (188-беттегі "Пернетақтадағы әріптер мен сандар" қараңыз).

Құрылғыны қосу




Пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер параметрлеріне немесе моделіне байланысты сіздің құрылғыңыздағыдан басқаша болуы мүмкін. Құрылғының түрін тексеріңіз (16-беттегі "Алдыңғы көрінісі" бөлімін қараңыз).



- Құрылғымен бірге жеткізілген қуат сымын пайдалану қажеттігін есте сақтаңыз. Әйтпесе, бұл құрылғыға зақым келтіріп, өртке әкелуі мүмкін.
- Құрылғының ішіндегі кейбір бөлшектер қуат қосулы кезде немесе басып шығарғаннан кейін қызуы мүмкін. Құрылғының ішкі жағында жұмыс істеу кезінде күйіп қалмаңыз.
- Құрылғы іске қосулы немесе розеткаға қосулы кезде оны бөлшектемеңіз. Олай жасау электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.

1 Алдымен машинаны электр көзіне қосыңыз.



2 Қуат автоматты түрде өшеді.



Егер қуатты ажыратқыңыз келсе,  (Питание/Пробуждение) түймесін басыңыз.

Бағдарламалық жасақтаманы орнату

Құрылғыны орнатып, компьютерге қосқаннан кейін принтер бағдарламалық жасақтамасын орнатуыңыз керек. Егер сіз Windows пайдаланушысы болсаңыз, берілген CD дискісінен бағдарламалық жасақтаманы орнатыңыз, ал егер де Mac, Linux немесе UNIX OS пайдаланушысы болсаңыз, бағдарламалық жасақтаманы Samsung веб сайтынан жүктеп алып, орнатыңыз (<http://www.samsung.com> > өніміңізді тауып алыңыз > Қолдау көрсету немесе Жүктеп алынатын материалдар немесе <http://www.samsung.com/printersetup> сілтемесіне өтіңіз). Орнату алдында компьютердің операциялық жүйесі бағдарламалық жасақтаманы қолдайтынын тексеріңіз.



- Егер сіз Mac, Linux немесе UNIX операциялық жүйелерін пайдаланатын болсаңыз, Samsung вебсайтынан Пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Осы Пайдаланушы нұсқаулығындағы орнату терезесі құрылғы мен қолданылып жатқан интерфейске байланысты әртүрлі болуы мүмкін.
- Тек 3 метрден аспайтын USB кабельді пайдаланыңыз.

Берілген бағдарламалық жасақтама

Жаңа операциялық жүйе және т.б. шығуына байланысты принтердің бағдарламалық жасақтамасы абайсызда жаңартылды. Қажет болса, ең соңғы нұсқасын Samsung вебсайтынан алыңыз.

Бағдарламалық жасақтама	Windows	Mac ^a	Linux ^a	UNIX ^a
SPL принтер драйвері	•	•	•	
PCL принтер драйвері	•	•		•
PS принтер драйвері ^a	•	•	•	•
XPS принтер драйвері ^a	•			
Direct Printing Utility ^a	•			
SetIP ^a	•	•	•	
Easy Capture Manager	•	•		
Samsung Easy Printer Manager	•	•		
Samsung Eco Driver Pack ^b	•			
Samsung Пакет драйверов для стильного интерфейса ^c	•			
Samsung Printer Center	•			
Состояние принтера Samsung	•			

a. Бағдарламалық жасақтаманы Samsung вебсайтынан жүктеп алып, орнатыңыз (<http://www.samsung.com> > өніміңізді тауып алыңыз > Қолдау көрсету және жүктеп алуға болатын файлдарды ашыңыз немесе <http://www.samsung.com/printersetup> сілтемесіне өтіңіз). Орнату алдында компьютердің операциялық жүйесі бағдарламалық жасақтаманы қолдайтынын тексеріңіз.

b. Easy Eco Driver мүмкіндіктерін пайдалану үшін, **Eco Driver Pack** орнатылуы керек.

c. Принтер драйвері сенсорлық экрандар үшін оңтайландырылған пайдаланушы интерфейсін қамтиды. Осы пайдаланушы интерфейсін пайдалану үшін, **Samsung Printer Center** > **Параметры устройства** түймесін басып, содан кейін **Стильный пользовательский интерфейс** пәрменін таңдаңыз (209-беттері "Samsung Printer Center пайдалану" қараңыз).

Windows жүйесіне орнату

- 1 Құрылғы компьютерге қосылып, қуат көзіне қосылғанын тексеріңіз.
- 2 Қос берілген бағдарламалық жасақтама ықшам дискісін CD-ROM дискжетекке енгізіңіз.



Егер орнату терезесі көрсетілмесе, **Бастау** > **Барлық бағдарламаларда** > **Қалыпталған** > **Іске қосу** нұқыңыз.

X:\Setup.exe деп “X” әрпінің орнына дискіенгізгінің әрпін теріп **OK** түймесін басыңыз.

- Windows 8 жүйесі үшін

Егер орнату терезесі көрсетілмесе, **Charms(Charms)** бөлімінен **Іздеу** > **Apps(Apps)** таңдап, **Іске қосу** пәрменін іздеңіз. X:\Setup.exe деп «X» әрпінің орнына CD-ROM жетегінің әрпін теріп, **OK** түймесін басыңыз.

Егер “**Осы дискпен әрекетті таңдау үшін түрту.**” қалқымалы терезесі пайда болса, терезені басыңыз және **Run Setup.exe** жолын басыңыз.

- Windows 10 / Windows Server 2016 жүйесі үшін

Егер орнату терезесі шықпаса, тапсырмалар жолағындағы **Іздеу** енгізу аймағында X:\Setup.exe деп теріңіз, “X” әрпінің орнына ықшам диск жетегін білдіретін әріпті жазыңыз және Enter пернесін басыңыз.

- 3 Орнату терезесіндегі орнату келісім-шарттарын қараңыз және қабылдаңыз, содан кейін **Далее** түймесін басыңыз.
- 4 **Тип настройки принтера** экранында теретін сөзді таңдап, **Далее** түймесін басыңыз.
- 5 Орнату терезесіндегі нұсқауларды орындаңыз.

Windows 8 Бастау экранынан




- Егер компьютер Интернетке қосылған болса, V4 драйвері Windows Update торабынан автоматты түрде жүктеледі. Не болмаса, V4 жетегін Samsung веб сайтынан жүктеп алуыңызға болады, www.samsung.com > өніміңізді тауып алыңыз > Қолдау көрсету немесе жүктеп алуға болатын файлдарды таңдаңыз.
- Samsung Printer Experience қолданбасын Windows Store қызметінен жүктей аласыз. WindowsStore(Қоймалар) қызметін пайдалану үшін сізде Microsoft тіркелгісі болуы керек.
 1. **Charms(Charms)** бөлімінен **Іздеу** таңдаңыз.
 2. **Store(Қоймалар)** түймесін басыңыз.
 3. **Samsung Printer Experience** бағдарламасын іздеп, басыңыз.
 4. **Установить** түймесін басыңыз.
- Егер драйверді берілген бағдарламалық жасақтама ықшам дискісін пайдалану арқылы орнатсаңыз, V4 драйвері орнатылмайды. Егер сіз V4 драйверін **Жұмыс үстелі** экранында пайдаланғыңыз келсе, Samsung веб-торабынан жүктеуіңізге болады, www.samsung.com > өніміңізді табыңыз > Қолдау немесе жүктеулер.
- Егер Samsung принтерінің басқару құралдарын орнатқыңыз келсе, оларды берілген бағдарламалық жасақтама ықшам дискісін пайдаланып орнатуыңыз қажет.

-
- 1 Компьютеріңіздің Интернетке және қуат көзіне қосылғанына көз жеткізіңіз.
 - 2 Құрылғының қуат көзіне қосылғанына көз жеткізіңіз.
 - 3 Компьютер мен құрылғыны USB кабелі арқылы қосыңыз.
Драйвер **Windows Update** торабынан автоматты түрде орнатылады.



Егер принтер драйвері дұрыс жұмыс істемесе, драйверді қайта орнату үшін төмендегі қадамдарды орнатыңыз.

Бастау мәзірінен **Бағдарламалар** немесе **Барлық бағдарламаларда** > **Samsung Printers** > **Удаление ПО принтера Samsung** түймесін таңдаңыз.

- Windows 8 жүйесінде
 1. Charms бөлімінен **Іздеу** > **Apps(Apps)** тармағын таңдаңыз.
 2. **Басқару тақтасы** тармағын іздеп, басыңыз.
 3. **Бағдарламалар мен мүмкіндіктер** басыңыз.
 4. Жойғыңыз келетін драйвердің үстінен оң жақ батырманы басып, **Жою:** тармағын таңдаңыз.
- Windows 10 / Windows Server 2016 жүйесі үшін
 1. Тапсырмалар жолағындағы **Іздеу** енгізу өрісінде **Бағдарламалар мен мүмкіндіктер** сөзін теріңіз. Enter пернесін басыңыз.
НЕМЕСЕ
Бастау () белгішесінен **Барлық қолданбалар** > **Іздеу** > **Бағдарламалар мен мүмкіндіктер** тармағын теріңіз.
 2. Жойғыңыз келетін драйвердің үстінен оң жақ батырманы басып, **Жою** тармағын таңдаңыз.

Мәзірді шолу және негізгі параметрлерді орнату

Бұл тарауда жалпы мәзір құрылымы және негізгі теңшеу параметрлері туралы ақпарат берілген.

• Мәзірді шолу	25
• Құрылғының негізгі параметрлері	28
• Баспа құралы және науа	29
• Негізгі басып шығару	40
• USB жад құрылғысын қолдану	47



Мәзірді шолу

Басқару тақтасы құрылғы параметрлерін орнату немесе құрылғы функцияларын пайдалану үшін түрлі мәзірлерді ашуға мүмкіндік береді.



- Параметрлерге немесе модельдерге байланысты дисплейде кейбір мәзірлер пайда болмауы мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді.
 - Машинаңыздың параметрлеріне немесе моделіне байланысты кейбір мәзір атаулары басқа болуы мүмкін.
 - Мәзірлер кеңейтілген нұсқаулықта сипатталған (168-беттегі "Пайдалы параметр мәзірлері" бөлімін қараңыз).
-

Мәзірге қатынасу

- 1 Басқару тақтасында  (**Меню**) түймесін басыңыз.
- 2 Қажет мәзір элементі шыққанша көрсеткілерді басыңыз және **OK** түймесін басыңыз.
- 3 Егер параметр элементінде ішкі мәзірлер бар болса, 2-қадамды қайталаңыз.
- 4 Таңдалған параметрді сақтау үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 5 Дайын режиміне оралу үшін  (**Отмена**) түймесін басыңыз.

Информация (170-беттегі "Информация"қараңыз)	Макет (171-беттегі "Макет"қараңыз)	Бумага (173-беттегі "Бумага"қараңыз)
Структура меню Конфигурация Расх. материал Тест. страница Шрифт PCL Шрифт PS Счетчик испол. Учетная запись ^а Конфигур. сети	Ориентация Книжная Альбомная Поле Общее поле МЦ-лоток Лоток 1 Лоток 2 ^б Лоток 3 ^б Лоток 4 ^б Поле эмуляц. Двусторонняя	Копии МЦ-лоток Лоток 1 Лоток 2 ^б Лоток 3 ^б Лоток 4 ^б Источн. бумаги Лоток 1 Лоток 2 ^б Лоток 3 ^б Лоток 4 ^б МЦ-лоток Авто

а.Бұл пайдалану үшін тек SyncThru™ Web Admin Service бағдарламасында тапсырмаларды бақылау қосылғанда ғана қол жетімді болады.

б.Қосымша науа орнатылған кезде параметр қолжетімді болады.

Графика (174-беттегі "Графика"қараңыз)	Настр. сист. (175-беттегі "Настр. сист."қараңыз)	
Разрешение Очистить текст Усил. конт. Автом. CR Экран Красковоспр.	Дата и время Режим часов Язык Энергосбереж. Соб. пробужд. Вр.ожид.задан. Бумага по ум. Над уров. моря Влажность Автопродолж. Автосм. лот. Замена бумаги Защ. лотка Режим лотка Пр. пуст. стр.	Обслуживание Уд.сообщ.тон. ^а Срок службы Мастер изобр. Заканч. тонер Электрон. диск Эконом. тонера Параметры эко Тих. режим Р.укл.в стопку Интеллектуальная двусторонняя печать Режим испар. Автовыкл. пит.

а.Картридже тонердің аз мөлшері қалған кезде бұл параметр пайда болуы мүмкін.

Эмуляция (179-беттегі "Эмуляция"қараңыз)	Мастер изобр. (180-беттегі "Мастер изобр."қараңыз)	Сеть (181-беттегі "Сеть"қараңыз)	
Тип эмуляции Настройка	Выбор цвета По умолчанию Плотн. печати Автоподбор цветов Регул. тона Авторег. тона	TCP/IP (IPv4) DHCP BOOTP Статический TCP/IP (IPv6) Протокол IPv6 Конфиг. DHCPv6 Ethernet Порт Ethernet Скор. Ethernet 802.1x	Wi-Fi ^a ВКЛ/ВЫКЛ Wi-Fi Парам. Wi-Fi WPS Wi-Fi Direct Сигнал Wi-Fi Сброс Wi-Fi Мастер проток. NFC ^a Конфигур. сети Сброс настр.

а.Бұл параметр қосымша Wi-Fi/NFC жинағы орнатылған кезде қолжетімді.

Управление USB ^a (183-беттегі "Управление USB"қараңыз)	Управ. задан. ^b (184-беттегі "Управ. задан."қараңыз)	PrinterOn ^c (185-беттегі "PrinterOn"қараңыз)
Печать из Управ. файлами Провер. место	Текущее задан. Защищ. задание Сохран.задан. Политика файлов	

а.Бұл параметр құрылғыдағы USB жад портына USB жады енгізілгенде қолжетімді.

б.Бұл параметр электрондық диск тексерілген кезде қолжетімді.

с.Бұл **PrinterOn** қызметі SyncThru™ Web Service жүйесінде іске қосылған кезде қолжетімді (163-беттегі "Принтеріңізді PrinterOn қызметіне тіркеу"қараңыз). Осы мәзірде көрінетін ішкі мәзірлер құрылғының **PrinterOn** серверіне қосылған-қосылмағанына байланысты әртүрлі болуы мүмкін

Құрылғының негізгі параметрлері



Құрылғыдағы құрылғы параметрінің жинағын Samsung Easy Printer Manager бағдарламасынан немесе SyncThru™ Web Service қызметінен өзгертуге болады.



- Егер құрылғыңыз жергілікті желіге қосылған болса, құрылғы параметрін **Samsung Easy Printer Manager > Дополнительно > Параметры устройств** мәзірінен орната аласыз (214-беттегі "Samsung Easy Printer Manager бағдарламасын пайдалану" қараңыз).
- Егер құрылғы желіге қосылған болса, құрылғы параметрлерін **SyncThru™ Web Service > Настройки** қойындысы > **Параметры устройства** терезесінде орнатуға болады (204-беттегі "SyncThru™ Web Service" қараңыз).

Орнату аяқталғаннан кейін құрылғының әдепкі параметрлерін орнатқыңыз келуі мүмкін.

Құрылғының әдепкі параметрлерін өзгерту үшін мына қадамдарды орындаңыз:



Кейбір модельдерде төменірек деңгейдегі мәзірлерге өту үшін **OK** түймесін басы қажет болуы мүмкін.

- 1 Басқару тақтасында  (**Меню**) түймесін басыңыз.
- 2 **Настр. сист.** басыңыз.
- 3 Қажетті параметрді (тіл, күн мен уақыт, сағат режимі, қуатты үнемдеу, биіктікті реттеу, т.б.) таңдаңыз, содан кейін **OK** түймесін басыңыз.
- 4 Қажетті қосымша параметрді таңдаңыз да **OK** түймесін басыңыз.
- 5 Таңдалған параметрді сақтау үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 6 Дайын режиміне оралу үшін  (**Отмена**) түймесін басыңыз.



Осы құрылғыны пайдаланғанда қолайлы басқа параметрлерді орнату үшін төмендегі сілтемелерді қараңыз.

- 38-беттегі "Қағаз өлшемі мен түрін орнату" қараңыз.
 - 188-беттегі "Пернетақтадағы әріптер мен сандар" қараңыз.
-

Баспа құралы және науа

Бұл тарауда құрылғыға баспа құралын салу әдісі туралы ақпарат беріледі.

Баспа құралын таңдау

Тегіс қағаз, конверттер және жапсырмалар сияқты әртүрлі баспа құралында басып шығаруға болады. Әрқашан құрылғымен бірге пайдалануға арналған нұсқаулыққа сәйкес келетін басып шығару материалын пайдаланыңыз.

Баспа материалдарын таңдауға арналған нұсқаулық

Пайдаланушы нұсқаулығындағы нұсқауларға сәйкес келмейтін баспа құралдар мына ақауларға алып келеді:

- Баспа сапасының нашар болуы
- Парақтың көп кептелуі
- Құрылғының мерзімінен бұрын істен шығуы.

Салмақ, құрамы, бұдырлығы және ылғалдылық сияқты факторлар құрылғының жұмысына және басып шығарылатын беттің сапасына әсер етеді. Баспа материалдарын таңдаған кезде мыналарды ескеріңіз:

- Құрылғыға салынатын баспа материалдарының түрі, өлшемі және салмағы баспа материалдарының техникалық сипаттамасында берілген (109-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).
- Ойдағыдай шығу: Таңдайтын баспа материалы жобаңызға сәйкес болады.
- Жарықтық: Кейбір баспа материалдары басқаларға қарағанда ақшылдау және анық, шынайы суреттер шығарады.
- Бет тегістігі: Баспа құралының тегістігі қағаздағы бұдырлықтың көруіне әсер етеді.



- Кейбір баспа құралдары осы пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес келеді, бірақ ойдағыдай нәтиже бермейді. Бұл қағаз сипаттарының, дұрыс пайдаланбаудың, қолайсыз температураның немесе ылғалдылық деңгейлерінің нәтижесінен болуы мүмкін.
 - Көп көлемдегі баспа құралдарын сатып алмастан бұрын, оның пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген шығыс талаптарға сәйкес келетінін тексеріңіз.
-




- Осы сипаттамаларға сәйкес келмейтін баспа құралдарын пайдалану ақаулар тудыруы не жөндеуді қажет етуі мүмкін. Мұндай жөндеу жұмыстары Samsung кепілдігінде немесе қызмет көрсету жөніндегі келісімшарттарында қамтылмайды.
- Науаға салынатын қағаз көлемі пайдаланылатын баспа құралының түріне байланысты әртүрлі болады (109-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).
- Сиялы фотоқағазды осы құрылғымен пайдаланбаңыз. Бұл құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- Өртенгіш баспа құралын пайдалану өрт тудыруы мүмкін.
- Белгіленген баспа құралын пайдаланыңыз (109-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).



Принтерде қалып қойған өртенгіш баспа құралы мен басқа заттарды пайдалану, құрылғының қызып кетуіне әкеледі және өртену сирек кездеседі.

Науаға салынатын қағаз көлемі пайдаланылатын баспа құралының түріне байланысты әртүрлі болады (109-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).

Науаны шолу



1. Науаны кеңейтетін тетік
2. Парақ ұзындығын реттеуіш
3. Парақ енін реттеуіш
4. Қағаз шектеуі белгісі



Бағыттауышты лайықтамасаңыз, қағаз тұрып қалуы, сурет қисаюы немесе қағаз кептелуі мүмкін.


Науа өлшемін өзгерту

Өлшемді өзгерту үшін қағаз реттейтін тетікті реттеуіңіз керек.


A4 немесе Letter өлшеміне өзгерту

Еліңізге байланысты науа Letter немесе A4 өлшеміне алдын ала қойылған. Тетікті және қағаз енін реттейтін тетікті дұрыс реттеу қажет.

- 1 Науаны құрылғы сыртына шығарыңыз. Қажет болса, қағазды науадан шығарыңыз.
- 2 Стандартты өлшемге өзгерткіңіз келсе, тетікті науаның артында ұстап тұрып, тетікті сағат бағытымен бұраңыз.




- 3 Қағаз енін реттейтін тетікті қысып, тетіктің шетіне қарай сырғытыңыз.



Өлшемді A4 қылғыңыз келсе, бірінші, қағаз енін реттейтін тетікті солға жылжытып, тетікті сағат бағытына қарсы бұраңыз. Тетікке күш салсаңыз, ол науаны зақымдауы мүмкін.

Legal (LGL) өлшемді қағаздарға өзгерту

Түймені көрсетілгендей басып, науаны тартып алыңыз.



Науаға қағаз салу



Пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер параметрлеріне немесе моделіне байланысты сіздің құрылғыңыздағыдан басқаша болуы мүмкін. Құрылғының түрін тексеріңіз (16-беттегі "Алдыңғы көрінісі" бөлімін қараңыз).

1-науа / қосымша науа




- Процедура барлық қосымша науалар үшін бірдей.
- Баспа құқұралын шығарып жібергенше қағаз енін реттейтін тетікті әәрі ққарай ққатты итермеңңіз.
- Қағаз ені бағғыттауышын лайықтамасаңғңңыз, қағаз кептелулері болуы мүүүмкін.



- Басындағғғы жиегінде оралу бар қағғазды пайдаланбаңңыз, ол қағаз кептелісін тудыруы мүүүмкін немесе қағаз бүгілуі мүүүмкін.





Құжатты басып шығарғанда, науа үшін қағаз түрі мен өлшемін орнатыңыз (38-беттегі "Қағаз өлшемі мен түрін орнату" бөлімін қараңыз).

Көп мақсатты науа

Көп мақсатты науаға ашық хаттар, жазбалар кәртішкелері және хатқалталар сияқты арнайы өлшемдері және түрлері бар басып шығару материалын салуға болады (109-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).



Көп мақсатты науаны пайдалану бойынша кеңестер

- Көп мақсатты науаға бір уақытта тек бір түрдегі, өлшемдегі және салмақтағы баспа құралын жүктеңіз.

- Қағаз кептелістерін болдырмау үшін қағазды басып шығарғанда, көп мақсатты науада әлі қағаз болғанда қоспаңыз. Бұл - баспа құралының басқа түрлеріне де қолданылады.
- Қағаз кептелістерін болдырмау үшін, басып шығару барысында қағаз науасын көп мақсатты науадан шығармаңыз, әйтпесе басып шығару тоқтатылады. Қағаз науасы енгізіліп тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Қағаздардың кептелуі мен баспа сапасының ақауларын болдырмау үшін пайдалануға көрсетілген баспа құралын салыңыз (109-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" қараңыз).
- Көп мақсатты науаға салу алдында барлық оралған ашық хаттарды, хатқалталарды және жапсырмаларды тегістеңіз.




- Арнайы баспа құралын басып шығарған кезде салу нұсқаулығын орындау қажет (35-беттегі "Арнайы баспа құралын басып шығару" қараңыз).
- Көп мақсатты науасын пайдаланып басып шығарғанда қағаздар қабаттасса, 1-науасын ашыңыз және қабаттасатын қағаздарды алыңыз, содан кейін басып шығару әрекетін қайталаңыз.



Құжатты басып шығарғанда, көп мақсатты науаға қағаздың түрін және өлшемін орнатыңыз. Басқару панелінде қағаздың түрі мен өлшемін орнату туралы ақпарат алу үшін (38-беттегі "Қағаз өлшемі мен түрін орнату" қараңыз).

Арнайы баспа құралын басып шығару

Құрылғыдағы қағаз параметрі және драйвері қағаз сәйкес еместігі туралы қатесіз басып шығаруға сәйкес болуы тиіс.

- Құрылғыдағы қағаз параметрін Samsung Easy Printer Manager бағдарламасынан немесе SyncThru™ Web қызметінен өзгертіңіз.
 - Егер құрылғыңыз жергілікті желіге қосылған болса, құрылғы параметрін **Samsung Easy Printer Manager > Дополнительно > Параметры устройств** мәзірінен орната аласыз (214-беттегі "Samsung Easy Printer Manager бағдарламасын пайдалану"қараңыз).
 - Егер құрылғы желіге қосылған болса, құрылғы параметрлерін **SyncThru™ Web Service > Настройки** қойындысы > **Параметры устройства** терезесінде орнатуға болады (204-беттегі "SyncThru™ Web Service"қараңыз).
- Құрылғыдағы қағаз параметрін басқару тақтасын пайдаланып өзгертіңіз.
 - Басқару тақтасында  (Меню) > **Настр. сист.** > **Настр. бумаги** > **Размер бумаги** немесе **Тип бумаги** тармағына өтіңіз.
- Құрылғыдағы қағаз параметрін принтер драйверін пайдаланып өзгертуге болады.
 - Қағаз түрін **Басып шығару теңшелімдері** терезесінің > **Бумага** қойындысында > **Тип бумаги** тармағында орнатыңыз (42-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу"қараңыз).



- Арнайы материалды пайдаланғанда, бір уақытта бір қағазды беру ұсынылады (109-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары"бөлімін қараңыз).
- Пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер параметрлеріне немесе моделіне байланысты сіздің құрылғыңыздағыдан басқаша болуы мүмкін. Құрылғының түрін тексеріңіз (16-беттегі "Алдыңғы көрінісі"бөлімін қараңыз).

Әр парақтың қағаз өлшемін көру үшін 109-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары"бөлімін қараңыз.


Түрлері	1-науа	Қосымша науа	Көп мақсатты науа
обычная	•	•	•
плотная бумага	•	•	•
Ауыр салмақ	•	•	•
Өте ауыр салмақ	•		•
тонкая бумага	•	•	•
хлопковая	•	•	•
Цвет	•	•	•
форма	•	•	•
вторичная бумага	•	•	•
Конверт	•		•
Қалың конверттер	•		•
наклейки	•		•
Картон	•	•	•
высокосортная бумага	•	•	•
архив.	•	•	•
Фирменный бланк	•	•	•
Перфорированная	•	•	•
Жалтыр фотосурет	•		•

(•: қолдайды, бос: Қолдамайды)

Конверт

Хатқалталарда сәтті басып шығару хатқалталардың сапасына байланысты.

Хатқалтаны басып шығару үшін оны төмнедегі суретте көрсетілгендей қойыңыз.



- Конвертттерді таңдағанда мына факторларды ескеріңіз:
 - **Салмағы:** 90 г/м² аспауы керек, әйтпесе, кептелістер орын алуы мүмкін.
 - **Құрылымы:** тегіс, оралуы 6 мм-ден аз болуы және ауа болмауы керек.
 - **Күйі:** бүгілген, кесілген немесе зақымдалған болмауы керек.
 - **Температура:** жұмыс істеген кезінде машинаның ыстығына және қысымына шыдауы керек.
- Тек жақсы жасалған, өткір және жақсы бүгілген хатқалталарды пайдаланыңыз.
- Мөр басылған конвертттерді пайдаланбаңыз.
- Қыстырмалары, тесіктері, қаптамалары, жапсырмалары немесе басқа синтетикалық материалдары бар конвертттерді пайдаланбаңыз.
- Бүлінген немесе нашар жасалған конвертттерді пайдаланбаңыз.
- Конвертттің екі жағындағы тігістің бұрыштарына дейін жеткенін тексеріңіз.




1. Жарайды

2. Жарамайды

- Алынатын жабысқақ таспасы бар немесе бірнеше жабысатын бөлігі бар хатқалталарда машинаның термофиксация температурасына, шамамен 170 °C (338 °F) 0,1 секунд шыдайтын желімді пайдалану керек. Артық қыстырмалар қыртысталуға, кептелуге немесе термификсатордың зақымдалуына себеп болуы мүмкін.
- Ең жақсы басып шығару сапасын алу үшін шеттерді хатқалтаның жиектеріне 15 мм-ден жақындатпай орнатыңыз.
- Конвертттердің тігістері сәйкес келетін жерлерінің басып шығарылуына жол бермеңіз.


Жапсырмалар

Машинаны зақымдауды болдырмау үшін тек лазерлік принтерлерде пайдалануға арналған белгілерді пайдаланыңыз.



- Жапсырмаларды таңдағанда мына факторларды ескеріңіз:
 - **Жабысқыш материалдар:** Құрылғының шамамен алынған 170 °C (338 °F) термофиксация температурасында тұрақты болуы керек.
 - **Орналасуы:** Арасында қалмаған жапсырмаларды ған апайдаланыңыз. Жапсырмалар арасында бос орындары болатын парақтарды алуы мүмкін, ол кептелуге алып келеді.
 - **Майысу:** Кез келген бағытта 13 мм-ден аспайтын оралумен тегіс жатуы керек.
 - **Күйі:** Қыртыстары, ауасы бар немесе ажыраудың басқа белгілері бар жапсырмаларды пайдаланбаңыз.
- Жапсырмалардың арасында жабысқыш материалдардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Желім тиген жерлердің әсерінен басып шығару кезінде жапсырмалар алынып қалады және соның салдарынан парақ кептеледі. Желімнің жағылуы құрылғы бөлшектерінің зақымдалуына алып келеді.
- Жапсырмаларды құрылғыдан бірнеше рет өткізбеңіз. Жабысқыш қабат құрылғыдан бір рет қана өту үшін жасалған.
- Жабысқыш қабаттан ажырап тұрған немесе қыртысталған, ауа кірген немесе бүлінген жапсырмаларды пайдаланбаңыз.


Карта бумасы/Өлшемі белгіленетін қағаз



- Бағдарламалық құралда бет шеттерін материалдың жиектерінен кем дегенде 6,4 мм (0,25 дюйм) қашықтыққа қойыңыз.

Алдын ала басып шығарылған қағаз

Алдын ала басып шығарылған қағазды басып шығарғанда, басып шығарылатын жағы жоғарыға қарауы, майыспаған жиегі алдында болуы керек. Қағазды беру мәселелері болса, қағазды айналдырыңыз. Басып шығару сапасына кепілдік берілмейтінін ескеріңіз.




- Машинаның термофиксация температурасына 0,1 секундқа шамамен 170 °C (338 °F) түскенде ерімейтін, буланбайтын немесе қауіпті заттарды шығармайтын қыздыруға төзімді сиямен басып шығарылуы керек.
- Қайта басып шығарылатын қағаз сиясы өртенбейтін және құрылғының роликтеріне кері әсер етпеуі керек.
- Алдын ала басып шығарылған қағазды салу алыдна қағаздағы сияның құрғақ екенін тексеріңіз. Еріту кезінде ылғал сия баспаның сапасын нашарлатып алдын ала басып шығарылған қағаздан ажырауы мүмкін.

Қағаз өлшемі мен түрін орнату

Қағазды қағаз науасына салғаннан кейін қағаздың өлшемі мен түрін орнатыңыз.

Құрылғыдағы қағаз параметрі және драйвері қағаз сәйкес еместігі туралы қатесіз басып шығаруға сәйкес болуы тиіс.

- Құрылғыдағы қағаз параметрін Samsung Easy Printer Manager бағдарламасынан немесе SyncThru™ Web қызметінен өзгертіңіз.
 - Егер құрылғыңыз жергілікті желіге қосылған болса, құрылғы параметрін **Samsung Easy Printer Manager > Дополнительно > Параметры устройств** мәзірінен орната аласыз (214-беттегі "Samsung Easy Printer Manager бағдарламасын пайдалану" қараңыз).
 - Егер құрылғы желіге қосылған болса, құрылғы параметрлерін **SyncThru™ Web Service > Настройки** қойындысы > **Параметры устройства** терезесінде орнатуға болады (204-беттегі "SyncThru™ Web Service" қараңыз).
- Құрылғыдағы қағаз параметрін басқару тақтасын пайдаланып өзгертіңіз.
 - Басқару тақтасында  (Меню) > **Настр. сист.** > **Настр. бумаги** > **Размер бумаги** немесе **Тип бумаги** тармағына өтіңіз.




Төлем құжаты сияқты арнайы өлшемді қағазды пайдалану керек болса, **Бумага қойындысы > Размер > Правка...** тармағын таңдап, **Пар. нестандарт. разм. бум.** ішінде **Басып шығару теңшелімдері** орнатыңыз (42-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" қараңыз).

Шығыс тірегін қолдану



Бір уақытта беттердің көп мөлшерін басып шығарсаңыз, шығу науасының беті ыстық болып кетуі мүмкін. Науаның бетін ұстамауды және оған балаларды жақын жібермеуді қадағалаңыз.

Басып шығарылған беттер шығу тірегінде жайылады және шығу тірегі басып шығарылған беттердің сәйкестенуіне көмектеседі. Шығыс тірегін жайыңыз.



Пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер параметрлеріне немесе моделіне байланысты сіздің құрылғыңыздағыдан басқаша болуы мүмкін. Құрылғының түрін тексеріңіз (16-беттегі "Алдыңғы көрінісі" бөлімін қараңыз).

Негізгі басып шығару



Арнайы басып шығару мүмкіндіктерін кеңейтілген нұсқаулықта қараңыз (192-беттегі "Кеңейтілген басып шығару мүмкіндіктерін пайдалану" бөлімін қараңыз).


Басып шығару



Егер сіз Mac, Linux немесе UNIX операциялық жүйелерінің бірін пайдалансаңыз, Samsung веб-сайтындағы Пайдаланушы нұсқалығы құжатын қараңыз, ол <http://www.samsung.com> > өніміңізді табыңыз > Қолдау көрсету немесе Жүктеп алуға болатын құжаттар бөлімінде орналасқан.

Келесі **Басып шығару теңшелімдері** терезесі Windows 7 жүйесіндегі Notepad бағдраламасына арналған.

- 1 Басып шығару керек құжатты ашыңыз.
- 2 **Файл** мәзірінен **Басып шығару** пәрменін таңдаңыз.
- 3 **Басып шығарғытшы таңдаңыз** тізімінде құрылғыны таңдаңыз.



- 4 Негізгі басып шығару параметрлері, соның ішінде көшірме саны және басып шығару ауқымы **Басып шығару** терезесінде таңдалады.





Keңейтілген басып шығару мүмкіндіктерінің артықшылығын пайдалану үшін **Сипаттар** түймешігін нұқыңыз немесе **Басып шығару** терезесінде **Басып шығару** пәрменін таңдаңыз (42-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).

- 5 Басып шығару тапсырмасын бастау үшін **Басып шығару** терезесінде **OK** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.





Басып шығару тапсырмасын болдырмау

Басып шығару тапсырмасы басып шығару кезегінде немесе басып шығару кезегінде күтіп тұрса, тапсырманы келесідей болдырмаңыз:

- Бұл терезеге жай Windows тапсырмалар тақтасындағы құрылғы белгішесін () екі рет нұқу арқылы қатынаса аласыз.
- Сондай-ақ, ағымдағы тапсырманы басқару тақтасында  (Отмена) түймесін басып болдырмауға болады.

Басып шығару теңшелімдерін ашу




- Пайдаланушы нұсқаулығында шығатын **Басып шығару теңшелімдері** терезесі пайдаланып жатқан машинаға байланысты басқа болуы мүмкін.
- **Басып шығару теңшелімдері** ішінде параметрді таңдағанда,  немесе  ескерту белгісін көруіңіз мүмкін.  белгісі белгілі параметрді таңдауға болатынын, бірақ бұл ұсынылмайтынын білдіреді, ал  белгісі құрылғының теңшеліміне немесе ортасына байланысты бұл параметрді таңдау мүмкін емес екенін білдіреді.

-
- 1 Басып шығару керек құжатты ашыңыз.
 - 2 Файл мәзірінде **Басып шығару** пәрменін таңдаңыз. **Басып шығару** терезесі орын алады.
 - 3 **Басып шығарғытшы таңдаңыз** ішінен құрылғыны таңдаңыз.
 - 4 **Сипаттар** немесе **Теңшелімдер** пәрменін таңдаңыз.



Суреттер үлгіге байланысты өзгешеленуі мүмкін.




- Басып шығарудың алдында қағаз бен тонерді үнемдеу үшін **Есо** функцияларын қосуға болады (45-беттегі "Easy Eco Driver" қараңыз).
- Құрылғының ағымдағы күйін **Состояние принтера** түймесін басып тексеруге болады (217-беттегі "Состояние принтера Samsung бағдарламасын пайдалану" бөлімін қараңыз).
- Принтер драйвері сенсорлық экран үшін оңтайландырылған пайдаланушы интерфейсін қамтиды. Осы пайдаланушы интерфейсін пайдалану үшін, **Samsung Printer Center > Параметры устройства** түймесін басып, содан кейін **Стильный пользовательский интерфейс** пәрменін таңдаңыз (209-беттегі "Samsung Printer Center пайдалану" қараңыз).

Таңдаулы параметрді қолдану

Избранные настройки және **Samsung** қойыншаларынан басқа әрбір теңшелімдер қойыншасында көрінетін **Избранные настройки** опциясы ағымдағы теңшелімдерді болашақта пайдалану үшін сақтауға мүмкіндік береді.

Избранные настройки элементін сақтау үшін мына қадамдарды орындаңыз:

- 1 Әр қойындыда параметрлерді қажетінше өзгертіңіз.
- 2 **Избранные настройки** енгізу өрісіне элементтің атауын енгізіңіз.



- 3 **Сохранить** түймесін басыңыз.
- 4 Атау мен сипаттаманы енгізіп, қажетті белгіні таңдаңыз.
- 5 **OK** түймесін басыңыз. **Избранные настройки** сақталғанда, ағымдағы драйвердің барлық параметрлері сақталады.



Сақталған параметрді пайдалану үшін оны **Избранные настройки** ашылмалы тізімінде таңдаңыз. Машина енді таңдалған параметрлерге сәйкес басып шығаруға теңшелді. Сақталған параметрлерді жою үшін оны **Избранные настройки** ашылмалы тізімінде таңдап, **Удалить** түймесін нұқыңыз.


Анықтаманы пайдалану

Басып шығару теңшелімдері терезесінде мәлімет алу керек параметрді нұқып, пернетақтада **F1** пернесін басыңыз.

Үнемді басып шығару

Эко функциясы тонерды тұтынуды және қағазды пайдалануды азайтады. **Эко** функциясы басып шығару ресурстарын үнемдеуге және экологияға зиянды емес басып шығаруға әкеледі.

Үнемдеу параметрін өзгертуге болады:

- the Samsung Easy Printer Manager бағдарламасынан немесе SyncThru™ Web Service қызметінен.
 - Егер құрылғыңыз жергілікті желіге қосылған болса, құрылғы параметрін **Samsung Easy Printer Manager > Дополнительно > Параметры устройств** мәзірінен орната аласыз (214-беттегі "Samsung Easy Printer Manager бағдарламасын пайдалану"қараңыз).
 - Егер құрылғы желіге қосылған болса, құрылғы параметрлерін **SyncThru™ Web Service > Настройки** қойындысы > **Параметры устройства** терезесінде орнатуға болады (204-беттегі "SyncThru™ Web Service"қараңыз).
- Басқару тақтасынан.
 - Басқару тақтасында  (Меню) > **Настр. сист.** > **Параметры эко** тармағына өтіңіз.



Басқару тақтасында **Эко** түймесін бассаңыз, үнемдеу режимі қосылады. Эко режимінің әдепкі параметрі екі жақты, әр жақта бірнеше бетті басып шығару (2-ден жоғары), бос беттерді қалдырып кететіндей етіп орнатылған.

- Принтер драйверінен.
 - Қағаз түрін **Басып шығару теңшелімдері** терезесіндегі > **Экономия** қойындысынан орнатыңыз (42-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу"қараңыз).

Easy Eco Driver



- Windows жүйесінің пайдаланушыларына ғана қол жетімді.
- Easy Eco Driver мүмкіндіктерін пайдалану үшін, **Eco Driver Pack** орнатылуы керек.

Easy Eco Driver бағдарламасының көмегімен басып шығару алдында қағазды және тонерді үнемдеу үшін Эко мүмкіндіктерін қолдануға болады.

Easy Eco Driver бағдарламасы, сонымен бірге, қарапайым өңдеуді орындауға мүмкіндік береді, мысалы, суреттерді және мәтіндерді жою және т.б. Жиі пайдаланылатын параметрлерді таңдаулы (алдын ала орнатылған) ретінде сақтауға болады.

Пайдалану әдісі:

- 1 Басып шығару керек құжатты ашыңыз.
- 2 Басып шығару теңшелімдері терезесін ашыңыз.
- 3 **Избранные настройки** қойындысынан **Предварительная эко** пәрменін таңдаңыз.

4 Терезеде **ОК > Басып шығару** түймесін басыңыз. Алдын ала қарау терезесі пайда болады.

5 Құжатқа қолдану керек параметрлерді таңдаңыз.
Қолданылған мүмкіндіктерді алдын ала қарауға болады.

6 **Басып шығару** түймесін басыңыз.



- Әр басып шығару кезінде Easy Eco Driver іске қосу қажет болса, басып шығарудың параметрлер терезесіндегі **Основные** қойындысындағы **Запустить Easy Eco Driver перед печатью документа** құсбелгісін орнатыңыз.
 - Осы мүмкіндікті "Стильный пользовательский интерфейс" ішінде пайдалану үшін, **Samsung Printer Center > Параметры устройства** түймесін басып, содан кейін **Стильный интерфейс пользователя** пәрменін таңдаңыз (209-беттегі "Samsung Printer Center пайдалану" қараңыз).
-

USB жад құрылғысын қолдану

Бұл бөлімде USB жад құрылғысын сіздің құрылғыңызбен қолдану көрсетілген.

USB жады туралы

Құжаттарыңызға, презентацияларыңызға, жүктелген әуендер мен бейнелер, жоғары ажыратымды фотосуреттеріңіз немесе кез келген басқа сақтағыңыз немесе орнын ауыстырғыңыз келетін файлдарыңызға көбірек орын беретін USB жад құрылғыларының бірқатар жад сыйымдылықтары қолжетімді.

Келесі тапсырмаларды құрылғыңызда USB жад құрылғысын пайдаланып орындай аласыз.


- USB жад құрылғысында сақталған деректерді басып шығару.
- USB жад құрылғысын форматтау
- Қолжетімді жад көлемін тексеру

USB жад құрылғысын енгізу

Құрылғыңыздың алдындағы USB жад порты USB V1.1 және USB V2.0 жад құрылғылары үшін жасалған. Сіздің құрылғыңыз FAT16/FAT32 және сектор өлшемі 512 байт USB жад құрылғыларын қолдайды.

USB жад құрылғыңыздың файлдық жүйесін дилеріңізден біліп алыңыз.

Тек өкілетті және А аша қосқышы бар USB жад құрылғысын пайдалануыңыз қажет.




Тек металл қорғанысы бар USB жад құрылғысын пайдаланыңыз.



Үйлесімділік сертификаты бар USB жад құрылғысын ғана пайдаланыңыз, болмаса, құрылғы оны қабылдамайды.

USB жад құрылғысын құрылғыңыздың USB жад портына енгізіңіз.





- Құрылғы USB жадымен жұмыс істеп, жазып немесе оқып жатқан кезде USB жад құрылғысын алмаңыз. Құрылғының кепілдігі пайдаланушының дұрыс қолданбауынан болған зақымдарды қамтымайды.
- Егер USB жад құрылғыңыздың қауіпсіздік және құпия сөз параметрлері сияқты қызметтері болса, құрылғыңыз оны автоматты түрде анықтамауы мүмкін. Осы қызметтер туралы мәліметтер алу үшін USB жад құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

USB жады картасынан басып шығару

USB жад құрылғысында сақталған файлдарды тікелей басып шығара аласыз.

«Прямая печать» параметрі қолдайтын файл.

- **PRN:** Тек құрылғыңызбен берілген драйвер жасаған файлдар ғана үйлесімді. PRN файлдарын құжатты басып шығарғанда **Файлға басып шығару** құсбелгісін қою арқылы жасауға болады. Құжат қағазда басып шығарылған емес, ал PRN файлы ретінде сақталады. Осылай жасалған PRN файлдарын ғана тікелей USB жад құрылғысынан басып шығаруға болады.
- **TIFF:** TIFF 6.0 негіздік жолағы
- **JPEG:** JPEG негіздік жолағы
- **PDF:** PDF 1,7 және одан төмен
- **XPS:** XML қағаз сипаттамасы 1,0

Құжатты USB жады картасынан басып шығару үшін:

USB жад құрылғысын құрылғыңыздағы USB жад портына енгізіңіз, содан кейін басқару тақтасындағы **USB носитель > USB-печать** пәрменін басыңыз.

USB жадын реттеу

USB жад құрылғысында сақталған суреттерді бір-бірлеп өшіруіңізге болады, немесе құрылғыны қайта форматтау арқылы барлығын бірден өшіруге болады.



Егер қалта атының алдында [+] немесе [D] таңбасын көрсеңіз, таңдалған қалтада бір немесе одан көп файл немесе қалта бар.



Файлдарды жоюдан кейін немесе USB жады құрылғысын қайта форматтаудан кейін файлдарды қайтару мүмкін емес. Сол себептен, деректерді жоюдың алдында олардың қажет еместігін растаңыз.

USB жад құрылғысынан сақталған бос сурет файлдарын жою, пішімдеу немесе тексеру үшін:

Құрылғыдағы USB жад портына USB жад құрылғысын енгізіңіз, содан кейін **USB носитель > Управ. файлами > Удалить, Формат** немесе **Провер. место** тармағын басыңыз.

Қызмет көрсету

Бұл тарауда машинаңыз үшін шығын материалдарын, керек-жарақтарды және қосалқы бөлшектерді сатып алу туралы ақпарат берілген.

• Шығын материалдарына және керек-жарақтарға тапсырыс беру	50
• Алуға болатын жабдықтар	51
• Бар керек-жарақтар	52
• Алуға болатын қосалқы бөлшектер	53
• Тонер картриджін сақтау	54
• Тонерді қайта тарату	56
• Тонер картриджін ауыстыру	58
• Пайдаланылған тонер контейнерін алмастыру	60
• Керек-жарақтарды орнату	62
• Керек-жарақтардың жұмыс мерзімін бақылау	64
• Тонер төмен ескертуін орнату	65
• Құрылғыны тазалау	66
• Құрылғыны жылжыту және сақтау бойынша кеңестер	70

Шығын материалдарына және керек-жарақтарға тапсырыс беру



Алуға болатын керек-жарақтар әр елде әртүрлі болуы мүмкін. Бар шығын материалдарының және қосалқы бөлшектердің тізімін алу үшін сату өкіліне хабарласыңыз.

Samsung рұқсат еткен жабдықтар, керек-жарақтар мен қосалқы бөлшектерге тапсырыс беру үшін, құрылғыны сізге сатқан жергілікті Samsung дилеріне немесе сатушысына хабарласыңыз. Сондай-ақ, қызмет бойынша байланыс ақпаратын алу үшін www.samsung.com/supplies торабына кіріп, елді/аймақты таңдай аласыз.

Алуға болатын жабдықтар

Шығын материалдарының қызмет көрсету мерзімдері аяқталғанда, құрылғыңыз үшін шығын материалдарының келесі түрлеріне тапсырыс бере аласыз:

Түрі	Орташа өнімділік ^а	Бөлшек атауы
Тонер картриджі	<ul style="list-style-type: none">Орташа ұзақтықтағы қара түсті картридж өнімділігі: Шамамен 15 000 стандартты парақ (қара)Орташа ұзақтықтағы түсті картридж өнімділігі: Шамамен 10 000 стандартты парақ (сары/маджента/көгілдір)	<ul style="list-style-type: none">CLT-K603L: ҚараCLT-M603L: СарыCLT-Y603L: МаджентаCLT-C603L: Көгілдір
		<ul style="list-style-type: none">CLT-K604L^б: ҚараCLT-Y604L^б: СарыCLT-M604L^б: МаджентаCLT-C604L^б: Көгілдір
Пайдаланылған тонер контейнері	Шамамен 20 000 қара парақ немесе 5 000 түрлі-түсті парақ	CLT-W506

а. ISO/IEC 19798 стандартына сай сертификацияланған. Басылып шыққан қағаздар санына жұмыс істеу ортасы, басып шығару интервалы, графика, тасымалдаушы түрі және тасымалдаушы көлемі әсер етуі мүмкін.

б. Тонер картриджі тек С4012 сериясы үшін қолжетімді.



Пайдаланылған опциялар, сурет кеңістігінің пайыздық көрсеткішіне және тапсырма режиміне қарай тонер картриджінің қызмет ету мерзімі әр түрлі болуы мүмкін.



Жаңа тонер картриджерін немесе басқа шығын материалдарын сатып алғанда, оларды машинаны пайдаланып жатқан елде сатып алу керек. Әйтпесе, тонер картриждерінің және басқа шығын материалдарының нақты ел жағдайларына сай басқа теңшелімдеріне байланысты жаңа тонер картриждері немесе басқа шығын материалдары машинамен сыйыспайтын болуы мүмкін.




Samsung компаниясы Samsung компаниясы жасамаған қайта толтырылған немесе қайта жасалған тонері бар сияқты тонер картриджін пайдалануды ұсынбайды. Samsung корпорациясы Samsung өзі шығармаған тонер картриджінің сапасына кепілдік бере алмайды. Samsung компаниясы жасамаған тонер картриджерін пайдалану нәтижесінде қажет болған қызмет көрсету немесе жөндеуді машинаның кепілдігі қамтымайды.

Бар керек-жарақтар

Машинаның өнімділігін және мүмкіндіктерін жақсарту үшін керек-жарақтарды сатып алуға және орнатуға болады.



Модельге немесе елге байланысты кейбір мүмкіндіктер және қосымшалар қол жетімді болмауы мүмкін (5-беттегі "Үлгілер бойынша мүмкіндіктер" бөлімін қараңыз).

Керек-жарақ	Функция	Бөлшек атауы
Қосымша науалар (2-науа, 3-науа, 4-науа)	Қағазды беру мәселелері жиі болса, қосымша 550 ^a парақ науалары.	SL-SCF3001
Тіреуіш	Құрылғыны доңғалағы бар тұғырды пайдаланып оңай жылжытуға болады.  Қосымша тіреуішті пайдаланған кезде, аяқтарын Қосымша тіреуішті орнату нұсқаулығында көрсетілгендей етіп орнату қажет. Әйтпесе құрылғы еңіс жерде аударылып кетуі және дене жарақатына әкелуі ықтимал.	SL-DSK003S
Wi-Fi/NFC жинағы	Бұл жинақ құрылғыны сымсыз және NFC құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.	SL-NWE001X

a.75 г/м² (20 фунт жоғары сапалы) жай қағаз

Алуға болатын қосалқы бөлшектер

Құрылғыны үздік күйде сақтау және тозған бөлшектерден қағаз сапасы мен қағаз берілісінің мәселелеріне жол бермеу үшін жөнделетін бөлшектерді ерекше аралықтарда алмастыруыңыз керек. Жөнделетін бөлшектер көбінесе роликтер, белдіктер мен тақталар болады. Дегенмен, алмастыру мерзімі мен бөлшектер үлгіге байланысты өзгеше болуы мүмкін. Қосалқы бөлшектерді тек құрылғыны сізге сатқан өкілетті қызмет көрсетуші, дилер немесе сатушы ауыстыра алады. Қосалқы бөлшектерді сатып алу үшін, құрылғыны сатып алған сауда бөліміне хабарласыңыз. Қосалқы бөлшектердің ауыстыру мерзімі туралы "Samsung Printer Status" бағдарламасы арқылы хабарланады. Немесе құрылғыңыз дисплей экранына қолдау көрсетсе, пайдаланушы интерфейсінде. Алмастыру мерзімі пайдаланылған операциялық жүйеге, компьютер өнімділігіне, бағдарламалық жасақтамаға, байланыс әдісіне, қағаз түріне, қағаз өлшеміне және тапсырманың орындалғанына байланысты өзгеше болады.

Тонер картриджді сақтау

Тонер картриджді жарыққа, температураға және ылғалға сезімтал құрамындастар бар. Samsung компаниясы жақсы өнімділік, жоғары сапа мен жаңа Samsung тонер картридждің ұзақ мерзім пайдаланылуына қол жеткізу үшін осы нұсқауларды орындаңыз.

Бұл картриджді принтер пайдаланылатын жерде сақтаңыз. Бұл бақыланатын температура және ылғалдылық жағдайлары болуы керек. Орнатуға дейін тонер картриджді бастапқы, ашылмағған орамасында болуы керек – егер бастапқы орама жоқ болса, картридждің жоғарғы тесігін қағазбен жабыңыз және қараңғы шкафта сақтаңыз.

Картридж орамын пайдалануға дейін ашу оның пайдалы жұмыс мерзімін айтарлықтай қысқартады. Еденде сақтамаңыз. Егер тонер картриджді принтерден алынса, тонер картриджді тиісті түрде сақтау үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- Картриджді бастапқы орамадан алынған қорғаушы пакетте сақтаңыз.
- Машинада орнатылғандағыдай бетін жоғары қаратып, жатқызып (шетінде тұрғызып емес) сақтаңыз.
- Шығыс материалдарын кез келген келесі жағдайларда сақтамаңыз:
 - 40 °C (104 °F) деңгейінен жоғары температурада.
 - Ылғалдылық ауқымы 20 %-дан азырақ немесе 80 %-дан көбірек.
 - Ылғалдылық пен температураның күрт өзгерістеріне ие орта.
 - Тікелей күн көзі мен бөөлме жарығында.
 - Шаң жерлерде.
 - Ұзақ уақыт бойы автокөлікте.
 - Улы газды орталарда.
 - Тұзды ауалы орталарда.

Пайдалану нұсқаулары

- Картриджегі фотоөткізгіш барабанның бетін ұстамаңыз.
- Картриджді қажетсіз вибрациялар немесе соққы әсеріне қалдырмаңыз.
- Барабанды ешқашан әәәәсіресе кері бағытта ққөөлмен айналдырмаңыз, бұл ішкі зиян мен тонердің төгілуіне алып келуі мүмкін.

Тонер картриджді пайдалану

Samsung Electronics компаниясы принтеріңіз үшін Samsung брендіне жатпайтын тонер картридждерін, соның ішінде жалпы, сауда желісі маркалы, қайта құйылған немесе қайта дайындалған тонер картридждерін пайдалануды ұсынбайды немесе мақұлдамайды.



Samsung компаниясының принтерінің кепілдігі қайта құйылған, қайта дайындалған немесе Samsung брендіне жатпайтын тонер картридждерін пайдаланудан туындаған құрылғының зақымдалуына қолданылмайды.

Картридждің болжамды ққызмет мерзімі

Картридждің есептелген қызмет көрсету мерзімі (тонер картриджінің өнімділігі) баспа тапсырмасына қажетті тонердің көлеміне байланысты болады. Нақты басып шығару өөөнімділігі беттердің баспа тығғғыздығғына, жұұмыс істеу ортасына, сурет ауданының пайызына, басып шығару уақыт аралығғына, медиа түүріне жәәәне/немесе медиа өөлшеміне байланысты әр түрлі болуы мүүмкін. Мысалы, көөөп сызбаларды басып шығғғарсаңңңыз, тонерді тұтыну жоғғарыраққ болады жәәне картриджді жиірек ауыстыру ққажет болады.

Тонерді қайта тарату

Тонер картриджін пайдалану мерзімі аяқталайын дегенде:

- Ақ жолақтар немесе ашық басып шығару және/немесе жақтарда тығыздық әр түрлі болады.
- Тонердің төмен екендігін білдіретін хабар дисплейде көрсетілуі мүмкін.
- Компьютер экранына компьютердің Состояние принтера Samsung бағдарламасының терезесі шығып, қай картридждің тонері төмен екенін ескертеді (217-беттегі "Состояние принтера Samsung бағдарламасын пайдалану" бөлімін қараңыз).








Бұл орын алса картриджде қалған тонерді қайта тарату арқылы басып шығару сапасын уақытша жақсарту аласыз. Кейбір жағдайларда ақ жолақтар немесе ашық басып шығару тіпті тонерде қайта таратудан кейін де орын алады. Құрылғының тонер картриджінің түрін тексеріңіз (51-беттегі "Алуға болатын жабдықтар" қараңыз).



Пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер параметрлеріне немесе моделіне байланысты сіздің құрылғыңыздағыдан басқаша болуы мүмкін. Құрылғының түрін тексеріңіз (16-беттегі "Алдыңғы көрінісі" бөлімін қараңыз).



- Тонер картриджіне зақым тиюіне жол бермеу үшін оған бес минуттан аса жарық түсірмеңіз. Қажет болса, оны қағазбен жабыңыз.
- Тонер картриджінің жасыл бөлігіне тимеңіз. Бұл аумаққа тимеу үшін картридж тұтқасын пайдаланыңыз.
- Тонер картриджінің орамасын ашу үшін пышақ немесе қайшы сияқты өткір заттарды қолданбаңыз. Олар картридждің барабанына сызат түсіруі мүмкін.
- Егер тонер киімге тисе, оны құрғақ матамен сүртіңіз және киімді суық сумен жуыңыз. Ыстық су тонерді талшыққа сіңдіріп жібереді.



Тонер картриджін ауыстыру

Құрылғы төрт түрлі түсті қолданады және әрқайсысы үшін жеке тонер картриджі бар: сары (Y), маджента (M), көгілдір (C) және қара (K).

- Дисплейдегі көрсеткіш шамы күйі мен тонерге қатысты хабарлама әр жеке тонер картридждері қашан ауысатынын көрсетеді.
- Компьютер экранына компьютердің Состояние принтера Samsung бағдарламасының терезесі шығып, қай картридждің тонері төмен екенін ескертеді (217-беттегі "Состояние принтера Samsung бағдарламасын пайдалану" бөлімін қараңыз).








Құрылғының тонер картриджінің түрін тексеріңіз (51-беттегі "Алуға болатын жабдықтар" қараңыз).



- Тонер картриджін бір жанынан екінші жағына жақсылап шайқаңыз, бұл бастапқы басып шығару сапасын арттырады.
- Пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер параметрлеріне немесе моделіне байланысты сіздің құрылғыңыздағыдан басқаша болуы мүмкін. Құрылғының түрін тексеріңіз (16-беттегі "Алдыңғы көрінісі" бөлімін қараңыз).



- Тонер картриджіне зақым тиюіне жол бермеу үшін оған бес минуттан аса жарық түсірмеңіз. Қажет болса, оны қағазбен жабыңыз.
- Тонер картриджінің жасыл бөлігіне тимеңіз. Бұл аумаққа тимеу үшін картридж тұтқасын пайдаланыңыз.
- Тонер картриджінің орамасын ашу үшін пышақ немесе қайшы сияқты өткір заттарды қолданбаңыз. Олар картридждің барабанына сызат түсіруі мүмкін.
- Егер тонер киімге тисе, оны құрғақ матамен сүртіңіз және киімді суық сумен жуыңыз. Ыстық су тонерді талшыққа сіңдіріп жібереді.



Пайдаланылған тонер контейнерін алмастыру





Пайдаланылған тонер контейнерінің қызмет ету мерзімі аяқталғанда, пайдаланылған тонер контейнерінің ауысу қажеттілігін білдіретін, басқару тақтасындағы экран дисплейінде пайдаланылған тонер контейнеріне қатысты хабарлама шығады. Құрылғы үшін пайдаланылған тонер контейнерін тексеріңіз (51-беттегі "Алуға болатын жабдықтар" қараңыз).



- Тонер бөлшектері құрылғының ішкі жағында шығарыла алады, бірақ бұл құрылғы зақымдалған дегенді білдірмейді. Басып шығару ақаулары орын алған кезде, қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.
- Пайдаланылған тонер контейнерін құрылғының сыртына алып тастаған кезде, контейнерді қолыңыздан түсіріп алмай абайлап жылжытыңыз.
- Пайдаланылған тонер контейнерінің тегіс жерге тонері төгілмейтіндей етіп қойылуын қадағалаңыз.



Контейнерді қисайтып не аудармаңыз.



Керек-жарақтарды орнату

Сақтық шаралары


- Қуат сымын ажыратыңыз
Қуат қосулы тұрғанда басқару тақтасының қақпағын ешқашан алмаңыз.
Электр шоғын алу қаупін болдырмау үшін КЕЗ КЕЛГЕН ішкі немесе сыртқы керек-жарақтарды орнату немесе алу кезінде қуат сымын әрқашан ажыратыңыз.
- Статикалық электр қуатын түсіріңіз
Басқару тақтасы және ішкі керек-жарақтар (желілік интерфейс картасы немесе жады модулі) статикалық электр қуатына сезімтал келеді. Кез келген ішкі керек-жарақтарды орнату немесе алудың алдында статикалық электр қуатын метал затқа, мысалы, жерге қосылған кез келген қосулы жабдықтағы металл қара тақтаға тигізу арқылы денеңізден түсіріңіз. Егер орнату аяқталмағанша құрылғының жанында болсаңыз, кез келген статикалық қуатты түсіру үшін бұл үрдісті қайта орындаңыз.




Керек-жарақтарды орнату кезінде машинаның ішіндегі батареяға қызмет көрсетпеңіз. Оны өз бетіңізбен ауыстырмаңыз. Батарея сәйкес түрдегі үлгіге ауыстырылса, жарылыс қаупі бар. Қызмет провайдері ескі батареяны құрылғыдан шығарып, мемлекеттік ережелерге сай кәдеге жаратуы тиіс.

Параметры устройства орнату

Қосымша науа, жады, т.б. сияқты қосымша жабдықтарды орнату кезінде машина автоматты түрде оларды анықтап, орнатады. Егер осы драйверде орнатылған қосымша құрылғыларды қолдана алмасаңыз, **Параметры устройства** тармағындағы қосымша құрылғыларды орната аласыз.

- 1 Windows XP жаңарту бумасы 3/Server 2003 жүйесі үшін **Бастау** мәзірінен **Принтер** таңдаңыз.
 - Windows Server 2008/Vista жүйесі үшін **Бастау** мәзірінен **Басқару тақтасын > Жабдық және дыбыс > Принтерлер** тармағын таңдаңыз.
 - Windows 7 жүйесі үшін **Бастау** мәзірінен **Басқару тақтасы > Құрылғылар мен принтерлер** тармағын таңдаңыз.
Windows 8 жүйесі үшін **Charms(Charms)** бөлімінен **Іздеу > Параметрлер > Басқару тақтасы > Құрылғылар мен принтерлер** тармағын таңдаңыз.
 - Windows Server 2008 R2 жүйесінде **Басқару тақтасы > Жабдық > Құрылғылар мен принтерлер** тармағын таңдаңыз.
 - Windows 10 / Windows Server 2016 жүйесі үшін
Тапсырмалар жолағындағы **Іздеу** енгізу аймағына **Құрылғылар мен принтерлер** сөзін енгізіңіз. Enter пернесін басыңыз.
НЕМЕСЕ
Бастау () белгішесінде **Параметрлер > Құрылғылар > Принтерлер мен сканерлер > Құрылғылар мен принтерлер** тармағын таңдаңыз.



Бастау () белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен басып **Басқару тақтасы** > **Құрылғылар мен принтерлер** тармағын таңдауға болады.

2 Құрылғыны тінтуірдің оң жақ түймесімен нұқыңыз.

3 Windows XP Service Pack 3/2003/2008/Vista үшін, **Сипаттар** басыңыз.

Windows 7/Windows 8/Windows Server 2008 R2/Windows 10 / Windows Server 2016 жүйелері үшін мәтінмәндік мәзірлерде **Принтер сипаттары** пәрменін таңдаңыз.



Принтердің сипаттары элементінде ► белгісі болса, таңдалған принтерге қосылған басқа принтер драйверлерін таңдай аласыз.

4 **Параметры устройства** таңдаңыз.



Сипаттар терезесі драйвер немесе пайдаланылып отырған басқару жүйесіне байланысты өзгеруі мүмкін.

5 Сәйкес параметрді таңдаңыз.



6 **Сипаттар** немесе **Принтердің сипаттары** терезесінен шықпағанша **ОК** басыңыз.

Керек-жарақтардың жұмыс мерзімін бақылау

Егер қағаз жиі кептеліп қалса немесе баспа мәселелері жиі орын алса, құрылғы басып шығарған қағаз санын тексеріңіз. Қажет болса, тиісті бөлшектерді ауыстырыңыз.



- Мәзірлерге қол жеткізу модельден модельге әр түрлі болуы мүмкін (25-беттегі "Мәзірге қатынасу" бөлімін қараңыз).
 - Параметрлерге немесе модельдерге байланысты дисплейде кейбір мәзірлер пайда болмауы мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді.
 - Кейбір модельдерде төменірек деңгейдегі мәзірлерге өту үшін **OK** түймесін басу қажет болуы мүмкін.
-



- 1 Басқару панеліндегі  (Меню) > Настр. сист. > Обслуживание > Срок службы таңдаңыз.
- 2 Қажет параметрді таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
- 3 Дайын режиміне оралу үшін  (**Отмена**) түймесін басыңыз.

Тонер төмен ескертуін орнату

Картридждегі тонер мөлшері аз болғанда пайдаланушыға тонер катриджін ауыстыру туралы хабар шығады. Параметрді бұл хабар шықса да, шықпаса да орната аласыз.



Мәзірлерге қол жеткізу модельден модельге әр түрлі болуы мүмкін (25-беттегі "Мәзірге қатынасу" бөлімін қараңыз).

-
- 1 Басқару панеліндегі  (Меню) > Настр. сист. > Обслуживание > Законч. тонер тармағына өтіңіз.
 - 2 Қажет параметрді таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
 - 3 Дайын режиміне оралу үшін  (**Отмена**) түймесін басыңыз.

Құрылғыны тазалау

Егер басып шығару сапасы мәселелері орын алса немесе құрылғыны шаң ортада пайдалансаңыз, құрылғының қызмет ету мерзімін ұзарту мақсатында құрылғыны тиісті жұмыс қалпында сақтау үшін тұрақты түрде тазалау керек.



- Машинаның корпусын алкогольдің, еріткіштердің немесе басқа күшті заттардың көп мөлшері бар заттармен тазалау корпусың түсін кетіруі немесе зақымдауы мүмкін.
- Егер машина немесе оның айналасы тонермен ластанса, оны тазалау үшін суға малынған матаны пайдалану ұсынылады. Шаңсорғышты пайдаланғанда, тоенр ауаға ұшады. Бұл денсаулыққа қауіпті болуы мүмкін.

Сыртқы жағын немесе дисплей экранын тазалау

Құрылғы корпусын немесе дисплей экранын жұмсақ, талшықсыз шүберекпен тазалаңыз. Шүберекпен мұқият сулаңыз, бірақ құрылғы сыртына немесе ішіне судың кіріп кетпеуіне сақ болыңыз.

Ішкі бөлігін тазалау









Басып шығару барысында, қағаз, тонер және шаң түйіршіктері құрылғының ішіне жиналуы мүмкін. Осы жиналған қоқым баспа сапасын төмендетуі мүмкін (мысалы, тонер дақтарының және жағындыларының пайда болуы). Құрылғының ішін тазалау тазалайды және бұл ақауларды азайтады.



- Тонер картриджіне зақым тиюіне жол бермеу үшін оған бес минуттан аса жарық түсірмеңіз. Қажет болса, оны қағазбен жабыңыз.
- Тонер картриджінің жасыл бөлігіне тимеңіз. Бұл аумаққа тимеу үшін картридж тұтқасын пайдаланыңыз.
- Құрылғының ішін тазалағанда құрғақ, түксіз шүберекті пайдаланыңыз. Тасымалдау ролигін немесе басқа ішкі бөліктерді зақымдап алмаңыз. Бензин немесе араластырғыш сияқты еріткіштерді пайдаланбаңыз. Басып шығару сапасының ақауы пайда болып, құрылғыға зиян келтіруі мүмкін.






- Құрылғыны тазалау үшін мамықсыз матаны пайдаланыңыз.
- Құрылғыны өшіріңіз де, шнурды ажыратыңыз. Құрылғы суығанша күтіңіз. Егер құрылғыда қуат қосқышы бар болса, құрылғыны тазалау алдында қуат қосқышын өшіріңіз.
- Пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер параметрлеріне немесе моделіне байланысты сіздің құрылғыңыздағыдан басқаша болуы мүмкін. Құрылғының түрін тексеріңіз (16-беттегі "Алдыңғы көрінісі" бөлімін қараңыз).



Беру ролигін тазалау



- Құрылғыны өшіріңіз де, шнурды ажыратыңыз. Құрылғы суығанша күтіңіз. Егер құрылғыда қуат қосқышы бар болса, құрылғыны тазалау алдында қуат қосқышын өшіріңіз.
- Пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер параметрлеріне немесе моделіне байланысты сіздің құрылғыңыздағыдан басқаша болуы мүмкін. Құрылғының түрін тексеріңіз (16-беттегі "Алдыңғы көрінісі" бөлімін қараңыз).



Құрылғыны жылжыту және сақтау бойынша кеңестер

- Құрылғыны жылжыту кезінде қисайтуға немесе аударуға болмайды. Әйтпесе құрылғының іші ластанып, бұл құрылғыға зиян келтіруі немесе басып шығару сапасын төмендетуі мүмкін.
- Құрылғыны тасымалдағанда, кемінде екі адам оны мықты ұстауы керек.

Ақаулықтарды жою

Бұл қате кездестірсеңіз не істеу керектігі туралы пайдалы ақпарат береді.



Бұл қате кездестірсеңіз не істеу керектігі туралы пайдалы ақпарат береді. Егер сіздің машинаңыздың дисплей экраны болса, мәселені шешу үшін дисплей экранындағы хабарды тексеріңіз. Егер сіз мәселенің шешімін Пайдаланушы нұсқаулығынан таба алмасаңыз немесе мәселе сол қалпында қалса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

• Қағаздың кептелуін болдырмау бойынша кеңестер	72
• Қағаз кептелуін кетіру	73
• Жарық диодты экран күйін түсіну	80
• Қате туралы хабарламаларды түсіну	82
• Қағазды беру қателері	90
• Қуат және кабельді жалғау мәселелері	91
• Басып шығару мәселелері	92
• Басып шығару сапасы мәселелері	95
• Амалдық жүйе мәселелері	102
• Сымсыз желі мәселелері	103

Қағаздың кептелуін болдырмау бойынша кеңестер

Дұрыс материал түрлерін таңдау арқылы қағаз кептелулерінің көпшілігін болдырмауға болады. Қағаз кептелістерін болдырмау үшін келесі нұсқауларды орындаңыз:

- Лайықталатын бағыттауыштар дұрыс орнатылғанын тексеріңіз (30-беттегі "Науаны шолу" бөлімін қараңыз).
- Құрылғы басып шығарып жатқанда науадан қағазды алмаңыз.
- Қағазды салмастан бұрын бүгіп, желдетіп және туралап жіберіңіз.
- Қыртысталған, дымқыл немесе қатты бұралған қағазды пайдаланбаңыз.
- Қағаз түрлерін және науадағы өлшемді араластырмаңыз.
- Тек ұсынылған баспа материалын пайдаланыңыз (109-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).
- Қағаз өтетін жолда немесе өтіп бара жатқанда оған кедергі болатын кез келген бөлшектерді (шаң, қағаздың жұлымдарын, таспа) аойп астаңыз.

Қағаз кептелуін кетіру






Жыртып алмау үшін кептеліп қалған қағазды ақырын әрі көп күш салмай алыңыз.

1-науада





Пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер параметрлеріне немесе моделіне байланысты сіздің құрылғыңыздағыдан басқаша болуы мүмкін. Құрылғының түрін тексеріңіз (16-беттегі "Алдыңғы көрінісі" бөлімін қараңыз).






Қосымша науада




Процедура барлық қосымша науалар үшін бірдей.








Бұл аймақта қағазды көрмесеңіз, тоқтап, келесі қадамға өтіңіз:



Көп мақсатты науада



Бұл аймақта қағазды көрмесеңіз, тоқтап, келесі қадамға өтіңіз:






Құрылғының ішінде



Термофиксатор аумағы ыстық. Осы аймақтағы құрылғыдан қағазды алу кезінде абай болыңыз.



Пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер параметрлеріне немесе моделіне байланысты сіздің құрылғыңыздағыдан басқаша болуы мүмкін. Құрылғының түрін тексеріңіз (16-беттегі "Алдыңғы көрінісі" бөлімін қараңыз).






Шығу аумағында





Термофиксатор аумағы ыстық. Осы аймақтағы құрылғыдан қағазды алу кезінде абай болыңыз.



Бұл аймақта қағазды көрмесеңіз, тоқтап, келесі қадамға өтіңіз:



Екі жақты басып шығару құралы аумағында





Жарық диодты экран күйін түсіну

Күй ЖД түсі құрылғының ағымдағы күйін көрсетеді.



- Модельге немесе елге байланысты кейбір жарық диодты экрандар болмауы мүмкін (18-беттегі "Басқару панеліне жалпы шолу" бөлімін қараңыз).
 - Қатені түзету үшін қате туралы хабарға қараңыз және ақаулықтарды жою бөлігіндегі ол туралы нұсқауларды қараңыз (82-беттегі "Қате туралы хабарламаларды түсіну" бөлімін қараңыз).
 - Сондай-ақ, қатені компьютердегі Samsung Printing Status бағдарламасында түзетуге болады (217-беттегі "Состояние принтера Samsung бағдарламасын пайдалану" қараңыз).
 - Егер мәселе жалғасса, қызмет көрсету өкіліне қоңырау шалыңыз.
-

Жарық диодты экран	Күй	Сипаттама	
 Күй	Выкл.	<ul style="list-style-type: none"> Құрылғы желіде емес. Құрылғы қуатты үнемдеу режимінде тұр. 	
	Көк	Вкл	Құрылғы қосулы және пайдалануға дайын.
		Жыпылықтау	Егер артқы шам жыпылықтаса, құрылғы деректерді қабылдап не басып шығарып жатыр.
	Қызғылт сары	Вкл	<ul style="list-style-type: none"> Қақпақ ашық. Қақпақты жабыңыз. Деректерді қабылдағанда немесе басып шығарғанда науада қағаз жоқ. Науаға парақ салыңыз. Құрылғы үлкен қате салдарынан тоқтады. Көрсетілетін хабарды тексеріңіз (82-беттегі "Қате туралы хабарламаларды түсіну" бөлімін қараңыз). Қағаз кептелісі орын алды (73-беттегі "Қағаз кептелуін кетіру" бөлімін қараңыз). Шығын тонерінің контейнері машинаға орнатылмаған немесе ол толық (60-беттегі "Пайдаланылған тонер контейнерін алмастыру" көріңіз). Тонер картриджі есептелген картридждің қызмет көрсету мерзіміне жетуге аз қалды^a Тонер картриджін ауыстыру ұсынылады (58-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" бөлімін қараңыз).
		Жыпылықтау	<ul style="list-style-type: none"> Жеңіл-желпі қате орын алды және құрылғы қатенің өшірілуін күтуде. Дисплейдегі хабарды тексеріңіз. Мәселе шешілгенде құрылғы жұмысын жалғастырады.
 Пиробуждение	Көк	Вкл	Құрылғы қуатты үнемдеу режимінде тұр.
		Выкл.	Құрылғы дайын режимде немесе машина қуаты өшірулі.
Эко	Жасыл	Вкл	Есо режимі қосулы (45-беттегі "Үнемді басып шығару" бөлімін қараңыз).
		Выкл.	Есо режимі өшірулі.

a. Картридждің есептелген қызмет көрсету мерзімі дегеніміз басып шығарудың орташа мүмкіндігін көрсететін есептелген тонер картриджінің қызмет көрсету мерзімі және ол ISO/IEC 19798 стандартына сәйкес келеді. Парақтардың санына жұмыс істеу ортасы, сурет аумағының пайыздық қатынасы, басып шығару интервалы, суреттер, медиа және медиа өлшемі әсер етуі мүмкін. Қызыл жарық диодты экран қосулы болғанда және принтер басып шығаруды тоқтатқан кезде картрижде тонердің кішкене бөлігі қалған.

Қате туралы хабарламаларды түсіну

Құрылғының күйін немесе қателерін білдіру үшін басқару тақтасының экранында хабарламалар көрсетіледі. Хабарламалар мен олардың мағынасын түсіну және, қажет болса, мәселені шешу үшін төмендегі кестелерді қараңыз.



- Сондай-ақ, қатені компьютердегі Состояние принтера бағдарламасында түзетуге болады (217-беттегі "Состояние принтера Samsung бағдарламасын пайдалану" қараңыз).
- Хабарлама кестеде болмаса, құрылғыны өшіріп қайта іске қосыңыз да, басып шығару тапсырмасын қайтадан орындап көріңіз. Егер мәселе жалғасса, қызмет көрсету өкіліне қоңырау шалыңыз.
- Қолдау қызметіне телефон соққан кезде, қолдау қызметінің өкіліне экрандағы хабарламаның мазмұнын беріңіз.
- Параметрлерге немесе модельдерге байланысты кейбір хабарлар дисплейде шықпауы мүмкін.
- [номер ошибки] – қате нөмірін білдіреді.
- [науа нөмірі] науа нөмірін білдіреді.
- [медиа түрін] – медиа түрін білдіреді.
- [медиа өлшемін] – медиа өлшемін білдіреді.
- [цветной] – тонердің түсін білдіреді.

Қағаз кептелісіне қатысты хабарлар

Хабар	Мағынасы	Ұсынылатын шешімдер
Замятие в области выхода	Шығару аумағында қағаз кептелді.	Кептелісті тазалаңыз (78-беттегі "Шығу аумағында" бөлімін қараңыз).
Замятие в внутри устр.	Құрылғының ішінде қағаз кептелді.	Кептелісті тазалаңыз (77-беттегі "Құрылғының ішінде" бөлімін қараңыз).
Замятие в лотке 1	Науада қағаз кептелді.	Кептелісті тазалаңыз (73-беттегі "1-науада" бөлімін қараңыз).
Замятие в лотке 2	Қосымша науада қағаз кептелді.	Кептелісті тазалаңыз (74-беттегі "Қосымша науада" бөлімін қараңыз).
Замятие в лотке 3	Қосымша науада қағаз кептелді.	Кептелісті тазалаңыз (74-беттегі "Қосымша науада" бөлімін қараңыз).
Замятие в лотке 4	Қосымша науада қағаз кептелді.	Кептелісті тазалаңыз (74-беттегі "Қосымша науада" бөлімін қараңыз).

Хабар	Мағынасы	Ұсынылатын шешімдер
Замятие в МЦЛ	Көп мақсатты науада қағаз кептелді.	Кептелісті тазалаңыз (76-беттегі "Көп мақсатты науада" бөлімін қараңыз).
Замятие внутри блока двус. печ.	Қағаз екі жақты басып шығару кезінде бітеліп қалды. Бұл екі жақты басып шығару мүмкіндігі бар машиналарда ғана қолданылады.	Кептелісті тазалаңыз (79-беттегі "Екі жақты басып шығару құралы аумағында" бөлімін қараңыз).
Зам. в ниж. части блока двус. печ.		

Тонерге қатысты хабарлар

Хабар	Мағынасы	Ұсынылатын шешімдер
Установите карт. ▼	Тонер картриджі орнатылмаған.	Тонер картриджін қайта орнатыңыз.
	Тонер картриджін анықтау мүмкін емес.	Тонер картриджінің тиісінше орнатылуына көз жеткізу үшін оны екі немесе үш рет қайта орнатыңыз. Егер ақау сақталса, қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.
Несовм. карт. с. [цвет] тонером	Көрсетілген тонер картриджі машинаңызбен үйлесімді емес.	Samsung шығарған картриджіне сәйкес келетін тонер картриджін орнатыңыз (58-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" қараңыз).
Несовместимая [цвет] страна д/тонера	Көрсетілген тонер картриджі құрылғы ішінде орнатылатын елде қолжетімді емес.	Жаңа тонер картриджін орнатыңыз (58-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" бөлімін қараңыз).
[цвет] тонером распол. неверно	Көрсетілген тонер өз орнында тұрған жоқ.	Тиісті орнына қайта орнатыңыз.
Мало тонера ▼	Көрсетілген картриджде біраз мөлшерде тонер қалды. Тонердің болжанған жұмыс істеу мерзімі жақында аяқталады. ^a	Ауыстыру үшін жаңа картриджді дайындаңыз. Тонерді қайта тарату арқылы басып шығару сапасын уақытша арттыруға болады (56-беттегі "Тонерді қайта тарату" бөлімін қараңыз).

Хабар	Мағынасы	Ұсынылатын шешімдер
Заканч. тонер ▼	Тонер картриджі есептелген картридждің қызмет көрсету мерзіміне жетуге аз қалды ^а .	<ul style="list-style-type: none"> Басқару тақтасында көрсетілгендей Остановить немесе Продолжить пәрменін таңдауға болады. Остановить таңдалса, принтер басып шығаруды тоқтатады. Продолжить түймесі таңдалса, принтер басып шығаруды жалғастырады, бірақ басып шығару сапасына кепілдік берілмейді. Бұл хабарлама көрсетілгенде, басып шығару сапасының жоғары болуы үшін тонер картриджін ауыстырыңыз. Картриджді осыдан кейін пайдалану басып шығару мәселелеріне әкелуі мүмкін (58-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" бөлімін қараңыз).
Срок служ. истек ▼	Көрсетілген тонер картриджінің болжанған жұмыс істеу мерзімі аяқталды ^а .	Тонер картриджін ауыстырыңыз (58-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" бөлімін қараңыз).

а. Есептелген картридждің қызмет көрсету мерзімі – күтілетін немесе есептелген тонер картриджінің қызмет көрсету мерзімі. Ол басып шығарылатын парақтардың орташа мәнін көрсетеді және ISO/IEC 19798 стандартына сәйкес жасалған (51-беттегі "Алуға болатын жабдықтар" бөлімін қараңыз). Беттердің санына жұмыс істейтін орта, сурет ауданының пайызы, басып шығару аралығы, баспа құрал түрі, сурет аумағының пайызы және баспа құрал өлшемі әсер етуі мүмкін. Тіпті жаңа картриджге ауыстыру туралы хабар шығып, машина басып шығаруды тоқтатқанның өзінде картрижде тонердің біраз мөлшері қалуы мүмкін.



Samsung корпорациясы қайта толтырылған немесе қайта өндірілген сияқты Samsung өзі шығармаған тонер картриджін пайдалануға кеңес бермейді. Samsung компаниясы осындай шынайы емес тонер картриджінің сапасына кепілдік бермейді. Түпнұсқа емес Samsung тонер картриждерін пайдалану салдарынан болған қажетті қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстары құрылғының кепілдігінде қамтылмайды.


Науаға қатысты хабарлар

Хабар	Мағынасы	Ұсынылатын шешімдер
В [номер отсека] нет бумаги	Көрсетілген науада қағаз жоқ.	Науаға қағаз салыңыз (32-беттегі "Науаға қағаз салу" бөлімін қараңыз).

Хабар	Мағынасы	Ұсынылатын шешімдер
МЦЛ: нет бумаги	Көрсетілген науада қағаз жоқ.	Науаға қағаз салыңыз (32-беттегі "Науаға қағаз салу" бөлімін қараңыз).
Нет бумаги ни в одном лотке	Көрсетілген науада қағаз жоқ.	Науаға қағаз салыңыз (32-беттегі "Науаға қағаз салу" бөлімін қараңыз).
Вставьте кассету [номер лотка]	Науа шығарылды.	Науаны дұрыс енгізіңіз.
[науа нөмірі] Несоот. бумаги	Принтер сипаттарындағы қағаз өлшемі салып жатқан қағазға сай емес.	Науаға дұрыс қағаз салыңыз.
Несоотв. бумаги в МЦ-лотке	Принтер сипаттарындағы қағаз өлшемі салып жатқан қағазға сай емес.	Науаға дұрыс қағаз салыңыз.

Желіге қатысты хабарлар

Хабар	Мағынасы	Ұсынылатын шешімдер
Ошибка подкл. Конфликт IP	IP мекенжайы басқа қызметте қолданылып отыр.	IP мекенжайын тексеріңіз немесе жаңа IP мекенжайын іске қосыңыз.

Хабар	Мағынасы	Ұсынылатын шешімдер
<p>Не найден беспровод. сеть</p>	<p>Сымсыз SSID жоқ болуына байланысты принтер сымсыз модульге жалғана алмаған уақытта A NOT FOUND SSID хабары пайда болады.</p> <p>Осындай мәселе туындаған жағдайда.</p> <ul style="list-style-type: none"> • SSID идентификаторы орнатылған қатынасу нүктесі (немесе сымсыз маршрутизатор) өшірілген. • SSID идентификаторы орнатылған қатынасу нүктесі (немесе сымсыз маршрутизатор) өте алыс орналасқан. • SSID идентификаторы орнатылған қатынасу нүктесі (немесе сымсыз маршрутизатор) дұрыс жұмыс істемейді. • Сымсыз модульдің антеннасы нашар жұмыс істейді. 	<ul style="list-style-type: none"> • Сымсыз ортаны тексеріңіз. (Қатынасу нүктесінің (немесе сымсыз маршрутизатордың) қуат қосылымы мен параметрлерін тексеріңіз.) • Принтердің жан-жағын тексеріңіз. (Сымсыз байланысқа әсер ететін микротолқынды пеш, Bluetooth құрылғылары, металдан жасалған шкафтар сияқты заттардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз.) <p>Мәселе жалғасса, қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.</p> <p> Сымсыз интерфейсті қолданатын (көшірме, басып шығару және электрондық пошта) қызметтері қолжетімді емес.</p>
<p>Ошибка: #S6-3113 Обр.за поддерж.</p>	<p>Сымды желінің PHY чипіндегі ақаулыққа байланысты желі функциясы жұмыс істемейді.</p>	<p>Құрылғыны өшіріп қайта іске қосыңыз да, басып шығару тапсырмасын қайтадан орындап көріңіз. Мәселе жалғасса, қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.</p>
<p>802.1x Ошибка сети</p>	<p>Түпнұсқалық расталмады.</p>	<p>Желінің түпнұсқалықты растау протоколын тексеріңіз. Мәселе жалғасса, желілік әкімшіге хабарласыңыз.</p>

Хабар	Мағынасы	Ұсынылатын шешімдер
Неправильные настройки сети	<ul style="list-style-type: none"> Сымсыз желі опциялары қауіпсіздік әдісі үшін дұрыс конфигурацияланбаған. Сымсыз желі қауіпсіздігінің опцияларында енгізілген құпиясөз дұрыс емес. Құрылғы қатынас нүктесінде немесе сымсыз маршрутизаторда пайдаланылған қауіпсіздік әдісіне қолдау көрсетпейді. Қатынас нүктесі немесе сымсыз маршрутизаторда ақаулық бар. 	Құрылғы, SWS, қатынас нүктесі немесе сымсыз маршрутизатордағы сымсыз желі опцияларын қайта конфигурациялаңыз. WPA2-PSK/AES қауіпсіздік әдісін пайдалану ұсынылады. Мәселе жалғасса, қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.
Не подключена точка доступа	Құрылғы сымсыз қатынасу нүктесіне (немесе сымсыз маршрутизаторға) қосыла алмады.	Қатынас нүктесінің күйін конфигурациясы және қуат қосылымдарымен бірге, сондай-ақ сымсыз байланысқа әсер етуі мүмкін әрбір құрылғыны тексеріңіз. Мәселе жалғасса, қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.
Не удалось подкл к защищен. Wi-Fi	Құрылғы сымсыз қатынасу нүктесіне (немесе сымсыз маршрутизаторға) қосыла алмады.	Қатынасу нүктесінің немесе WPS интерфейсінің, оның конфигурациясы мен қуат қосылымдарын, сондай-ақ сымсыз байланысқа әсер етуі мүмкін кез келген басқа құрылғылардың күйін тексеріңіз. Мәселе жалғасса, қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.
Wi-Fi Direct не готово	Құрылғы Wi-Fi Direct қосылымын іске қоса алмады.	Сымсыз желі параметрлерін орнату үшін, құрылғыны өшіріп, қайта қосыңыз. Мәселе жалғасса, қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.
Wi-Fi Direct не подключено	Құрылғы Wi-Fi Direct функциясы арқылы қосыла алмады.	Wi-Fi Direct функциясын өшіріп, қайта қосыңыз немесе құрылғы не мобильді құрылғыны қайта іске қосыңыз. Мәселе жалғасса, қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.

Әр түрлі хабарлар

Хабар	Мағынасы	Ұсынылатын шешімдер
Настр. подбора цветов...	Құрылғы түстің тіркеуін лайықтауда.	Бірнеше минут күтіңіз.
Идет калибровка плотности изобр.	Құрылғы сурет тығыздығын калибрлеуде.	Бірнеше минут күтіңіз.
Крышка открыта крышку	Қақпақ берік жабылмаған.	Қақпақты орнына отыртып жабыңыз.
Ошибка[номер ошибки] Уст. [цветной] тонер	Көрсетілген тонер картриджі дұрыс орнатылмаған немесе коннектор кірлепі кетті.	Samsung шығарған тонер картриджінің тиісінше орнатылуына көз жеткізу үшін оны екі немесе үш рет қайта орнатыңыз. Мәселе жалғасса, қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.
Ошибка[номер ошибки] Выкл.и вкл.прин.	Машина құралын бақылау мүмкін емес.	Құрылғыны өшіріп қайта іске қосыңыз да, басып шығару тапсырмасын қайтадан орындап көріңіз. Мәселе жалғасса, қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.
Ошибка[номер ошибки] Обр.за поддерж.		
Уст. блок ленты переноса	Тасымалдау белдігі орнатылмаған.	Samsung шығарған тасымалдау белдігін орнатыңыз.
Несовместимая лента переноса	Машинаның тасымалдау белдігі машинаңызға сәйкес келмейді.	Құрылғыңызға арналған Samsung компаниясының түпнұсқа бөлшектерін орнатыңыз.
Уст. контейнер сбора тонера	Пайдаланылған тонер қоймасы орнатылмаған.	Samsung шығарған пайдаланылған тонер қоймасын орнатыңыз.
Неподх. темп. Перемест. устр.	Машина температурасы сәйкес келмейтін бөлмеде орнатылған.	Машинаны температурасы сәйкес бөлмеге орнатыңыз.
Вых.лоток запол. Извлеките бумагу	Шығыс науасы толған.	Қағазды шығыс науасынан алыңыз, машина басып шығаруды жалғастырады. Егер мәселе қайталанса, қызмет көрсету орталығына барыңыз.





Хабар	Мағынасы	Ұсынылатын шешімдер
Подг. новую ленту переноса	Тасымалдау белдігінің қызмет мерзімі аяқталуда.	Тасымалдау белдігін жаңасымен ауыстырыңыз. Мәселе жалғасса, қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.
Установите новую ленту переноса	Тасымалдау белдігінің қызмет мерзімі аяқталды.	
Подготовка термофиксатора	Термофиксатордың қызметтік мерзімі аяқталуда.	Термофиксаторды жаңасымен ауыстырыңыз. Мәселе жалғасса, қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.
Установите новый термофиксатор	Термофиксатордың қызметтік мерзімі аяқталуда.	
<ul style="list-style-type: none"> • Установите новый рол.под.лотка 1 • Установите новый рол.под.лотка 2 • Установите новый рол.под.лотка 3 • Установите новый рол.под.лотка 4 	Науа ролигінің қызмет ету мерзімі аяқталады.	Науаны ролигін жаңасымен ауыстырыңыз. Мәселе жалғасса, қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.
Ошибка ленты переноса	Тасымалдау белдігін бақылау мүмкін емес.	Құрылғыны өшіріп қайта іске қосыңыз да, басып шығару тапсырмасын қайтадан орындап көріңіз. Мәселе жалғасса, қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.
Конт. заполнен Уст. новый	Пайдаланылған тонер контейнері толып кетті.	Пайдаланылған тонер контейнерін ауыстырыңыз.

Қағазды беру қателері


Күйі	Ұсынылатын шешімдер
Басып шығару кезіндегі қағаз кептелістері.	Қағаз кептелісін тазалаңыз.
Қағаз бір біріне жабысып қалады.	<ul style="list-style-type: none">• Науаның ең көп қағаз сыйымдылығын тексеріңіз.• Дұрыс қағаз түрін пайдаланып жатқаныңызды тексеріңіз.• Қағазды науадан шығарыңыз және бүгіңіз немесе желдетіңіз.• Жоғары ылғалдылық жағдайлары кейбір қағаздың бір-біріне жабысып қалуына себеп болуы мүмкін.
Қағаздың бірнеше парағы берілмейді.	Науада қағаздың әр түрлі түрлері салынған болуы мүмкін. Тек түрі, өлшемі және салмағы бірдей қағазды салыңыз.
Қағаз құрылғыға берілмейді.	<ul style="list-style-type: none">• Құрылғы ішінен барлық кедергілерді алып тастаңыз.• Қағаз дұрыс салынбаған. Қағазды науадан алып тастап, қайтадан дұрыстап салыңыз.• Науада қағаз тым көп. Науадан артық қағазды алып тастаңыз.• Қағаз тым қалың. Тек машинаның техникалық сипаттамаларына сай қағазды пайдаланыңыз.
Қағаз кептеле береді.	<ul style="list-style-type: none">• Науада қағаз тым көп. Науадан артық қағазды алып тастаңыз. Егер арнайы материалдарда басып шығарсаңыз, науада қолмен беру әдісін пайдаланыңыз.• Пайдаланылып жатқан қағаз түрі дұрыс емес. Тек машинаның техникалық сипаттамаларына сай қағазды пайдаланыңыз.• Құрылғы ішінде кір болуы мүмкін. Алдыңғы қақпақты ашыр, барлық кірден тазалаңыз.
Конверттер қисық шығады немесе дұрыс берілмейді.	Конверттердің екі жағында да қағаз бағыттауыштарының болуын қамтамасыз етіңіз.

Қуат және кабельді жалғау мәселелері


Қуатты қайта қосыңыз. Мәселе жалғасса, қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.

Күйі	Ұсынылатын шешімдер
<p>Құрылғы электр тогын алмайды немесе компьютер мен құрылғы арасындағы қосылым кабелі дұрыстап жалғанбаған.</p>	<p>1. Алдымен машинаны электр көзіне қосыңыз. Құрылғының басқару тақтасында  (Питание/Пробуждение) түймесі болса, оны басыңыз.</p>  <p>2. Құрылғының артындағы USB кабелін не желілік кабельді тексеріңіз.</p>   <p>3. Құрылғының артындағы USB кабелін не желілік кабельді ажыратып, қайта жалғаңыз.</p>

Басып шығару мәселелері

Күйі	Ұсынылатын шешімдер
Құрылғы басып шығармайды.	Алдымен машинаны электр көзіне қосыңыз. Құрылғының басқару тақтасында  (Питание/Пробуждение) түймесі болса, оны басыңыз.
	Машинаны Windows жүйесіндегі әдепкі машина ретінде таңдаңыз.
	Құрылғыда келесіні тексеріңіз: <ul style="list-style-type: none">• Қақпақ жабылмаған. Қақпақты жабыңыз.• Қағаз кептелген. Қағаз кептелуін тазалаңыз (73-беттегі "Қағаз кептелуін кетіру" бөлімін қараңыз).• Қағаз салынбаған. Қағаз жүктелмеген (32-беттегі "Науаға қағаз салу" бөлімін қараңыз).• Тонер картриджі орнатылмаған. Тонер картриджін орнатыңыз (58-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" бөлімін қараңыз).• Тонер картриджінен қорғау жабыны мен беттердің алынғанына көз жеткізіңіз (58-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" бөлімін қараңыз). Жүйелік қате орын алса, қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.
	Құрылғы кабелін ажыратып, қайта қосыңыз (17-беттегі "Артқы көрінісі" бөлімін қараңыз).
	Мүмкін болса, кабельді дұрыс істеп тұрған басқа компьютерге қосыңыз және тапсырманы басып шығарыңыз. Сондай-ақ, басқа құрылғы кабелін пайдаланып көруге болады.
	Windows принтер параметрлерін тексеріп, басып шығару тапсырмасы дұрыс портқа жіберілетінін тексеріңіз. Егер компьютерде бірнеше порт болса, құрылғының дұрыс портқа қосылғанын тексеріңіз.
	Басып шығару теңшелімдері ішінде барлық басып шығару параметрлері дұрыс екенін тексеріңіз.
	Машинаның драйверін орнатыңыз және қайта орнатыңыз.
	Құрылғыда жүйелік қатенің болуын көру үшін басқару тақтасындағы экран хабарламаларын қараңыз. Қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.
	Қатты дискіде орын босатып, құжатты қайтадан басып шығарыңыз.
Шығыс науасынан қағазды алғанда, құрылғы басып шығаруды жалғастырады.	



Күйі	Ұсынылатын шешімдер
Құрылғы басып шығару материалдарын дұрыс емес қағаз көзінен таңдайды.	Көп бағдарламаларда қағаз көзін Басып шығару теңшелімдері терезесіндегі Бумага қойындысында таңдауға болады (42-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз). Дұрыс қағаз көзін таңдаңыз. Принтер драйверінің анықтама экранын қараңыз (44-беттегі "Анықтаманы пайдалану" бөлімін қараңыз).
Басып шығару тапсырмасы өте баяу.	Беттің күрделілігін азайтыңыз немесе басып шығару сапасы параметрлерін лайықтап көріңіз.
Беттің жартысы бос.	Бағдарламада бет бағытын ауыстырыңыз (42-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз). Принтер драйверінің анықтама экранын қараңыз (44-беттегі "Анықтаманы пайдалану" бөлімін қараңыз).
	Принтер драйверінің параметрлеріндегі қағаз өлшемін науадағы қағазға сәйкес етіңіз немесе принтер драйверінің параметрлеріндегі қағаз өлшемін пайдаланатын бағдарламадағы параметрлерде таңдалған қағазға сәйкес етіңіз (42-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).
Құрылғы басып шығарады, бірақ мәтін дұрыс емес, бұзылған немесе толық емес.	Құрылғы кабелін ажыратып, қайта қосыңыз. Сәтті басып шығарған басып шығару тапсырмасын орындап көріңіз. Мүмкін болса, кабельді және құрылғыны жұмыс істейтінін білетін басқа компьютерге қосыңыз және басып шығару тапсырмасын орындап көріңіз. Аяғында, жаңа құрылғы кабелін пайдаланып көріңіз.
	Бағдарламаның принтерлерін таңдау мәзірінде осы құрылғы таңдалғанын тексеріңіз.
	Тапсырманы басқа бағдарламада басып шығару әрекетін жасаңыз.
Беттер басып шығарылады, бірақ олар бос.	Қажет болса, тонерді қайта таратыңыз. Қажет болса, тонер картридждің ауыстырыңыз.
	<ul style="list-style-type: none"> • 56-беттегі "Тонерді қайта тарату" қараңыз. • 58-беттегі "Тонер картридждің ауыстыру" қараңыз.
	Файлда бос беттер жоқ екенін тексеріңіз.
	Қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.





Күйі	Ұсынылатын шешімдер
<p>Құрылғы PDF файлдарды дұрыс басып шығармайды. Сызбалықтардың, мәтіннің немесе суреттердің кейбір бөліктері жоқ.</p>	<p>PDF файлды сурет ретінде басып шығару файлды басып шығаруға мүмкіндік беруі мүмкін. Acrobat басып шығару параметрлерінде Сурет ретінде басып шығару параметрін қосыңыз.</p> <p> PDF файлды сурет ретінде басып шығару көбірек уақыт алады.</p>
<p>Суреттердің басып шығару сапасы жақсы емес. Суреттер анық емес.</p>	<p>Суреттің өлшемін азайтыңыз. Бағдарламада суреттің өлшемін үлкейтсеңіз, ажыратымдылық азаяды.</p>
<p>Басып шығару алдында құрылғы шығыс науасының жанынан бу шығарады.</p>	<p>Дымқыл/су қағазды пайдаланғанда басып шығару кезінде бу [ақ түтін] шығуы мүмкін. Бұл ақаулық емес, басып шығаруды жалғастырыңыз. Бу [түтін] үшін алаңдасаңыз, қағазды жаңа ашылмаған бумадан алып, ауыстырыңыз.</p>
<p>Құрылғы есеп-шотқағазы сияқты арнайы өлшемді қағазды басып шығармайды.</p>	<p>Басып шығару теңшелімдері терезесінің Другое қойындысындағы Бумага ішінде дұрыс қағаз өлшемін орнатыңыз (42-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).</p>
<p>Басып шығарылған есеп-шотқағазы оралып қалған.</p>	<p>Қағаз түрі сәйкеспейді. Принтерді өзгертіңіз және әрекетті қайталаңыз. Басып шығару теңшелімдері бөліміне өтіп, Бумага қойындысын басыңыз және түрді Тонкая бумага деп орнатыңыз (42-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).</p>




Басып шығару сапасы мәселелері




Құрылғының іші кір болса немесе қағаз дұрыстап салынбаған болса, басып шығару сапасы төмендеуі мүмкін. Мәселені кетіру үшін төмендегі кестені қараңыз.






Қағаздың ылғал емес екеніне көз жеткізіңіз, қағазды жаңа қағаз жиынынан алуға тырысыңыз.





Күйі	Ұсынылатын шешімдер
<p data-bbox="279 728 470 873">Ашық немесе көлеңкеленген басып шығару</p> 	<ul data-bbox="518 616 1468 1220" style="list-style-type: none">• Бетте тік ақ жолақ немесе көлеңкеленген аумақ пайда болса, тонер мөлшері төмен. Жаңа тонер картриджін салыңыз (58-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" бөлімін қараңыз).• Қағаз - қағаз спецификацияларына сай емес болуы мүмкін, мысалы, қағаз тым ылғалды немесе қатты болуы мүмкін.• Егер бүкіл бет ашық болса, басып шығарудың ажыратымдылық параметрі тым төмен немесе тонерді үнемдеу режимі қосулы. Басып шығару ажыратымдылығын лайықтаңыз және тонерді үнемдеу режимін өшіріңіз. Принтер драйверінің анықтама экранын қараңыз.• Көлеңкеленген немесе жағылған ақаулардың тіркесімі тонер картриджін тазалау керек екенін көрсетеді. Құрылғының ішін тазалаңыз (66-беттегі "Құрылғыны тазалау" бөлімін қараңыз).• Құрылғының ішіндегі LSU бөлігінің беті өте лас болуы мүмкін. Құрылғының ішін тазалаңыз (66-беттегі "Құрылғыны тазалау" бөлімін қараңыз). Егер бұл қадамдар мәселені түзетпесе, қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.
<p data-bbox="279 1254 470 1545">Қағаздың жоғарғы жартысы қалған бөлігінен ашығырақ болып басып шығарылады</p> 	<p data-bbox="518 1422 1109 1467">Тонер осы қағаз түріне сай болмауы мүмкін.</p> <ul data-bbox="518 1467 1468 1624" style="list-style-type: none">• Принтерді өзгертіңіз және әрекетті қайталаңыз. Басып шығару теңшелімдері терезесіне өтіп, Бумага қойындысын нұқып, қағаз түрін вторичная бумага деп орнатыңыз (42-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).

Күйі	Ұсынылатын шешімдер
<p>Тонер дақтары</p> 	<ul style="list-style-type: none"> • Қағаз - қағаз спецификацияларына сай емес болуы мүмкін, мысалы, қағаз тым ылғалды немесе қатты болуы мүмкін. • Тасымалдау ролигі кір болуы мүмкін. Құрылғының ішін тазалаңыз (66-беттегі "Құрылғыны тазалау" бөлімін қараңыз). • Қағаз жолын тазалау керек болуы мүмкін. ҚҚызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз (66-беттегі "Құрылғыны тазалау" бөлімін қараңыз).
Бұл нұсқаулықта әр түрлі амалдық жүйе орталарында орнату, кеңейтілген теңшеу, пайдалану және ақаулықтарды жою туралы ақпарат береді.

Модельдерге немесе мемлекеттерге байланысты кейбір функциялар қолжетімді емес болуы мүмкін.

НЕГІЗГІ

Бұл нұсқаулықта Windows жүйесінде орнатуға, негізгі пайдалануға және ақаулықтарды жоюға қатысты ақпарат берілген.

КЕҢЕЙТІЛГЕН

Желіге қосылған құрылғыны пайдалану	Пайдалы желілік бағдарламалар	133
	Сымды желіні орнату	134
	Сымсыз желіні орнату (қосымша)	136
	NFC мүмкіндігін пайдалану (қосымша)	149
	Қолдау көрсетілетін мобильді бағдарламалар	155
	Mopria™	156
	AirPrint	158
	Samsung Cloud Print	160
	PrinterOn	163
Google Cloud Print™	165	
Пайдалы параметр мәзірлері	Тарауды оқуды бастаудан бұрын	169
	Информация	170
	Макет	171
	Бумага	173
	Графика	174
	Настр. сист.	175
	Эмуляция	179
	Мастер изобр.	180
	Сеть	181
	Управление USB	183
	Управ. задан.	184
	PrinterOn	185
Арнайы мүмкіндіктер	Биіктікті реттеу	187
	Түрлі таңбаларды енгізу	188
	Басып шығару мүмкіндіктері	190

Пайдалы құралдар

Басқару құралдарына қатынасу	203
SyncThru™ Web Service	204
Samsung Printer Center пайдалану	209
Samsung Easy Printer Manager бағдарламасын пайдалану	214
Состояние принтера Samsung бағдарламасын пайдалану	217
Samsung Printer Experience бағдарламасын пайдалану	219

Желіге қосылған құрылғыны пайдалану

Бұл тарауда желіге қосылған машинаны және бағдарламаны теңшеудің қадамдық нұсқаулары берілген.



Қолдау көрсетілетін қосымша құрылғылар мен мүмкіндіктер құрылғы үлгісіне қарай әртүрлі болуы мүмкін (5-беттегі "Үлгілер бойынша мүмкіндіктер" бөлімін қараңыз).

• Пайдалы желілік бағдарламалар	133
• Сымды желіні орнату	134
• Сымсыз желіні орнату (қосымша)	136
• NFC мүмкіндігін пайдалану (қосымша)	149
• Қолдау көрсетілетін мобильді бағдарламалар	155
• Mopria™	156
• AirPrint	158
• Samsung Cloud Print	160
• PrinterOn	163
• Google Cloud Print™	165

Пайдалы желілік бағдарламалар

Желі ортасында желілік параметрлерді оңай теңшеу үшін бірнеше бағдарлама бар. Атап айтқанда, желі әкімшісі желіде бірнеше құрылғыларды басқара алады.



Төмендегі бағдарламаларды пайдаланудан бұрын IP мекенжайын орнатыңыз.

SyncThru™ Web Service

Желілік құрылғыға ендірілген веб-сервер келесі тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді (204-беттегі "SyncThru™ Web Service" бөлімін қараңыз).

- Шығын материалдары туралы ақпаратты және күйде тексеру.
- Құрылғы параметрлерін бейімдеу.
- Электрондық поштамен хабарландыру параметрін орнату. Бұл параметрді орнатқанда, машинаның күйі (тонер картриджінің аяқталуы немесе машина қатесі) белгілі бір адамның электрондық поштасына автоматты түрде жіберіледі.
- Әр түрлі желілік орталарға қосылу үшін құрылғыға қажет желі параметрлерін теңшеу.

SetIP сымды желіні орнату

Бұл қызметтік бағдарлама желі интерфейсін таңдауға және TCP/IP протоколымен бірге пайдалану үшін IP мекенжайларын қолмен конфигурациялауға мүмкіндік береді.

- 134-беттегі "IP мекенжайды орнату" қараңыз.



Желілік портты қолдамайтын құрылғыда бұл мүмкіндікті пайдалану мүмкін болмайды (17-беттегі "Артқы көрінісі" бөлімін қараңыз).

Сымды желіні орнату

Желі конфигурациясы есебін басып шығару

Машинаның басқару тақтасынан машинаның ағымдағы желілік параметрлерін көрсететін **желі теңшелімі туралы есепті** басып шығара аласыз. Бұл желіні орнатуға көмектеседі.

Басқару тақтасында  (Меню) түймесін басып, **Сеть > Конфигур. сети** пәрменін таңдаңыз.

Осы **желі теңшелімі туралы есепті** пайдаланып, машинаның MAC мекенжайын және IP мекенжайын таба аласыз.

Мысалы:

- MAC мекенжай: 30:CD:A7:41:A2:78
- IP мекенжай: 169.254.192.192

IP мекенжайды орнату

Құрылғыны желіге қосқан кезде, алдымен құрылғының TCP/IP параметрлерін теңшеу қажет. Төменде көрсетілген параметрлер - құрылғыны желілік құрылғы ретінде пайдалану үшін қажетті негізгі параметрлер. TCP/IP, DNS сервері, TCP/IPv6, Ethernet және IP мекенжайы тағайындау әдістерін орнатуға болады.

Алдымен желілік басып шығару мен басқару үшін IP мекенжайын орнатуыңыз керек. Көп жағдайда жаңа IP мекенжайы желідегі DHCP (Динамикалық хост конфигурация протоколы) серверіне автоматты түрде тағайындалады.


IPv4 конфигурациясы



TCP/IPv4 SyncThru™ Web Service веб-сайтынан орнатуға болады. SyncThru™ Web Service терезесі ашылғанда тінтуірдің меңзерін жоғарғы мәзір жолағының **Настройки** үстіне апарыңыз, содан кейін **Параметры сети** (206-беттегі "Настройки қойындысы" пәрменін таңдаңыз).

Басқару панелінен

Егер желіңізде DHCPv4 сервері бар болса, әдепкі динамикалық хост конфигурациясы үшін төмендегі опцияларды орнатуға болады.

- 1 Басқару тақтасында  (Меню) > **Сеть > TCP/IP (IPv4) > Настройка DHCPv4** таңдаңыз.
- 2 Қажет мәнді таңдау үшін **OK** түймесін басыңыз.

SetIP бағдарламасынан

SetIP бағдарламасын пайдаланудан бұрын компьютердің брендмауэрін өшіріңіз.



- Бағдарлама TCP/IPv6 қолдамайды.
- Төмендегі нұсқаулар модельге немесе амалдық жүйелерге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

- 1 Samsung веб-торабынан бағдарламалық жасақтаманы жүктеп алыңыз, содан кейін оны ашып, орнатыңыз: (<http://www.samsung.com> > өнімді табыңыз > Қолдау немесе жүктемелер тармағына өтіңіз).
- 2 Орнату терезесіндегі нұсқауларды орындаңыз.
Linux жүйесінде `cdroot/Linux/noarch/at_opt/share/utlis` қалтасындағы **SetIPApplet.html** файлын екі рет басыңыз.
- 3 Жүктеп алынған **SetIP** бағдарламасын іске қосыңыз.



Желі теңшелімі туралы есепте машинаның MAC мекенжайын табыңыз (134-беттегі "Желі конфигурациясы есебін басып шығару" бөлімін қараңыз) және оны қос нүктелерсіз енгізіңіз. Мысалы, 30:CD:A7:29:51:A8 30CDA72951A8 болады.

IPv6 конфигурациясы




IPv6 протоколына тек Windows Vista немесе одан жоғары жүйелер қолдау көрсетеді.



TCP/IPv6 опциясын **SyncThru™ Web Service** веб-сайтынан да орнатуға болады. **SyncThru™ Web Service** терезесі ашылғанда тінтуірдің меңзерін жоғарғы мәзір жолағының **Настройки** үстіне апарыңыз, содан кейін **Параметры сети** (206-беттегі "Настройки қойындысы" пәрменін таңдаңыз).

Басқару панелінен

Желіде DHCPv6 сервер болса, әдепкі динамикалық түйін теңшелімі үшін келесі параметрлердің біреуін орната аласыз.

- 1 Басқару тақтасында  (Меню) > **Сеть** > **TCP/IP (IPv6)** > **Конфиг. DHCPv6** таңдаңыз.
- 2 Қажет мәнді таңдау үшін **OK** түймесін басыңыз.

Сымсыз желіні орнату (қосымша)



- Опция тізімдерін тексеріңіз және тапсырыс беру үшін сатып алу орталығына хабарласыңыз (see 52-беттегі "Бар керек-жарақтар"). Wi-Fi/NFC жинағын (қосымша) орнатқан соң осы мүмкіндікті пайдалану үшін құрылғыны орнатыңыз.
- Машинаның сымсыз желіні қолдайтынын тексеріңіз. Модельге байланысты сымсыз желі қол жетімді емес болуы мүмкін (5-беттегі "Үлгілер бойынша мүмкіндіктер" бөлімін қараңыз).

Сымсыз байланыс қамтымын орнату кезіндегі ақаулар мен параметрлерді алу үшін сымсыз байланысты орнату бөліміндегі ақаулықтарды жою бөліміне өтіңіз (103-беттегі "Сымсыз желі мәселелері" бөлімін қараңыз).

Сымсыз желілер жоғарырақ қауіпсіздікті қажет етеді, сондықтан қатынас орнын бірінші рет орнатқанда желі үшін желі атауы (SSID), пайдаланылатын қауіпсіздік түрі және желі құпия сөзі жасалады. Машинаны орнатуды орындаудың алдында желі әкімшісінен осы ақпарат туралы сұраңыз.

Сымсыз желі орнату әдістерімен таныстыру

Сымсыз желі параметрлерін құрылғыдан немесе компьютерден орнатуға болады. Төмендегі кестеден реттеу әдісін таңдаңыз.



- Модельге немесе елге байланысты кейбір сымсыз желіні орнату түрлері қол жетімді болмауы мүмкін.
- Қатынас нүктелеріне құпия сөз орнату табанды түрде ұсынылады. Егер Қатынас нүктелеріне құпия сөз орнатпасаңыз олар компьютерлер, смартфондар және принтерлерді қосқандағы белгісіз құралдардан заңсыз қатынасуға ұшырауы мүмкін. Құпия сөз параметрлерін Қатынас нүктесі пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

Орнату әдісі	Қосылу әдісі	Сипаттама және анықтама
Қатынас нүктесімен	Компьютерден	Window жүйесі үшін 140-беттегі "USB кабелі арқылы орнату" бөлімін қараңыз.
		Mac құрылғысы үшін 143-беттегі "USB кабелі арқылы орнату" бөлімін қараңыз.
		145-беттегі "Желілік кабельді пайдалану" қараңыз.
	Машинаның басқару тақтасында	137-беттегі "WPS мәзірін пайдалану" қараңыз.
		140-беттегі "Сети Wi-Fi функциясын пайдалану" қараңыз.
Wi-Fi Direct орнату		147-беттегі "Wi-Fi Direct протоколын ұшқыр басып шығару үшін реттеу" қараңыз.

WPS мәзірін пайдалану

Құрылғы немесе қатынас орны (немесе сымсыз маршрутизатор) Wi-Fi Protected Setup™ (WPS) шифрлауын қолдаса, онда сымсыз желі параметрлерін **WPS** мәзірі арқылы компьютер көмегінің оңай теңшеуге болады.



- Егер сымсыз желіні инфрақұрылым режимін пайдаланып пайдалану керек болса, желілік кабель құрылғыдан ажыратылғанын тексеріңіз. Ену нүктесіне (немесе сымсыз маршрутизаторға) қосылу үшін **WPS(PBC)** пайдалану немесе компьютерден PIN кодты енгізу пайдаланып жатқан ену нүктесіне (немесе сымсыз маршрутизаторға) байланысты әр түрлі болады. Пайдаланып жатқан қатынас орнының (немесе сымсыз маршрутизатордың) пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Сымсыз желіні орнату үшін WPS түймесін пайдаланған кезде қауіпсіздік параметрлері өзгеруі мүмкін. Оны болдырмау үшін ағымдық сымсыз желінің қауіпсіздік параметрлері үшін WPS параметрін құлыптаңыз. Параметр аты пайдаланылып жатқан қатынасу нүктесіне (немесе сымсыз маршрутизаторға) байланысты өзгеше болуы мүмкін.

Дайындау керек элементтер

- Қатынас орнының (немесе сымсыз маршрутизатордың) Wi-Fi Protected Setup™ (WPS) шифрлауды қолдайтынын тексеріңіз.
- Құрылғы Wi-Fi Protected Setup™ (WPS) шифрлауын қолдайтынын тексеріңіз.
- Желіге қосылған компьютер (тек PIN код режимі).

Түрді таңдау

Құрылғыны сымсыз желіге қосу үшін екі қолжетімді әдіс бар.

- **Push Button Configuration (PBC)** әдісі құрылғының басқару панеліндегі **WPS** мәзірін және Wi-Fi Protected Setup™ WPS-қосылған қатынасу орнындағы (немесе сымсыз маршрутизатор) WPS (PBC) түймесін бірге басу арқылы құрылғыны сымсыз желіге сәйкесінше қосуға мүмкіндік береді.
- **Personal Identification Number (PIN)** әдісі машинаны сымсыз желіге Wi-Fi Protected Setup™ WPS-қосылған қатынасу нүктесінде (немесе сымсыз маршрутизаторда) берілген PIN ақпаратын енгізу арқылы қосуға мүмкіндік береді.


WPS қосу

Машинаңыз үшін зауыттық әдепкі параметр – **PBC** режимі. Ол әдеттегі сымсыз желі ортасы үшін ұсынылады.




Құрылғы сымды желіге қосылса, оны WPS мүмкіндігін пайдалану арқылы қосуға болмайды. Желілік кабель желілік портқа қосылса, оны желілік порттан алыңыз.

PBC режимінде қосылу

- 1 Басқару тақтасында  (**Меню**) > **Сеть** > **Wi-Fi** > **WPS** тармағын таңдаңыз.
- 2 **PBC** пәрменін таңдаңыз.
- 3 Растау терезесі шыққан кезде **OK** түймесін басыңыз.
Байланыс үрдісінің уақыты 2 минут болғандығын көрсете отырып ақпарат терезесі пайда болады.
- 4 Қатынас орнында (немесе сымсыз маршрутизаторда) **WPS (PBC)** түймесін басыңыз.
Хабарлар дисплей экранында төмендегі ретпен көрсетіледі:
 - a. **Подключение:** Құрылғы қатынас орнына (немесе сымсыз маршрутизаторға) қосылуда.
 - b. **Подключено:** Машина сымсыз желіге сәтті қосылғанда, WPS LED шамы қосулы қалады.
 - c. **AP SSID:** Сымсыз желіні қосу процесін аяқтағаннан кейін дисплейде ену нүктесінің SSID идентификаторы туралы ақпарат шығады.
- 5 Берілген бағдарламалық жасақтама ықшам дискісін CD-ROM жетегіне салыңыз да, сымсыз желіні орнату үшін терезедегі нұсқауларды орындаңыз.

PIN режимінде қосылу

- 1 Басқару тақтасында  (**Меню**) > **Сеть** > **Wi-Fi** > **WPS** тармағын таңдаңыз.
- 2 **PIN** түймесін басыңыз.
- 3 Растау терезесі шыққан кезде **OK** түймесін басыңыз.
- 4 Дисплейде сегіз сандық PIN код шығады.
Қатынасу нүктесіне (немесе сымсыз маршрутизаторға) қосылған компьютерге екі минут ішінде сегіз сандық PIN кодты енгізу қажет.


Хабарлар дисплей экранында төмендегі ретпен көрсетіледі:

- a. **Подключение:** Машина сымсыз желіге қосылуда.
- b. **Подключено:** Машина сымсыз желіге сәтті қосылғанда, WPS LED шамы қосулы қалады.
- c. **Имя сети (SSID):** Сымсыз желіні қосу процесін аяқтағаннан кейін СҚЖ дисплейде қатынас орнының SSID идентификаторы туралы ақпарат шығады.

- 5 Берілген бағдарламалық жасақтама ықшам дискісін CD-ROM жетегіне салыңыз да, сымсыз желіні орнату үшін терезедегі нұсқауларды орындаңыз.

Сети Wi-Fi функциясын пайдалану

Бастау алдында сымсыз желінің желі атауын (SSID) және шифрланған болса желі кілтін білуіңіз керек. Бұл ақпарат қатынас орнын (немесе сымсыз маршрутизаторды) орнатқанда орнатылған. Сымсыз ортаны білмесеңіз, желіні орнатқан адамнан сұраңыз.

- 1 Басқару тақтасында  (Меню) > Сеть > Wi-Fi > Парам. Wi-Fi тармағын таңдаңыз.
- 2 Қажет орнату әдісін таңдау үшін **OK** түймесін басыңыз.
 - **Список поиска (ұсынылады):** Бұл режимде орнату автоматты түрде жүргізіледі. Машина ішінен таңдалуы қажет қол жетімді желілер тізімін көрсетеді. Желі таңдалғаннан кейін принтер тиісті қауіпсіздік кілтін есіңізге салады.
 - **Нестандартный:** Бұл режимде пайдаланушылар өздерінің SSID бере алады немесе қолмен өңдей алады, немесе қауіпсіздік параметрін дәл таңдай алады.
- 3 Сымсыз желіні орнату үшін терезедегі нұсқауларды орындаңыз.

Windows жүйесін пайдаланып орнату



Ықшам дискі жоқ **Samsung Easy Wireless Setup** бағдарламасының таңбашасы: Принтер драйверін орнатқан болсаңыз, **Samsung Easy Wireless Setup** бағдарламасына ықшам дискісіз қатынаса аласыз.


USB кабелі арқылы орнату

Дайындау керек элементтер

- Қатынас нүктесі
- Желіге қосылған компьютер
- Құрылғымен бірге келген бағдарламаның ықшам дискісі
- Сымсыз желі интерфейсі арқылы орнатылатын машина
- USB кабель

Инфрақұрылым желісін жасау

- 1 Құрылғыға USB кабелінің қосылғанын тексеріңіз.
- 2 Компьютерді, қатынас орнын және құрылғыны қосыңыз.
- 3 Қос берілген бағдарламалық жасақтама ықшам дискісін CD-ROM дискжетекке енгізіңіз.



Егер орнату терезесі көрсетілмесе, **Бастау > Барлық бағдарламаларда > Қалыпталған > Іске қосу** нұқыңыз.

X:\Setup.exe деп “X” әрпінің орнына дискіенгізгінің әрпін теріп **ОК** түймесін басыңыз.

- Windows 8 жүйесінде

Егер орнату терезесі көрсетілмесе, **Charms(Charms)** бөлімінен **Іздеу > Apps(Apps)** таңдап, **Іске қосу** пәрменін іздеңіз. X:\Setup.exe деп «X» әрпінің орнына CD-ROM дискжетектің әрпін теріп, **ОК** түймесін басыңыз.

Егер “**Осы дискпен әрекетті таңдау үшін түрту**” қалқымалы терезесі пайда болса, терезені басыңыз және **Run Setup.exe** жолын басыңыз.

- Windows 10 / Windows Server 2016 жүйесі үшін

Егер орнату терезесі шықпаса, тапсырмалар жолағындағы **Іздеу** енгізу аумағында X:\Setup.exe теріңіз, “X” әрпінің орнына ықшам диск жетегін білдіретін әріпті жазыңыз және Enter пернесін басыңыз.

- 4 Орнату терезесіндегі орнату келісім-шарттарын қараңыз және қабылдаңыз. Содан кейін **Далее** түймесін басыңыз.
- 5 **Тип настройки принтера** экранында теретін сөзді таңдап, **Далее** түймесін басыңыз.
- 6 **Тип подключения принтера** экранындағы **Беспроводное подключение** опциясын таңдаңыз. Содан кейін **Далее** түймесін басыңыз.
- 7 **Это первая установка принтера?** экранында, **Да, я настрою беспроводную сеть принтера.** таңдаңыз. Содан кейін **Далее** түймесін басыңыз.
Егер принтеріңіз әлдеқашан желіге қосылған болса, **Нет, мой принтер уже подключен к сети.** таңдаңыз.
- 8 **Выбор способа настройки беспроводного подключения** экранында **Использование кабеля USB** таңдаңыз. Содан кейін **Далее** түймесін басыңыз.


- 9 Іздеуден кейін терезе сымсыз желі құрылғыларын көрсетеді. Пайдаланғыңыз келетін қатынас нүктесінің атауын (SSID) таңдап, **Далее** түймесін басыңыз.



Таңдау керек желі атауын таппасаңыз немесе сымсыз желі теңшелімін қолмен орнату керек болса, **Дополнительно** пәрменін таңдаңыз.

- **Имя беспроводной сети:** Қатынас орнының SSID атауын енгізіңіз (SSID – регистрді ескереді).
 - **Operation Mode: Infrastructure** көрсетеді.
 - **Аутентификация:** Түпнұсқалық растамасының түрін таңдаңыз.
Открытая: Түпнұсқалық растамасы пайдаланылмайды және деректер қауіпсіздігінің қажеттілігіне байланысты шифрлау пайдаланылуы немесе пайдаланылмауы мүмкін.
С общим ключом: Түпнұсқалық растамасы пайдаланылады. Тиісті WEP кілті бар құрылғы желіге қатынаса алады.
WPA Personal немесе WPA2 Personal: WPA Pre-Shared кілтіне негізделген басып шығару серверінің түпнұсқалығын растау үшін осы параметрді таңдаңыз. Ол ортақ құпия кілтті пайдаланады (әдетте Pre Shared Key құпия сөзі деп аталады). Ол кілт қатынас нүктесінде және оның әр клиентінде қолмен теңшеледі.
 - **Шифрование:** Шифрлауды таңдаңыз (ешқайсысы, WEP64, WEP128, TKIP, AES).
 - **Пароль сети:** Шифрлау желісі құпия сөзінің мәнін енгізіңіз.
 - **Подтвердите пароль:** Шифрлау желісі құпия сөзінің мәнін растаңыз.
 - **Индекс ключа WEP:** WEP шифрлауды пайдалансаңыз, тиісті **Индекс ключа WEP** пайдаланыңыз.
- Ену нүктесінде қауіпсіздік параметрлері болса, сымсыз желінің қауіпсіздігі терезесі шығады.
Қатынас нүктесінің (немесе маршрутизатордың) Желі құпия сөзін енгізіңіз.

- 10 Құрылғыда Wi-Fi Direct функциясы өшірулі тұрса, келесі экран пайда болады.
Далее түймесін басыңыз.





- Wi-Fi Direct мүмкіндігі принтеріңіз бұл функцияны қолдаған жағдайда ғана пайда болады.
 - Wi-Fi Direct бағдарламасын басқару тақтасын пайдалану арқылы іске қоса аласыз (148-беттегі "Wi-Fi Direct желісін орнату" бөлімін қараңыз).
 - **Имя Wi-Fi Direct:** Әдепкі Wi-Fi Direct атауы – модель атауы болады және оның ең көп ұзындығы - 23 таңба.
 - **Настройка пароля** – сандық жол, оның өлшемі – 8 ~ 64 таңба.
-

- 11 Сымсыз желіні теңшеу аяқталғанда, компьютер мен құрылғы арасындағы USB кабелін ажыратыңыз. **Далее** түймесін басыңыз.
- 12 Орнатылатын құрамдастарды таңдаңыз.
- 13 Орнату терезесіндегі нұсқауларды орындаңыз.

Мас жүйесін пайдаланып орнату

Дайындау керек элементтер

- Қатынас нүктесі
- Желіге қосылған компьютер
- Құрылғымен бірге келген бағдарламаның ықшам дискісі
- Сымсыз желі интерфейсі арқылы орнатылатын машина
- USB кабель

USB кабелі арқылы орнату

- 1 Құрылғы компьютерге қосылып, қуат көзіне қосылғанын тексеріңіз.
- 2 Samsung веб-торабынан бағдарламалық жасақтаманы жүктеп алыңыз, содан кейін оны ашып, орнатыңыз: (<http://www.samsung.com> > өнімді табыңыз > Қолдау немесе жүктемелер тармағына өтіңіз).
- 3 Құрылғыны өшіріңіз.
- 4 **Install Software** белгішесін екі рет басыңыз.
- 5 Лицензия келісімін оқып шығыңыз және орнату келісімінің түймесін басыңыз.
- 6 **Next** түймесін басыңыз.

- 7 **Printer Connection Type** экранындағы **Wireless** опциясын таңдаңыз.
- 8 **Next** түймесін басыңыз.
- 9 **Select the Wireless Setup Method** экранында **Using a USB cable** опциясын таңдап, **Next** келесі түймесін басыңыз.
Экран пайда болмаса, 14-қадамға өтіңіз.
- 10 Іздеуден кейін терезе сымсыз желі құрылғыларын көрсетеді. Пайдаланғыңыз келетін қатынас нүктесінің атауын (SSID) таңдап, **Next** түймесін басыңыз.



Сымсыз желі теңшелімін қолмен орнатқыңыз келсе, **Advanced Setting** пәрменін таңдаңыз.

- **Enter the wireless Network Name:** Қатынас орнының SSID атауын енгізіңіз (SSID – регистрді ескереді).
- **Operation Mode: Infrastructure** көрсетеді.
- **Authentication:** Түпнұсқалық растамасының түрін таңдаңыз.
Open System: Түпнұсқалық растамасы пайдаланылмайды және деректер қауіпсіздігінің қажеттілігіне байланысты шифрлау пайдаланылуы немесе пайдаланылмауы мүмкін.
Shared Key: Түпнұсқалық растамасы пайдаланылады. Тиісті WEP кілті бар құрылғы желіге қатынаса алады.
WPA Personal немесе WPA2 Personal: Басып шығару серверінің түпнұсқалығын WPA Pre-Shared кілтінің көмегімен растау үшін осы параметрді таңдаңыз. Ол ортақ құпия кілтті пайдаланады (әдетте Pre Shared Key құпия сөзі деп аталады). Ол кілт қатынас орнында және оның әр клиентінде қолмен теңшеледі.
- **Encryption:** Шифрлауды таңдаңыз (Жоқ, WEP64, WEP128, TKIP, AES)
- **Network Key:** Шифрлау желі кілтінің мәнін енгізіңіз.
- **Confirm Network Key:** Шифрлау желі кілтінің мәнін растаңыз.
- **WEP Key Index:** WEP шифрлауды пайдалансаңыз, тиісті **WEP Key Index** пайдаланыңыз.

Қатынас орнында қауіпсіздік параметрі қосылғанда сымсыз желі қауіпсіздік терезесі шығады.

Қатынас нүктесінің (немесе маршрутизатордың) Желі кілтін енгізіңіз.

- 11 Сымсыз желі параметрлері көрсетілген терезе шығады. Параметрлерді тексеріңіз және **Next** түймесін басыңыз.



- Wi-Fi Direct бағдарламасын басқару тақтасын пайдалану арқылы іске қоса аласыз (148-беттегі "Wi-Fi Direct желісін орнату" бөлімін қараңыз).
 - **Wi-Fi Direct Name:** Әдепкі Wi-Fi Direct атауы – модель атауы болады және оның ең көп ұзындығы - 23 таңба.
 - **Password setting** – сандық жол, оның өлшемі – 8 ~ 64 таңба.
-

12 **Wireless Network Setting Complete** терезесі шығады. **Next** түймесін басыңыз.

13 Сымсыз желінің параметрлері аяқталғанда, компьютер мен машинаның арасындағы USB кабельді ажыратыңыз. **Next** түймесін басыңыз.

14 Орнату терезесіндегі нұсқауларды орындаңыз.

Желілік кабельді пайдалану



Желі теңшелімі туралы ақпарат алу үшін желілік әкімшіге немесе сымсыз желіні орнатқан адамға жолығыңыз.

Бұл құрылғы желімен сыйысымды құрылғы болып табылады. Машинаға желіде жұмыс істеуге мүмкіндік беру үшін біраз теңшеу іс рәсімдерін орындау керек.

Дайындау керек элементтер

- Қатынас нүктесі
- Желіге қосылған компьютер
- Сымсыз желі интерфейсі арқылы орнатылатын машина
- Желі кабелі

Желі конфигурациясы есебін басып шығару

Құрылғының желілік параметрлерін желі теңшелімі туралы есепті басып шығару арқылы анықтауға болады.

134-беттегі "Желі конфигурациясы есебін басып шығару" қараңыз.

SetIP бағдарламасын пайдаланып IP мекенжайды орнату (Windows)

Бұл бағдарлама машинамен байланысу үшін оның MAC мекенжайын пайдаланып, машинаның желілік IP мекенжайын қолмен орнату үшін пайдаланылады. MAC мекенжай желілік интерфейстің жабдықтық сериялық нөмірі болып табылады және оны **желілік теңшелім есебінде** табуға болады.

134-беттегі "IP мекенжайды орнату" қараңыз.


Құрылғының сымсыз желісін теңшеу

Бастау алдында сымсыз желінің желі атауын (SSID) және шифрланған болса желі кілтін білуіңіз керек. Бұл ақпарат қатынас орнын (немесе сымсыз маршрутизаторды) орнатқанда орнатылған. Сымсыз ортаны білмесеңіз, желіні орнатқан адамнан сұраңыз.

Сымсыз желі параметрлерін теңшеу үшін **SyncThru™ Web Service** бағдарламасын пайдаланыңыз.

SyncThru™ Web Service пайдалану


Сымсыз желі параметрлерін теңшеуді бастау алдында кабель қосылымының күйін тексеріңіз.

- 1 Құрылғының желіге қосылуын тексеріңіз.
- 2 Internet Explorer, Safari немесе Firefox сияқты веб-шолғышты іске қосыңыз және шолғыш терезесіне құрылғының жаңа IP мекенжайын енгізіңіз.
Мысалы,

- 3 SyncThru™ Web Service веб-торабының жоғарғы оң жағындағы **Вход** түймесін басыңыз.
- 4 **ИД** мен **Пароль** енгізіп, **Вход** түймесін басыңыз. Егер SyncThru™ Web Service жүйесіне бірінші рет кіріп отырған болсаңыз, төмендегі әдепкі идентификатор мен құпиясөзді енгізіңіз. Қауіпсіздік мақсаттарында әдепкі құпиясөзді ауыстыру ұсынылады.
 - **ИД: admin**
 - **Пароль: sec00000**
- 5 SyncThru™ Web Service терезесі ашылғанда **Настройки** > **Параметры сети** тармағын таңдаңыз.
- 6 **Wi-Fi** > **Мастер** басыңыз.
- 7 Тізімде бір **Имя сети (SSID)** таңдаңыз.
- 8 **Далее** түймесін басыңыз.
Егер сымсыз қауіпсіздік параметрлері терезесі пайда болса, тіркелген құпия сөзді (желілік құпия сөз) енгізіп, **Далее** түймесін басыңыз.
- 9 Раптау терезесі шығады. сымсыз желі теңшелімін тексеріңіз. Теңшелім дұрыс болса, **Применить** түймесін басыңыз.



Желілік кабель желілік портқа қосылса, оны желілік порттан алыңыз.

Wi-Fi желісін қосу/өшіру

- 1 Құрылғының желіге қосылуын тексеріңіз.
- 2 Internet Explorer, Safari немесе Firefox сияқты веб-шолғышты іске қосыңыз және шолғыш терезесіне құрылғының жаңа IP мекенжайын енгізіңіз.
Мысалы,

- 3 SyncThru™ Web Service веб-торабының жоғарғы оң жағындағы **Вход** түймесін басыңыз.
- 4 **ИД** мен **Пароль** енгізіп, **Вход** түймесін басыңыз. Егер SyncThru™ Web Service жүйесіне бірінші рет кіріп отырған болсаңыз, төмендегі әдепкі идентификатор мен құпиясөзді енгізіңіз. Қауіпсіздік мақсаттарында әдепкі құпиясөзді ауыстыру ұсынылады.
 - **ИД:** admin
 - **Пароль:** sec00000
- 5 SyncThru™ Web Service терезесі ашылғанда **Настройки** > **Параметры сети** тармағын таңдаңыз.
- 6 **Wi-Fi** басыңыз.
- 7 Wi-Fi желісін қосуға/өшіруге болады.

Wi-Fi Direct протоколын ұшқыр басып шығару үшін реттеу

Wi-Fi Direct дегеніміз Wi-Fi Direct функциясына қосылған принтер және ұялы құрылғы арасындағы қауіпсіз және пайдалануға оңай бір дәрежелі байланыс болып табылады.

Wi-Fi Direct көмегімен қазіргі уақытта қатынас орнына қосуды кезде принтерді Wi-Fi Direct желісіне қоса аласыз. Осымен қатар, сымды желі мен Wi-Fi Direct желісін бір уақытта пайдалана аласыз, осылайша бірнеше пайдаланушы Wi-Fi Direct желі және сымды желі екеуінен де құжаттарға қатынаса және басып шығара алады.




- Ұшқыр құрылғыңызды принтердің Wi-Fi Direct желісі арқылы интернетке қоса алмайсыз.
 - Қолдау көрсетілетін протоколдар тізімі моделіңізден басқаша болуы мүмкін, Wi-Fi Direct желілері IPv6 протоколын, желіні сүзуді, IPSec, WINS және SLP қызметтерін қолдамайды.
 - Wi-Fi Direct арқылы ең көбі 4 құрылғы қосыла алады.
-

Wi-Fi Direct желісін орнату

Wi-Fi Direct мүмкіндігін келесі әдістердің бірімен қосуға болады.

Машинада

- 1 Басқару тақтасында  (Меню) > **Сеть** > **Wi-Fi** > **Wi-Fi Direct** тармағын таңдаңыз.
- 2 **Wi-Fi Direct** қосыңыз.

Желіге қосылған компьютерден

Егер принтер желілік кабельді немесе сымсыз қатынас орнын пайдаланса, Wi-Fi Direct желісін SyncThru™ Web Service арқылы қосуға және теңшеуге болады..

- 1 **SyncThru™ Web Service** қол жеткізіңіз және **Настройки** > **Параметры сети** > **Wi-Fi** > **Wi-Fi Direct™** таңдаңыз.
- 2 **Wi-Fi Direct™** қосыңыз және басқа опцияларды орнатыңыз.

Ұялы құрылғыны теңшеу

- Wi-Fi Direct желісін принтерден орнатқаннан кейін, Wi-Fi Direct желісін орнату үшін пайдаланып жатқан ұялы құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
 - Wi-Fi Direct желісін орнатқаннан кейін смартфоннан басып шығару үшін ұялы басып шығару бағдарламасын (Мысалы: Samsung ұялы принтері) қотару қажет.
-



- Ұялы құрылғыдан қосылу керек принтерді тапқанда, принтерді таңдаңыз, сонда принтердің көрсеткіш шамы жыпықтайды. Wi-Fi қосылымын растайтын терезелер дисплей экранында пайда болғанда қалаулы опцияны басыңыз да, ол ұялы құрылғыңызға қосылады.
 - Егер ұялы құрылғы Wi-Fi Direct қолдамаса, принтердің «Ключ сети» енгізуіңіз керек.
-

NFC мүмкіндігін пайдалану (қосымша)



Машинаға NFC мүмкіндігін қосқыңыз келсе, опция тізімдерін тексеріңіз және тапсырыс беру үшін сатып алу орталығына хабарласыңыз (52-беттегі "Бар керек-жарақтар" қараңыз). Сымсыз жинақты (сымсыз жергілікті желі опциясы) орнатқан соң осы мүмкіндікті пайдалану үшін құрылғыны орнатыңыз.

Сымсыз және NFC (Near Field Communication) принтері ұялы телефоныңызды Сымсыз/NFC жинағыңыздың (сымсыз жергілікті желі опциясы) NFC белгісінің үстінде ұстап тұру арқылы ұялы телефоныңыздан тікелей басып шығаруға/сканерлеуге/факс жіберуге мүмкіндік береді. Ол үшін басып шығару драйверін орнату немесе қатынас орнына қосылуды қажет етпейді. NFC қолдайтын мобильді құрылғы ғана қажет. Осы мүмкіндікті пайдалану үшін, мобильді бағдарламаларды ұялы құрылғыға орнату қажет.



- Мобильді құрылғы қақпағының материалына байланысты, NFC анықталуы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
 - Пайдаланылған мобильді құрылғыға байланысты, тарату жылдамдығы өзгешеленуі мүмкін.
 - Бұл функция тек NFC белгісі бар үлгілер үшін қолжетімді (15-беттегі "Құрылғыға жалпы шолу" бөлімін қараңыз).
 - Ұялы құрылғыңызбен бірге келгеннен басқа қақпақты не батареяны немесе металл қақпақ/жапсырманы пайдалану NFC бұғаттауы мүмкін.
 - NFC құрылғылары байланыс орната алмаса,
 - Ұялы құрылғыдан корпусты немесе қақпақты алып, содан кейін әрекетті қайталаңыз.
 - Батареяны ұялы құрылғыдан қайта орнатып, содан кейін әрекетті қайталаңыз.
-

Талаптар

- NFC және Wi-Fi Direct қосылған, қолдау көрсетілетін мобильді бағдарламалар ұялы құрылғыларды Android 4.0 немесе одан кейінгі нұсқасымен орнатылған.
-



Android OS 4.1 немесе одан кейінгі нұсқа ғана NFC мүмкіндігін қосқанда мобильді құрылғыңызда Wi-Fi Direct мүмкіндігін автоматты түрде қосады. NFC мүмкіндігін пайдалану үшін мобильді құрылғыңызды Android OS 4.1 немесе одан кейінгі нұсқаға жаңартқан жөн.

- Wi-Fi Direct функциясы қосылған принтер (148-беттегі "Wi-Fi Direct желісін орнату" бөлімін қараңыз).

Қатысты бағдарламалар

NFC мүмкіндігімен пайдалануға болатын бірнеше бағдарлама бар. Бағдарламаларды Google Play Store дүкенінен жүктеуге болады.

- **Samsung Mobile Print:** Пайдаланушыларға фотосуреттерді, құжаттарды және веб-беттерді смартфон немесе планшеттен тікелей басып шығару, сканерлеу (көп функциялы принтерлері бар пайдаланушыларға ғана) немесе факс (көп функциялы принтерлері бар пайдаланушыларға ғана) арқылы алмасуға мүмкіндік береді (153-беттегі "Samsung Mobile Print бағдарламасын пайдалану" қараңыз).
- **Samsung Mobile Print Manager:** Пайдаланушыларға ұялы құрылғы көмегімен клондау және сымсыз орнату мүмкіндіктерін пайдалануға мүмкіндік береді (150-беттегі "Samsung Mobile Print Manager бағдарламасын пайдалану" қараңыз).

Samsung Mobile Print Manager бағдарламасын пайдалану

Бірнеше принтер бар болса және әр принтерге бірдей параметрлер орнату қажет болса, **Samsung Mobile Print Manager** бағдарламасы көмегімен мұны оңай жасауға болады. Параметрлерді көшіру үшін, принтердегі ұялы телефонның NFC белгісін түртіңіз және параметрді орнатқыңыз келетін принтерді түртіңіз.




Деректерді экспорттағанда бірнеше деректер сақтауға болады. Деректерді импорттағанда тізімнен деректі таңдап, импорттауға болады.


Экспорттау (параметрді ұялы құрылғыға көшіру)

- 1 NFC және Wi-Fi Direct қосылған мүмкіндіктері ұялы құрылғыда бар және Wi-Fi Direct мүмкіндігі принтерге қосылғанын тексеріңіз.
- 2 Ұялы құрылғыдан **Samsung Mobile Print Manager** бағдарламасын ашыңыз.



Samsung Mobile Print Manager бағдарламасы ұялы телефонда орнатылмаған болса, ұялы құрылғыдағы бағдарлама дүкеніне (Samsung Apps, Play Store) өтіңіз де, бағдарламаны тауып, жүктеңіз және әрекетті қайталаңыз.

- 3 **Экспорт** пәрменін басыңыз.
- 4 **ID** және **Password** өрісіне енгізіңіз.
 - **ID:** admin
 - **Пароль:** sec00000
- 5 Ұялы құрылғыны (әдетте ұялы құрылғының артқы жағында орналасқан) принтердегі NFC белгісі үстімен () белгілеңіз.
Ұялы құрылғы принтерге қосылуы үшін бірнеше секунд күте тұрыңыз.



- Кейбір мобильдік құрылғылар үшін, NFC белгісі мобильдік құрылғының артында орналаспауы мүмкін. Бекітудің алдында мобильді құрылғыңыздағы NFC белгісінің орналасқан жерін тексеріңіз.
- Импортталған кезде құрылғы қайта жүктеледі.

6 Қолданғыңыз келетін параметрлерді таңдаңыз және **OK** түймесін басыңыз.

7 Ұялы құрылғы экранындағы нұсқауды орындаңыз.

Импорттау (параметрлерді құрылғыға қолдану)

1 NFC және Wi-Fi Direct қосылған мүмкіндіктері ұялы құрылғыда бар және Wi-Fi Direct мүмкіндігі принтерге қосылғанын тексеріңіз.

2 Ұялы құрылғыдан **Samsung Mobile Print Manager** бағдарламасын ашыңыз.



Samsung Mobile Print Manager бағдарламасы ұялы телефонда орнатылмаған болса, ұялы құрылғыдағы бағдарлама дүкеніне (Samsung Apps, Play Store) өтіңіз де, бағдарламаны тауып, жүктеңіз және әрекетті қайталаңыз.

3 **Импорт** пәрменін таңдаңыз.

4 **ID** және **Password** өрісіне енгізіңіз.


- **ID:** admin
- **Пароль:** sec00000

5 Көшіргіңіз келетін параметрлерді таңдаңыз.

6 Ұялы құрылғы экранындағы нұсқауды орындаңыз.

7 Ұялы құрылғыны (әдетте ұялы құрылғының артқы жағында орналасқан) принтердегі NFC белгісі үстімен (NFC) белгілеңіз.

Ұялы құрылғы принтерге қосылуы үшін бірнеше секунд күте тұрыңыз.



- Кейбір мобильдік құрылғылар үшін, NFC белгісі мобильдік құрылғының артында орналаспауы мүмкін. Бекітудің алдында мобильді құрылғыңыздағы NFC белгісінің орналасқан жерін тексеріңіз.
- Клондаған кезде құрылғы құлыпталады.
- Клондаған кезде құрылғы құлыпталады.

Сымсыз орнату

Принтердегі ұялы телефонның NFC белгісін басу арқылы сымсыз орнатуды телефоннан принтерге көшіруге болады.

1 NFC және Wi-Fi Direct қосылған мүмкіндіктері ұялы құрылғыда бар және Wi-Fi Direct мүмкіндігі принтерге қосылғанын тексеріңіз.

2 Ұялы құрылғыдан **Samsung Mobile Print Manager** бағдарламасын ашыңыз.



Samsung Mobile Print Manager бағдарламасы ұялы телефонда орнатылмаған болса, ұялы құрылғыдағы бағдарлама дүкеніне (Samsung Apps, Play Store) өтіңіз де, бағдарламаны тауып, жүктеңіз және әрекетті қайталаңыз.

3 Ұялы құрылғының **Samsung Mobile Print Manager** экраны пайда болады.


Wi-Fi- Setup опциясын басыңыз.

4 **ID** және **Password** өрісіне енгізіңіз.

- **ID:** admin

- Пароль: sec00000

- 5 Қатынас орны (немесе сымсыз маршрутизатор) байланысқа қосылған болса, растау терезесі пайда болады, содан кейін **ОК** түймесін басыңыз.
Қатынас орны (немесе сымсыз маршрутизатор) қосылмаса, қажетті қатынас нүктесін (сымсыз маршрутизатор) таңдаңыз және **ОК** түймесін екі рет басыңыз.
- 6 Ұялы құрылғыны (әдетте ұялы құрылғының артқы жағында орналасқан) принтердегі NFC белгісі үстімен (NFC) белгілеңіз.
Ұялы құрылғы принтерге қосылуы үшін бірнеше секунд күте тұрыңыз.



Кейбір мобильдік құрылғылар үшін, NFC белгісі мобильдік құрылғының артында орналаспауы мүмкін. Бекітудің алдында мобильді құрылғыңыздағы NFC белгісінің орналасқан жерін тексеріңіз.

- 7 Ұялы құрылғы экранындағы нұсқауды орындаңыз.

Samsung Mobile Print бағдарламасын пайдалану

Samsung Mobile Print пайдаланушыларға фотосуреттерді, құжаттарды жән веб-беттерді тікелей смартфон немесе планшеттен басып шығару, сканерлеу (мультифункционалды принтерлері бар пайдаланушылар ғана) немесе факс (мультифункционалды принтерлері бар пайдаланушылар ғана) арқылы алмасуға мүмкіндік беретін тегін бағдарлама.

Басып шығару


- 1 Ұялы құрылғыда NFC және Wi-Fi Direct мүмкіндіктері және принтерде Wi-Fi Direct мүмкіндігі қосулы екенін тексеріңіз.
- 2 **Samsung Mobile Print** бағдарламасын ашыңыз.




Samsung Mobile Print бағдарламасы ұялы телефонда орнатылмаған болса, ұялы құрылғыдағы бағдарлама дүкеніне (Samsung Apps, Play Store) өтіңіз де, бағдарламаны тауып, жүктеңіз және әрекетті қайталаңыз.


3 Басып шығару режимін таңдаңыз.

4 Басып шығару қажет мазмұнды таңдаңыз.

Қажет болса,  белгішесін басып шығару опциясын өзгертіңіз.

5 Ұялы құрылғыны (әдетте ұялы құрылғының артқы жағында орналасқан) принтердегі NFC белгісі үстімен () белгілеңіз.

Ұялы құрылғы принтерге қосылуы үшін бірнеше секунд күте тұрыңыз.



Кейбір мобильдік құрылғылар үшін, NFC белгісі мобильдік құрылғының артында орналаспауы мүмкін. Бекітудің алдында мобильді құрылғыңыздағы NFC белгісінің орналасқан жерін тексеріңіз.

6 Принтер басып шығаруды бастайды.

Қолдау көрсетілетін мобильді бағдарламалар

Қолжетімді бағдарламалар

- **Samsung Mobile Print:** **Samsung Mobile Print** пайдаланушыларға фотосуреттерді, құжаттарды жән веб-беттерді тікелей смартфон немесе планшеттен басып шығару, сканерлеу (мультифункционалды принтерлері бар пайдаланушылар ғана) немесе факс (мультифункционалды принтерлері бар пайдаланушылар ғана) арқылы алмасуға мүмкіндік беретін тегін бағдарлама. **Samsung Mobile Print** тек Android және iOS смартфондарымен ғана емес, сонымен қатар iPod Touch және қалта компьютерімен үйлесімді. Ол ұялы құрылғыны желіге қосылған Samsung принтеріне немесе сымсыз принтерге Wi-Fi қатынасу нүктесі арқылы қосады. Жаңа драйверді орнату немесе желілік параметрлерді теңшеу қажет емес – жай ғана **Samsung Mobile Print** бағдарламасын орнатыңыз да, ол үйлесімді Samsung принтерлерін автоматты түрде анықтайды. Фотосуреттерді, веб-беттерді және PDF файлдарын басып шығару мүмкіндігіне қоса, сканерлеу де қолданады. Сізде Samsung көп функциясы болса, кез келген құжатты ұялы құрылғыңызда жылдам және оңай көру үшін JPG, PDF немесе PNG пішіміне сканерлеңіз (153-беттегі "Samsung Mobile Print бағдарламасын пайдалану" қараңыз).
- **Samsung Mobile Print Control:** Пайдаланушыларға аутентификацияға оңай қол жеткізуге көмектеседі. Бұл бағдарлама ұялы құрылғы көмегімен пайдаланушы аутентификациясын алу үшін бір әдіспен қамтамасыз етеді (153-беттегі "Samsung Mobile Print бағдарламасын пайдалану" қараңыз).
- **Samsung Mobile Print Manager:** Пайдаланушыларға ұялы құрылғы көмегімен клондау және сымсыз орнату мүмкіндіктерін пайдалануға мүмкіндік береді (150-беттегі "Samsung Mobile Print Manager бағдарламасын пайдалану", 152-беттегі "Сымсыз орнату" қараңыз).

Бағдарламаларды жүктеу

Бағдарламаларды жүктеу үшін, ұялы құрылғыдағы бағдарлама дүкеніне өтіп, "**Samsung Mobile Print / Samsung Mobile Print Control / Samsung Mobile Print Manager**" бағдарламасын іздеңіз. Осымен қатар компьютеріңіздегі Apple жабдықтары үшін iTunes кіруіңізге болады.

- **Samsung Mobile Print**
 - **Android:** Play Store дүкенінен **Samsung Mobile Print** іздеп, содан кейін бағдарламаны жүктеңіз.
 - **iOS:** App Store дүкенінен **Samsung Mobile Print** іздеп, содан кейін бағдарламаны жүктеңіз.
- **Samsung Mobile Print Control / Samsung Mobile Print Manager**
 - **Android:** Play Store дүкенінен **Samsung Mobile Print Controls** немесе **Samsung Mobile Print Manager** іздеп, содан кейін бағдарламаны жүктеңіз.

Қолданатын ұялы амалдық жүйе

- **Samsung Mobile Print**
 - Android OS 4,0 немесе жоғарырақ
 - iOS 8,0 немесе жоғарырақ
- **Samsung Mobile Print Control / Samsung Mobile Print Manager**
 - NFC және Wi-Fi Direct қосылған, қолдау көрсетілетін мобильді бағдарламалар ұялы құрылғыларды Android 4.0 немесе одан кейінгі нұсқасымен орнатылған.

Mopria™




- Mopria мүмкіндігін тек Mopria куәліктендірілген машиналар ғана пайдалана алады. Машинаңыз салынған қораптан Mopria куәліктендірілген логотипін іздеңіз.
- Принтер мен ұшқыр құрылғы бірдей желіге қосылғанына және байланыс қолжетімді екеніне көз жеткізіңіз.



Mopria™ басып шығару қызметі - кез келген Android телефоны не планшетінде (Android 4.4 не кейінгі нұсқасы) жаңа басып шығару функцияларын кеңейтетін мобильді басып шығару шешімі. Бұл қызметпен кез келген Mopria куәландырылған принтерге ұялы құрылғы ретінде қосымша орнатусыз қосылып және басып шығара аласыз. Көптеген Android бағдарламалары басып шығаруға қолдау көрсетеді, соның ішінде Chrome, Gmail, Gallery, Drive және Quickoffice.

Құрылғының Mopria арқылы басып шығаруға орнату

Mopria мүмкіндігін пайдалану үшін құрылғыда Bonjour(mDNS) және IPP протоколдары қажет. **Mopria** мүмкіндігін қосу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

- 1 Құрылғының желіге қосылуын тексеріңіз.
- 2 Internet Explorer, Safari немесе Firefox сияқты веб-шолғышты іске қосыңыз және шолғыш терезесіне құрылғының жаңа IP мекенжайын енгізіңіз.
Мысалы,

- 3 SyncThru™ Web Service веб-торабының жоғарғы оң жақ бұрышындағы **Вход** түймесін басыңыз.
- 4 **ИД** мен **Пароль** енгізіп, **Вход** түймесін басыңыз. Егер SyncThru™ Web Service жүйесіне бірінші рет кіріп отырған болсаңыз, төмендегі әдепкі идентификатор мен құпиясөзді енгізіңіз. Қауіпсіздік мақсаттарында әдепкі құпиясөзді ауыстыру ұсынылады.
 - **ИД:** admin
 - **Пароль:** sec00000
- 5 **Настройки > Параметры сети > Стандартный TCP/IP, LPR, IPP > IPP**.тармағын таңдаңыз. Содан кейін **Включить** таңдаңыз.

6 **Настройки** > **Параметры сети** > **mDNS** тармағын таңдаңыз. Содан кейін **Включить** таңдаңыз.

7 **Безопасность** > **Безопасность системы** > **Menu Management** > **Mopria** тармағын таңдаңыз. Содан кейін **Включить** таңдаңыз.

Мopria бағдарламасын құрылғыда орнату

Егер ұялы құрылғыңызда **Mopria Print Service** бағдарламасы орнатылмаған болса, ұялы құрылғыда App Store дүкенін (Play Store, App Store) ашыңыз, **Mopria Print Service** бағдарламасын іздеп, содан кейін бағдарламаны жүктеп орнатыңыз.

1 Android құрылғысының **Settings** мәзірінде, **Printing** түймесін түртіңіз.



Бұл опцияның орналасқан жері ұялы құрылғыңызға байланысты өзгешеленуі мүмкін. Егер **Printing** опциясын таба алмасаңыз, ұялы құрылғыңыздың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

2 **Print Services** тармағында **Mopria Print Service** түртіңіз.

3 **On/Off** жүгірткісін түртіп, **Mopria Print Service** қосыңыз.

Мopria арқылы басып шығару

Android құрылғысында Mopria арқылы басып шығару үшін:

1 Басып шығарғыңыз келетін электрондық пошта, фотосурет, электрондық бет немесе құжатыңызды ашыңыз.

2 Бағдарламадағы мәзірде **Print** тармағын түртіңіз.

3 **Принтеріңізді** таңдап, басып шығару опцияларын теңшеңіз.

4 Құжатты басып шығару үшін **Басып шығару** тармағын қайтадан түртіңіз.



Басып шығару тапсырмасын болдырмау үшін: **Notification Bar** жолағындағы басып шығару кезегінен құжатты таңдап жойыңыз.

AirPrint




AirPrint мүмкіндігін тек AirPrint куәліктендірілген машиналар ғана пайдалана алады. Машинаңыз салынған қораптан AirPrint куәліктендірілген белгісін іздеңіз.



- **AirPrint** Mac OS -тан(MacBook Pro, MacBook Air және iMAC) және iOS -тан (iPhone, iPad және iPod touch) тікелей басып шығаруға мүмкіндік береді. Сканерлеу және факспен жібеуі тек Mac OS жүйесіне қолжетімді. (Көп функциялы принтерлері бар пайдаланушыларға ғана)
- Принтер мен ұшқыр құрылғы бірдей желіге қосылғанына және байланыс қолжетімді екеніне көз жеткізіңіз.

AirPrint орнату


AirPrint мүмкіндігін пайдалану үшін құрылғыда Bonjour(mDNS) және IPP протоколдары қажет. **AirPrint** мүмкіндігі келесі әдістермен қосылуы мүмкін.

- 1 Құрылғының желіге қосылуын тексеріңіз.
- 2 Internet Explorer, Safari немесе Firefox сияқты веб-шолғышты іске қосыңыз және шолғыш терезесіне құрылғының жаңа IP мекенжайын енгізіңіз.
Мысалы,

- 3 SyncThru™ Web Service веб-торабының жоғарғы оң жағындағы **Вход** түймесін басыңыз.
- 4 **ИД** мен **Пароль** енгізіп, **Вход** түймесін басыңыз. Төмендегі әдепкі идентификаторды және құпия сөзді енгізіңіз. Қауіпсіздік мақсаттарында әдепкі құпиясөзді ауыстыру ұсынылады.
 - **ИД:** admin
 - **Пароль:** sec00000
- 5 **Настройки > Параметры сети > Стандартный TCP/IP, LPR, IPP > IPP**.тармағын таңдаңыз. Содан кейін **Включить** таңдаңыз.
- 6 **Настройки > Параметры сети > mDNS** тармағын таңдаңыз. Содан кейін **Включить** таңдаңыз.


7 **Безопасность** > **Безопасность системы** > **Menu Management** > **AirPrint** тармағын таңдаңыз. Содан кейін **Включить** таңдаңыз.

AirPrint арқылы басып шығару

Мысалы, iPad нұсқаулығында келесі нұсқаулар келтірілген:

- 1 Басып шығарғыңыз келетін электрондық пошта, фото, электрондық бет немесе құжатыңызды ашыңыз.
- 2 Әрекет белгісін () нұқыңыз.
- 3 Орнату үшін **принтеріңіздің драйвер атауын** және параметр мәзірін таңдаңыз.
- 4 **Басып шығару** түймешігін басыңыз. Оны басып шығарыңыз.




Басып шығаруды болдырмау: Басып шығаруды болдырмау немесе басып шығару есебін көру үшін мульти тапсырмалар өрісіндегі басып шығару орталығының белгішесін () басыңыз. Басып шығару орталығында болдырмау түймешігін басуға болады.

Samsung Cloud Print

Samsung Cloud Print - смартфоньыздан немесе планшетіңізден Samsung принтеріне немесе MFP құрылғысына басып шығару немесе сканерлеуге мүмкіндік беретін тегін бұлт қызметі. Samsung Cloud Print бағдарламасын орнатқаннан кейін, аутентификацияға арналған мобильді нөміріңізді пайдаланып, Samsung Cloud Print қызметі арқылы тіркеле аласыз. Басқа тіркелгі логині талап етілмейді, дегенмен қажет болса бағдарламаны Samsung тіркелгісіне байланыстыра аласыз.

Samsung Cloud Print туралы қосымша ақпарат алу үшін, (www.samsungcloudprint.com) Samsung веб-торабын қараңыз.



Samsung Cloud Print бағдарламасынан () түймесін бассаңыз, мобильді құрылғыңызды принтерге немесе MFP құрылғысына Wi-Fi пайдалану, NFC (Near Field Communication) белгісіне тию, QR-кодты сканерлеу немесе принтердің MAC мекенжайын енгізу арқылы жалғаңыз. Жұптастырылған соң, кез келген жерден басып шығаруға не сканерлеуге болады.

Принтеріңізді Samsung Cloud серверіне тіркеу

Samsung Cloud Print қызметінде принтеріңізді тіркеу үшін құрылғыңыздағы **Samsung Cloud Print** мүмкіндігін мобильді құрылғы немесе SyncThru™ Web Service арқылы белсендіру керек

Принтерді мобильді құрылғыдағы бағдарламадан тіркеу


Принтер оңай теңшелімді қолдаса, Wi-Fi арқылы принтерді тіркегеннен кейін ешқандай қосымша конфигурациясыз **Samsung Cloud Print** тікелей пайдалануға болады.

Келесі қадамдар - **Samsung Cloud Print** бағдарламасын Android ұялы телефоны арқылы пайдаланудың мысалы.

- 1 **Samsung Cloud Print** бағдарламасын ашыңыз.



Samsung Cloud Print бағдарламасы ұялы телефонда орнатылмаған болса, ұялы құрылғыдағы бағдарлама дүкеніне (Samsung Apps, Play Store, App Store) өтіңіз де, бағдарламаны тауып, жүктеңіз және әрекетті қайталаңыз.


- 2 **Samsung Cloud Print** бағдарламасынан () түймесін басыңыз.

- 3 Мобильді құрылғыңызды принтерге немесе MFP құрылғысына Wi-Fi пайдалану, NFC (Near Field Communication) белгісіне тию, QR-кодты сканерлеу немесе принтердің MAC мекенжайын енгізу арқылы жалғаңыз.

Веб-браузерді тіркеу



Принтеріңіздің іске қосылып, Интернетке қосылған сымды немесе сымсыз желімен байланысқанына көз жеткізіңіз.

- 1 Құрылғының желіге қосылуын тексеріңіз.
- 2 Internet Explorer, Safari немесе Firefox сияқты веб-шолғышты іске қосыңыз және шолғыш терезесіне құрылғының жаңа IP мекенжайын енгізіңіз.
Мысалы,

- 3 SyncThru™ Web Service веб-торабының жоғарғы оң жағындағы **Вход** түймесін басыңыз.
- 4 **ИД** мен **Пароль** енгізіп, **Вход** түймесін басыңыз. Егер SyncThru™ Web Service жүйесіне бірінші рет кіріп отырған болсаңыз, төмендегі әдепкі идентификатор мен құпиясөзді енгізіңіз. Қауіпсіздік мақсаттарында әдепкі құпиясөзді ауыстыру ұсынылады.
 - **ИД:** admin
 - **Пароль:** sec00000
- 5 SyncThru™ Web Service терезесі ашылғанда **Настройки** > **Параметры сети** > **Samsung Cloud Print** тармағын таңдаңыз.
- 6 **Режим работы** ішінде **Samsung Cloud Print Public** тармағын таңдаңыз.
Жеке ақпаратты пайдалануды сұрайтын диалогтік терезе шықса, ережелер мен шарттарды тексеру үшін **Privacy Policy** тармағын таңдаңыз. Ережелермен келісетіңізді білдіретін құсбелгісін таңдаңыз, содан кейін **Да** түймесін басыңыз. Диалогтік терезе жабылғанда, **Применить** пәрменін таңдаңыз.
Веб-служба жүйесі автоматты түрде қосылады.



Веб-служба жүйесі өшірілген болса, бұлт қызметіне қосылуға болмайды. **Веб-служба** жүйесін қосу үшін, **Безопасность** > **Безопасность системы** > **Управление функциями системы** тармағына өтіп, **Включить** құсбелгісін таңдаңыз..

- 7 Принтеріңіз **Samsung Cloud Print** қызметінде тіркелді.

Samsung Cloud Print пайдалану



Принтеріңіздің іске қосылып, Интернетке қосылған сымды немесе сымсыз желімен байланысқанына көз жеткізіңіз.

Мобильді құрылғыдағы бағдарламадан басып шығару

Келесі қадамдар - **Samsung Cloud Print** бағдарламасын Android ұялы телефоны арқылы пайдаланудың мысалы.

1 **Samsung Cloud Print** бағдарламасын ашыңыз.



Samsung Cloud Print бағдарламасы ұялы телефонда орнатылмаған болса, ұялы құрылғыдағы бағдарлама дүкеніне (Samsung Apps, Play Store, App Store) өтіңіз де, бағдарламаны тауып, жүктеңіз және әрекетті қайталаңыз.

2 Басып шығарғыңыз келетін құжатта опцияны тексеру түймешігін басыңыз.

3 Қажет болса, басып шығару параметрлерін орнатыңыз.

4 **Send Job** түртіңіз.

PrinterOn

PrinterOn бағдарламасын **PrinterOn** қызметіне Samsung принтер көмегімен тіркеу құжаттарды осы принтер арқылы әлемнің кез келген жерінен басып шығаруға мүмкіндік береді. **PrinterOn** қызметі iOS немесе Android құрылғыларыңыздағы **PrinterOn** мобильді бағдарламасынан басып шығаруға мүмкіндік береді.

PrinterOn мүмкіндігін пайдалану үшін принтеріңізді **PrinterOn** веб-торабында (www.printeron.com) тіркеу керек.

Тек әкімшілер ғана принтерді **PrinterOn** қызметінде тіркеп теңшей алады.

Бұл тарауда **PrinterOn** қызметіндегі барлық мүмкіндіктер түсіндірілмейді. Оның орнына, ол SyncThru™ Web Service бағдарламасынан принтерді **PrinterOn** қызметіне тіркеу әдісін түсіндіреді.

PrinterOn қызметі туралы қосымша ақпарат алу үшін, **PrinterOn** веб-торабына өтіңіз (www.printeron.com).

Принтеріңізді PrinterOn қызметіне тіркеу

Принтеріңізді **PrinterOn** қызметіне тіркеу үшін құрылғыңыздағы **PrinterOn** мүмкіндігін SyncThru™ Web Service бағдарламасы арқылы белсендіру керек.

Веб-браузерді тіркеу



Процесті бастар алдында принтеріңіз қосылу екеніне және Интернетке қосылатынына көз жеткізіңіз.

1 Құрылғының желіге қосылуын тексеріңіз.

2 Internet Explorer, Safari немесе Firefox сияқты веб-шолғышты іске қосыңыз және шолғыш терезесіне құрылғының жаңа IP мекенжайын енгізіңіз.

Мысалы,

3 SyncThru™ Web Service веб-торабының жоғарғы оң жағындағы **Вход** түймесін басыңыз.

4 **ИД** мен **Пароль** енгізіп, **Вход** түймесін басыңыз. Егер SyncThru™ Web Service жүйесіне бірінші рет кіріп отырған болсаңыз, төмендегі әдепкі идентификатор мен құпиясөзді енгізіңіз. Қауіпсіздік мақсаттарында әдепкі құпиясөзді ауыстыру ұсынылады.

- **ИД:** admin
- **Пароль:** sec00000

5 SyncThru™ Web Service терезесі ашылғанда **Настройки > Параметры сети > Google Cloud Print** тармағын таңдаңыз.

6 **PrinterOn Service** қосу үшін құсбелгіні таңдаңыз.

Жеке ақпаратты пайдалануды сұрайтын диалогтік терезе шықса, ережелер мен шарттарды тексеру үшін **Privacy Policy** тармағын таңдаңыз. Ережелермен келісетіңізді білдіретін құсбелгісін таңдаңыз, содан кейін **Да** түймесін басыңыз. Диалогтік терезе жабылғанда, **Применить** пәрменін таңдаңыз.

Веб-служба жүйесі автоматты түрде қосылады.



Веб-служба жүйесі өшірілген болса, бұлт қызметіне қосылуға болмайды. **Веб-служба** жүйесін қосу үшін, **Безопасность > Безопасность системы > Управление функциями системы** тармағына өтіп, **Включить** құсбелгісін таңдаңыз..

7 Принтеріңіз **PrinterOn** қызметінде тіркелді.

PrinterOn қызметін пайдалану

PrinterOn қызметін пайдалану арқылы басып шығару әдісі туралы нұсқауды алу үшін, **PrinterOn** қызметі веб-торағына өтіңіз (www.printeron.com).

Google Cloud Print™

Google Cloud Print™ - смартфонныңыз, планшет немесе желіге қосылған кез келген құрылғыларыңызды пайдаланып басып шығару мүмкіндігін беретін қызмет. Ол үшін небәрі Google аккаунтыңызды принтеріңіз үшін тіркеп, Google Cloud Print™ қызметін пайдаланыңыз. Құжат немесе электрондық пошта хабарламаңызды Chrome OS, Chrome шолғышы немесе мобильді құрылғыңыздағы Gmail™/ Google Docs™ бағдарламасын пайдаланып, басып шығаруға болады, яғни, мобильді құрылғыңызға принтер драйверін орнатудың қажет жоқ. Google Cloud Print™ туралы қосымша ақпарат алу үшін Google веб-торабын (<http://google.com/cloudprint/learn/> немесе <http://support.google.com/cloudprint>) қараңыз.

Принтеріңіз үшін Google аккаунтты тіркеу

Chrome шолғышы арқылы тіркеу



- Принтеріңіздің іске қосылып, Интернетке қосылған сымды немесе сымсыз желімен байланысқанына көз жеткізіңіз.
 - Алдын ала Google аккаунтын құру қажет.
-

- 1 Chrome шолғышын ашыңыз.
- 2 www.google.com кіріңіз.
- 3 Gmail™ мекенжайыңыз арқылы Google веб-торабына кіріңіз.
- 4 Мекенжай жолағына құрылғының IP мекенжайын егізіп, Enter пернесін немесе **Өту** түймесін басыңыз.
- 5 SyncThru™ Web Service веб-торабының жоғарғы оң жақ бұрышындағы **Вход** түймесін басыңыз.
- 6 **ИД** мен **Пароль** енгізіп, **Вход** түймесін басыңыз. Егер SyncThru™ Web Service жүйесіне бірінші рет кіріп отырған болсаңыз, төмендегі әдепкі идентификатор мен құпиясөзді енгізіңіз. Қауіпсіздік мақсаттарында әдепкі құпиясөзді ауыстыру ұсынылады.
 - **ИД: admin**
 - **Пароль: sec00000**



Желі ортасында прокси сервері қолданылса, прокси IP мекенжайы және порт нөмірі **Настройки > Параметры сети > Google Cloud Print > Параметры Proxy** тармағында енгізілуі тиіс. Қосымша ақпаратты алу үшін желілік қызметін ұсынушысы немесе желілік әкімшімен хабарласыңыз.

7 **SyncThru™ Web Service** терезесі ашылғанда **Настройки > Параметры сети > Google Cloud Print** тармағын таңдаңыз.

8 Принтеріңіздің атауы мен сипаттамасын енгізіңіз.

9 **Зарегистрировать** түймесін басыңыз.

Растау қалқымалы терезесі ашылады.



Браузеріңізді қалқымалы терезелерді көрсетпейтіндей баптасаңыз, растау терезесі ашылмайды. Сайтқа қалқымалы терезелерді көрсететіндей баптаңыз.

10 **Завершить регистрацию принтера** түймесін басыңыз.

11 **Управление вашими принтерами** түймесін басыңыз.

Принтеріңіз Google Cloud Print™ қызметінде тіркелді.

Google Cloud Print™ үшін қолжетімді құралдар тізімде көрсетіледі.

Google Cloud Print™ көмегімен басып шығару

Басып шығару үрдісі пайдаланылып отырған бағдарлама немесе құрылғыға байланысты өзгеруі мүмкін. Google Cloud Print™ қызметін қолдайтын бағдарламалар тізімі көрсетіледі.



Принтеріңіздің іске қосылып, Интернетке қосылған сымды немесе сымсыз желімен байланысқанына көз жеткізіңіз.




Мобильді құрылғыдағы бағдарламадан басып шығару

Келесі қадамдар Google Docs™ бағдарламасын Android ұялы телефоны арқылы пайдаланудың мысалы.

1 Мобильді құрылғыңызға Cloud Print бағдарламасын орнатыңыз.




Егер бағдарламаңыз болмаса, оны Android Market немесе App Store сияқты бағдарлама орталықтарынан жүктеуге болады.

- 2 Ұялы телефоныңыз арқылы Google Docs™ бағдарламасын ашыңыз.
- 3 Басып шығарғыңыз келетін құжатта опция  түймешігін басыңыз.
- 4 Жіберудің  түймешігін басыңыз.
- 5 Cloud Print  түймешігін басыңыз.
- 6 Қажет болса, басып шығару параметрлерін орнатыңыз.
- 7 **Click here to Print** түймесін басыңыз.

Chrome шолғышы арқылы басып шығару

Келесі қадамдар Chrome шолғышын пайдаланудың мысалы.

- 1 Chrome. іске қосыңыз.
- 2 Басып шығарылуы тиіс құжат немесе электрондық пошта хабарламасын ашыңыз.
- 3 Шолғыштың жоғары оң жақ бұрышындағы  бұрауыш белгішесін басыңыз.
- 4 **Басып шығару** түймесін басыңыз. Басып шығару үшін жаңа өріс пайда болады.
- 5 **Print with Google Cloud Print** таңдаңыз.
- 6 **Басып шығару** түймесін басыңыз.

Пайдалы параметр мәзірлері



Бұл тарауда машинаның ағымдағы күйін көру әдісі және машинаның кеңейтілген параметрлерін орнату әдісі түсіндіріледі.

• Тарауды оқуды бастаудан бұрын	169
• Информация	170
• Макет	171
<hr/>	
• Бумага	173
• Графика	174
• Настр. сист.	175
<hr/>	
• Эмуляция	179
• Мастер изобр.	180
• Сеть	181
<hr/>	
• Управление USB	183
• Управ. задан.	184
• PrinterOn	185

Тарауды оқуды бастаудан бұрын

Осы тарауда пайдаланушының мүмкіндіктерді оңай түсінуі үшін осы серия модельдері үшін қол жетімді барлық мүмкіндіктер түсіндірілген. Әр модель үшін қол жетімді мүмкіндіктерді Негізгі нұсқаулық нұсқаулығында тексере аласыз (25-беттегі "Мәзірді шолу"қараңыз).

Төменде осы тарауды қолдануға кеңестер келтірілген


- Басқару тақтасы құрылғы параметрлерін орнату немесе құрылғы функцияларын пайдалану үшін түрлі мәзірлерді ашуға мүмкіндік береді. Бұл мәзірлерге  (Меню) басу арқылы қатынасуға болады.
- Параметрлерге немесе модельдерге байланысты дисплейде кейбір мәзірлер пайда болмауы мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді.
- Басқару тақтасында  (Меню) түймесі жоқ модельдерде бұл мүмкіндік жоқ (18-беттегі "Басқару панеліне жалпы шолу"бөлімін қараңыз).
- Машинаңыздың параметрлеріне немесе моделіне байланысты кейбір мәзір атаулары басқа болуы мүмкін.

Информация



Параметрлерге немесе модельдерге байланысты дисплейде кейбір мәзірлер пайда болмауы мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді (25-беттегі "Мәзірді шолу" бөлімін қараңыз).

Мәзір параметрлерін өзгерту:

Басқару тақтасында  (Меню) > **Информация** тармағын басыңыз.


Элемент	Сипаттама
Структура меню	Осы машинаның орналасуын және ағымдағы параметрлерін көрсететін мәзір картасын басып шығарады.
Конфигурация	Машинаның жалпы теңшелімі туралы есепті басып шығарады.
Расх. материал	Басып шығарудың шығын материалдары туралы ақпарат беті.
Тест. страница	Құрылғының дұрыс немесе дұрыс емес басып шығаратынын тексеру үшін сынақ бетін басып шығарады.
Шрифт PCL	PCL қаріптерінің тізімін басып шығарады.
Шрифт PS	PS қаріптерінің тізімін басып шығарады.
Счетчик испол.	Пайдалану бетін басып шығарады. Пайдалану беті басып шығарылған беттердің жалпы санын қамтиды.
Учетная запись	Бұл пайдалану үшін тек SyncThru™ Web Admin Service бағдарламасында тапсырмаларды бақылау қосылғанда ғана қол жетімді болады. Әрбір пайдаланушы үшін басып шығару санағы туралы есепті басып шығаруға болады.
Конфигур. сети	Машинаның ағымдағы желі теңшелімі туралы есепті басып шығарады.



Макет





Параметрлерге немесе модельдерге байланысты дисплейде кейбір мәзірлер пайда болмауы мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді (25-беттегі "Мәзірді шолу" бөлімін қараңыз).

Мәзір параметрлерін өзгерту:

Басқару тақтасында  (Меню) > **Макет** тармағына өтіңіз.

Элемент	Сипаттама
Ориентация	<p>Ақпараттың бетте қай бағытта басып шығарылатынын таңдайды.</p> <ul style="list-style-type: none">• Книжная • Альбомная 
Общее поле	<ul style="list-style-type: none">• Одност. поля: Бір жақты басып шығару үшін шетті орнатады.• Двустор. поля: Екі жақты басып шығару үшін шетті орнатады.• Переплет: Қағаздың екі жағында да басып шығарғанда, мұқабаға ең жақын А бетінің шеті дәл мұқабаға ең жақын В бетінің шеті сияқты болады. Осы сияқты, мұқабадан ең алыс жақтардың шеттері бірдей болады.
МЦ-лоток	Көп мақсатты ысырмада қағаз шеттерін орнатады.
<Нет X>	Қағаз науалары үшін қағаз шеттерін орнатады.
Поле эмуляц.	Эмуляциялық басып шығару беті үшін қағаз шеттерін орнатады.


Элемент	Сипаттама
Двусторонняя	<p>Қағаздың екі жағында да басып шығару үшін мұқаба жиегін таңдаңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Выкл.: Осы параметрді ажыратады. • Длинный край  <ul style="list-style-type: none"> • Короткий край 


Бумага



Параметрлерге немесе модельдерге байланысты дисплейде кейбір мәзірлер пайда болмауы мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді (25-беттегі "Мәзірді шолу" бөлімін қараңыз).

Мәзір параметрлерін өзгерту:

Басқару тақтасында  (Меню) > **Бумага** тармағына өтіңіз.


Элемент	Сипаттама
Копии	Көшірмелердің санын таңдайды.
МЦ-лоток/ [Нет <x>]	<ul style="list-style-type: none">• Размер бумаги: Әдепкі қағаз өлшемін таңдайды.• Тип бумаги: Қазір ысырмаға қотарылған қағаз түрін таңдайды.
Источн. бумаги	Пайдалану үшін әдепкі қағаз науасын орнатады.  Авто: Қолданыстағы науа бос болғанда құрылғыны өлшемі бірдей науаға автоматты түрде орнатуға болады.

Графика



Параметрлерге немесе модельдерге байланысты дисплейде кейбір мәзірлер пайда болмауы мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді (25-беттегі "Мәзірді шолу" бөлімін қараңыз).

Мәзір параметрлерін өзгерту:

Басқару тақтасында  (Меню) > **Графика** тармағына өтіңіз.


Элемент	Сипаттама
Разрешение	Бір дюймге басып шығарылатын нүктелердің санын көрсетеді (dpi). Бұл параметр неғұрлым жоғары болса, басып шығарылатын таңбалар және сызбалықтар соғұрлым анық болады.
Очистить текст	Мәтінді қалыпты құжаттағыдан күңгірттеу етіп басып шығарады.
Усил. конт.	Оқуды оңтайландыру үшін пайдаланушыға мәтіннің айқындылығын баптауға мүмкіндік береді.
Автом. CR	Әрбір жолды тасымалдау үшін каретканы қайтаруды қосуға мүмкіндік береді. Бұл Unix немесе DOS пайдаланушыларына ыңғайлы.
Экран	Бұл параметр түс шығысының ажыратымдылығы мен айқындығына әсер етеді. <ul style="list-style-type: none">• Обычный: Бұл режим басып шығарылатын беттердің толығымен тегіс реңкте болуын қамтамасыз етеді.• Улучшенный: Бұл режим басып шығарылатын беттердің мәтіндерінің анық және графикалық/фото кескіндерінің тегіс болуын қамтамасыз етеді.• Резкий: Бұл режим басып шығарылатын беттер бөлшектерінің толығымен анық болуын қамтамасыз етеді.
Красковоспр.	Түрлі түсті басып шығару режимінде түс каналдарының сәйкессіздігінен туындайтын ақ бос орындарды азайтады. Қара мәтін түстердің үстінен басып шығарылады.


Настр. сист.






Параметрлерге немесе модельдерге байланысты дисплейде кейбір мәзірлер пайда болмауы мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді (25-беттегі "Мәзірді шолу" бөлімін қараңыз).



Мәзір параметрлерін өзгерту:

Басқару тақтасында  (Меню) > **Настр. сист.** тармағына өтіңіз.

Элемент	Сипаттама
Дата и время	Күн мен уақытты орнатады.
Режим часов	12 сағ және 24 сағ арасында уақытты көрсету пішімін таңдайды.
Язык	Басқару тақтасының дисплейінде шығатын мәтіннің тілін орнатады.
Энергосбереж.	Қуатты үнемдеу режиміне өту алдында машинаның қанша күтетінін орнатады. Машина ұзақ уақыт бойы деректерді алмаса, қуатты тұтыну автоматты түрде азайтылады.
Соб. пробужд.	Бұл опция Вкл. болғанда, құрылғыны келесі әрекеттер арқылы қуатты үнемдеу режимінен оятуға болады: <ul style="list-style-type: none">• Басқару тақтасындағы кез келген түймені басу.• Науаға қағаз салу.• Алдыңғы қақпақты ашу немесе жабу.• Науаны сыртқа тарту не ішке басу.  Егер құрылғыда сенсорлық экран болмаса, басқару тақтасындағы кез келген түймені басу арқылы құрылғыны осы параметр баптауының талабына қарамастан қуатты үнемдеу режимінен шығара аласыз.
Вр.ожид.задан.	Белгілі бір уақыт кезеңі бойында кіріс болмаса, машина ағымдағы тапсырманы болдырмайды. Машинаның тапсырманы болдырмау алдында күтетін уақытын орната аласыз.
Бумага по ум.	Сканерлеу өлшемін таңдауға мүмкіндік береді.
Над уров. моря	Басып шығару сапасын машинаның биіктігіне сәйкес оңтайландырыңыз (187-беттегі "Биіктікті реттеу").

Элемент	Сипаттама
Влажность	Басып шығару сапасын қоршаған орта ылғалдылығына сай баптайды.
Автопродолж.	<p>Қағаздың қағаз параметрлеріне сәйкес емес екенін анықтағанда, машинаның басып шығаруды жалғастыратын немесе жалғастырмайтынын анықтайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Выкл.: Егер қағаз сәйкес емес болса, машина дұрыс қағазды салғанша күтеді. • Вкл.: Егер қағаз сәйкес емес болса, құрылғы басып шығару үшін және басып шығаруды жалғастыру үшін дұрыс емес қағаз өлшемі болса да тиісті қағаз өлшемін таңдайды. Мысалы, жіберілген хат тек стандарт пішімінде, сондықтан хат стандр қағазында басып шығарылады.
Автосм. лот.	<p>Қағаздың қағаз параметрлеріне сәйкес емес екенін анықтағанда, құрылғының басып шығаруды жалғастыратын немесе жалғастырмайтынын анықтайды. Мысалы, 1-науаға да, 2-науаға да бір өлшемді қағаз салынған болса, құрылғы 1-науада қағаз таусылғанда, 2-науадан автоматты түрде басып шығарады.</p> <p> Бұл параметр принтер драйверінен Источник бумаги үшін Автоматически параметрін таңдасаңыз көрсетілмейді.</p>
Замена бумаги	Letter және А4 арасындағы қағаз сәйкессіздігін болдырмау үшін принтер драйверінің қағаз өлшемін автоматты түрде ауыстырады. Мысалы, науада А4 қағазы болса, бірақ принтер драйверінде қағаз өлшемін Letter деп орнатсаңыз, құрылғы А4 қағаз басып шығарады және керісінше.
Защ. лотка	Автосм. лот. функциясын пайдалану не пайдаланбауға болады. Егер 1-науаны қосулы етіп орнатсаңыз, науаларды ауыстырып қосу кезінде 1-науа шығарылады.
Режим лотка	<p>Науаны жапқанда құрылғы қағаз параметрлерін қажетті параметрлерге автоматты түрде ауыстыратынын не ауыстырмайтынын көрсетеді.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Статический: Науа параметрлері науаны ашып жапқанда өзгермейді. • Динамического: Қағаз сәйкессіздігі орын алғанда науаны ашып жапсаңыз, сол науа үшін қағаз параметрлері (өлшемі мен түрі) тапсырма үшін қажетті параметрлерге автоматты түрде ауысады. (Науаны Динамического режимінде ашып жапқанда, құрылғы науадағы қағаз тапсырма үшін қажетті өлшеммен және түрмен алмастырылғанын болжайды.)

Элемент	Сипаттама
Пр. пуст. стр.	Бет бос болсын, болмасын, принтер компьютерден басып шығару деректерін анықтайды. Бос бетті басып шығаруды немесе өткізіп жіберуді орнатуға болады.
Обслуживание	<ul style="list-style-type: none"> • Уд.сообщ.тон.: Бұл параметр тек тонер картриджі бос кезде ғана шығады. • Срок службы: Қанша беттер басып шығарылғанын және картриджде қанша тонер қалғанын тексеруге мүмкіндік береді. • Заканч. тонер: Егер картриджтегі тонер аяқталса, пайдаланушыға тонер картриджін ауыстыруды хабарлайтын хабар шығады. Осы хабарды шығу немесе шықпауы параметрін орната аласыз. • Мастер изобр.: Осы мәзірде контрастты реттеуге болады. • Электрон. диск: Тапсырмаларды басқару үшін электрондық дискіні қосады/өшіреді.
Эконом. тонера	Бұл режимді белсендіру тонер картриджінің қызмет көрсету мерзімін арттырады және әр беттің құнын қалыпты режимдегіден төмендетеді. Бірақ бұл басып шығару сапасын төмендетеді.
Параметры эко	<p>Басып шығару ресурстарын үнемдеп басып шығаруға мүмкіндік береді (45-беттегі "Үнемді басып шығару" қараңыз).</p> <ul style="list-style-type: none"> • Реж. по умолч.: Үнемдеу режимін қосу немесе өшіруді таңдаңыз. <p> Принудительно: Үнемдеу режимін қосу. Үнемдеу режимін өшіруді қаласа, пайдаланушы құпия сөзді енгізуі керек.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Выбрать шабл.: SyncThru™ Web Service. бағдарламасында Есо үлгісін таңдайды.
Режим испар.	<p>Басып шығару барысында су буының мөлшерін азайтуға болады.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Вкл.: Булану режимін қосады. • Выкл.: Булану режимін өшіреді. • Авто: Ылғалдылығы жоғары ортада пайдаланылғанда автоматты бу режиміне ауысады. <p> Режим испар. қосылу басып шығару жылдамдығын баялатуы мүмкін.</p>


Элемент	Сипаттама
Автовыкл. пит.	<p>Машина қуатты үнемдеу режимінде болғанда орнатылған уақыт өткеннен кейін қуатты автоматты түрде өшіру үшін Автовыкл. пит. > Вкл. > Время ожидания өтіңіз.</p> <p> • Құрылғыны қайта қосу үшін басқару тақтасында  (Питание/Пробуждение) түймесін басыңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Принтер драйвері немесе Samsung Easy Printer Manager қосылса, уақыт автоматты түрде ұзартылады. • Машина желіге қосылғанда немесе басып шығару тапсырмасын орындап жатқанда Автовыкл. пит. функциясы жұмыс істемейді.
Тих. режим	<p>Басып шығару шуын осы мәзірді қосу арқылы азайта аласыз. Бірақ, басып шығару жылдамдығы мен сапасы төмендеуі мүмкін.</p>
Р.укл.в стопку	<p>Құрылғыны ылғалдылығы жоғары жерде қолдансаңыз немесе жоғары ылғалдылық нәтижесінде ылғалданған басып шығару материалдарын пайдалансаңыз, басылымдар шығару науасында иілмелі болып, дұрыс жинақталмауы мүмкін. Бұл жағдайда, басылымдар тығыз жинақталуы үшін машинаны осы функцияны пайдалануға орната аласыз. Бірақ, бұл функцияны пайдаланған кезде басып шығару жылдамдығы төмендейді.</p>
Интеллектуальная двусторонняя печать	<p>Екі жақты басып шығару параметрі қосылып тұрса да, тек бір түпнұсқа бетті немесе бос бетті басып шығарғанда бір жақты басып шығару режимін пайдаланады.</p>

Эмуляция



Параметрлерге немесе модельдерге байланысты дисплейде кейбір мәзірлер пайда болмауы мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді (25-беттегі "Мәзірді шолу" бөлімін қараңыз).

Мәзір параметрлерін өзгерту:

Басқару тақтасында  (Меню) > Эмуляция тармағына өтіңіз.


Элемент	Сипаттама
Тип эмуляции	Машинаның тілі компьютердің машинамен байланысу әдісін анықтайды.
Настройка	Таңдалған эмуляция түрі үшін егжей-тегжейлі параметрлерді орнатады.


Мастер изобр.



Параметрлерге немесе модельдерге байланысты дисплейде кейбір мәзірлер пайда болмауы мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді (25-беттегі "Мәзірді шолу" бөлімін қараңыз).

Мәзір параметрлерін өзгерту:

Басқару тақтасында  (Меню) > **Мастер изобр.** тармағына өтіңіз.

Параметр	Сипаттама
Выбор цвета	<p>Бұл мәзір кереғарлықты түс-түсімен баптауға мүмкіндік береді.</p> <ul style="list-style-type: none">• По умолчанию: Әдепкі мәнге қайту.• Плотн. печати: Басып шығару үшін түс тығыздығын өз бетімен мүмкіндік береді. Басып шығару тығыздығын лайықтаңыз. <p>Түстің аса оңтайлы сапасы үшін По умолчанию setting for best color quality.</p>
Автоподбор цветов	<p>Құрылғы түсті басып шығару күйін калибрлеу үшін виртуалды түрде бірнеше үлгі бейнелерін басып шығарады. Бұл функция түрлі түсті бейнені айқын және анық етіп оңтайландырады, яғни құрылғы бейнені қағазға монитордағыға қарағанда жақсартып басып шығарады.</p> <p> Машина орнынан жылжытылса, бұл мәзірді қолмен реттеу ұсынылады.</p>
Регул. тона	<ul style="list-style-type: none">• Авторег. тона: Түсті ең үздік басып шығару сапасына баптауға мүмкіндік береді.

Сеть






Параметрлерге немесе модельдерге байланысты дисплейде кейбір мәзірлер пайда болмауы мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді (25-беттегі "Мәзірді шолу" бөлімін қараңыз).


Мәзір параметрлерін өзгерту:

Басқару тақтасындағы  (Меню) > Сеть тармағына өтіңіз.



Бұл функцияны SyncThru™ Web Service арқылы да пайдалануға болады. Желіге қосылған компьютерде Веб шолғышты ашып, құрылғыңыздың IP мекенжайын енгізіңіз. SyncThru™ Web Service терезесі ашылғанда **Настройки > Параметры сети** тармағын таңдаңыз (204-беттегі "SyncThru™ Web Service" қараңыз).

Параметр	Сипаттама
TCP/IP (IPv4)	Желі ортасын пайдалану үшін тиісті протоколды таңдайды және параметрлерді теңшейді (134-беттегі "IP мекенжайды орнату" қараңыз).  Орнатылатын көптеген параметрлер бар. Сенімді болмасаңыз, осы түрінде қалдырыңыз немесе желілік әкімшіден сұраңыз.
TCP/IP (IPv6)	Желі ортасын IPv6 арқылы пайдалану үшін осы параметрді таңдайды (135-беттегі "IPv6 конфигурациясы" бөлімін қараңыз).
Ethernet	Желі арқылы беру жылдамдығының параметрлерін реттеңіз.  Бұл функция өзгертілгеннен кейін қуатты өшіріңіз.
802.1x	Желілік байланыс үшін пайдаланушының түпнұсқалық растамасын таңдай аласыз. Егжей-тегжейлі ақпаратты желілік әкімшіден сұраңыз.
Wi-Fi ^a	Сымсыз желіні пайдалану үшін осы параметрді таңдаңыз.
Сброс настроек	Желі параметрлерін әдепкі мәндеріне қайтарады.  Құрылғыны өшіріп, қосыңыз.
NFC ^a	NFC мүмкіндігін пайдалану үшін, осы опцияны таңдаңыз.

Параметр	Сипаттама
Конфигур. сети	Бұл тізім құрылғының желі байланысы мен конфигурациясы бойынша мәліметтерді көрсетеді (134-беттегі "Желі конфигурациясы есебін басып шығару" қараңыз).
Мастер проток.	Протокол параметрлерін орната аласыз.  Бұл функция өзгертілгеннен кейін қуатты өшіріңіз.

а.Бұл параметр қосымша Wi-Fi/NFC жинағы орнатылған кезде қолжетімді.


Управление USB



Параметрлерге немесе модельдерге байланысты дисплейде кейбір мәзірлер пайда болмауы мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді (25-беттегі "Мәзірді шолу" бөлімін қараңыз).

Бұл функцияны пайдаланғыңыз келсе, USB жады картасын құрылғыңыздың USB жады портына қосыңыз.

Мәзір параметрлерін өзгерту:

Басқару тақтасында  (Меню) > **Управление USB** тармағына өтіңіз (47-беттегі "USB жад құрылғысын қолдану" қараңыз).


Элемент	Сипаттама
Печать из	USB жад құрылғысында сақталған файлдарды тікелей басып шығара аласыз.
Управ. файлами	USB жад құрылғысында сақталған суреттерді бір-бірлеп өшіруіңізге болады, немесе құрылғыны қайта форматтау арқылы барлығын бірден өшіруге болады.
Провер. место	Құжаттарды сақтау үшін қолжетімді жады көлемін тексеруге болады.

Управ. задан.



Параметрлерге немесе модельдерге байланысты дисплейде кейбір мәзірлер пайда болмауы мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді (25-беттегі "Мәзірді шолу" бөлімін қараңыз).

Мәзір параметрлерін өзгерту:

Басқару тақтасында  (Меню) > **Управ. задан.** тармағына өтіңіз.

Элемент	Сипаттама
Текущее задан.	Басып шығаруды күтіп тұрған басып шығару тапсырмаларының тізімін көрсетеді.
Защищ. задание	Дискіде сақталған басып шығару тапсырмаларының тізімдерін көрсетеді.
Сохран. задан.	Дискіде сақталған басып шығару тапсырмаларының тізімдерін көрсетеді.
Политика файлов	Жадта енгізген жаңа файл атауы әлдеқашан бар болса, оның атын өзгертуге немесе қайта жазуға болады.

PrinterOn



Параметрлерге немесе модельдерге байланысты дисплейде кейбір мәзірлер пайда болмауы мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді (25-беттегі "Мәзірді шолу" бөлімін қараңыз).

Принтеріңізді **PrinterOn** қызметіне тіркеу үшін құрылғыңыздағы **PrinterOn** мүмкіндігін SyncThru™ Web Service бағдарламасы арқылы белсендіру керек. (163-беттегі "Принтеріңізді PrinterOn қызметіне тіркеу" бөлімін қараңыз).

Бұл **PrinterOn** қосылған болса ғана қолжетімді. Осы мәзірде көрінетін ішкі мәзірлер құрылғының **PrinterOn** серверіне қосылған-қосылмағанына байланысты әртүрлі болуы мүмкін



PrinterOn мүмкіндігін пайдаланудан бұрын құрылғының желілік байланысын теңшеу керек. Желілік байланысын теңшеген соң құрылғыға қосыла алмасаңыз, желінің сыртқы Интернет қосылымын тексеру керек.

PrinterOn мүмкіндігі қосылған кезде Шығарылым коды режиміне не Авто режиміне орнатуға болады. Осы режимдерді **PrinterOn** серверінде өзгертуге болады.

- **Код выдачи:** Пайдаланушылар **PrinterOn** мүмкіндігі арқылы жіберілген құжатты басып шығару үшін Шығарылым кодын енгізу керек.
 - **Авто:** Пайдаланушы шығарылым кодын енгізбесе де, құрылғы **PrinterOn** арқылы жіберілген құжаттарды автоматты түрде басып шығарады.
-

Арнайы мүмкіндіктер

Бұл тарауда арнайы басып шығару мүмкіндіктері түсіндірілген.

- Биіктікті реттеу 187
- Түрлі таңбаларды енгізу 188
- Басып шығару мүмкіндіктері 190

Биіктікті реттеу

Басып шығару сапасына атмосфералық қысым әсер етеді. Оны машинаның теңіз деңгейінен биіктігі анықтайды. Төмендегі ақпарат ең жақсы басып шығару сапасы үшін машинаны теңшеу әдісін көрсетеді.

Биіктік мәнін орнату алдында орналасу орныңыздың теңіз деңгейінен биіктігін анықтаңыз.

- **Обычная:** 0-1 000 м(3 280 фут)
- **Высота 1:** 1 000 м(3 280 фут)-2 000 м(6 561 фут)
- **Высота 2:** 2 000 м(6 561 фут)-3 000 м(9 842 фут)
- **Высота 3:** 3 000 м(9 842 фут)-4 000 м (13 123 фут)
- **Высота 4:** 4 000 м(13 123 фут)-5 000 м(16 404 фут)

Биіктік деңгейі Samsung Easy Printer Manager бағдарламасында **Параметры устройств** пайдаланып орнатыла алады.

- Егер құрылғыңыз жергілікті желіге қосылған болса, құрылғы параметрін **Samsung Easy Printer Manager > Дополнительно > Параметры устройств** мәзірінен орната аласыз (214-беттегі "Samsung Easy Printer Manager бағдарламасын пайдалану" қараңыз).
- Егер құрылғы желіге қосылған болса, құрылғы параметрлерін **SyncThru™ Web Service > Настройки** қойындысы > **Параметры устройства** терезесінде орнатуға болады (204-беттегі "SyncThru™ Web Service" қараңыз).



- Егер құрылғы желіге қосылған болса, теңіз деңгейінен биіктік мәнін SyncThru™ Web Service арқылы орнатуға болады (204-беттегі "SyncThru™ Web Service" бөлімін қараңыз).
 - Сондай-ақ, теңіз деңгейінен биіктік мәнін құрылғы дисплейінің **Настр. сист.** параметрінде орнатуға болады (28-беттегі "Құрылғының негізгі параметрлері" бөлімін қараңыз).
-

Түрлі таңбаларды енгізу

Түрлі тапсырмалар орындалғанда, атаулар мен сандарды енгізу қажет болуы мүмкін.

Әріптік-сандық таңбаларды енгізу

Дисплейде тиісті әріп пайда болғанша, түймені басып тұрыңыз. Мысалы, О әрпін енгізу үшін, MNO болып белгіленген 6 санын басыңыз. 6 санын басқан сайын, дисплейде M, N, O, m, n, o әріптері және соңында 6 саны көрсетіледі. Енгізгіңіз келетін әріпті табу үшін 188-беттегі "Пернетақтадағы әріптер мен сандар" қараңыз.



- 1 түймесін екі рет басу арқылы бос орын енгізуге болады.
- Соңғы сан немесе әріпті өшәру үшін тілше түймешігін басыңыз.

Пернетақтадағы әріптер мен сандар



- Құрылғыңыздың параметрлеріне немесе моделіне байланысты арнайы таңба жиындары басқа болуы мүмкін.
- Орындап жатқан тапсырмаға байланысты келесі кілт мәндерінің кейбіреулері көрсетілмеуі мүмкін.

Перн е	Тағайындалған сандар, әріптер және таңбалар
1	@ / . ' 1
2	A B C a b c 2
3	D E F d e f 3
4	G H I g h i 4
5	J K L j k l 5
6	M N O m n o 6
7	P Q R S p q r s 7
8	T U V t u v 8
9	W X Y Z w x y z 9
0	& + - , 0
*	* % ^ _ ~ ! # \$ () [] (Бұл таңбалар желі аутентификациясы үшін енгізгенде қол жетімді.)

Перне	Тағайындалған сандар, әріптер және таңбалар
#	# = ? " : { } < > ; (Бұл таңбалар желі аутентификациясы үшін енгізгенде қол жетімді.)

Басып шығару мүмкіндіктері




- Негізгі басып шығару мүмкіндіктерін Негізгі нұсқаулық қараңыз (40-беттегі "Негізгі басып шығару" бөлімін қараңыз).
 - Егер сіз Mac, Linux немесе UNIX операциялық жүйелерінің бірін пайдалансаңыз, Samsung веб-сайтындағы Пайдаланушы нұсқалығы құжатын қараңыз, ол <http://www.samsung.com> > өніміңізді табыңыз > Қолдау көрсету немесе Жүктеп алуға болатын құжаттар бөлімінде орналасқан.
-


Әдепкі басып шығару параметрлерін өзгерту



Windows бағдарламаларының көпшілігі принтер драйверінде көрсетілген параметрлерді қайта анықтайды. Алдымен бағдарламада барлық қол жетімді принтер параметрлерін өзгертіңіз, содан кейін қалған параметрлерді принтер драйверін пайдаланып өзгертіңіз.

- 1 Windows XP Service Pack 3/Server 2003 жүйесінде **Бастау** тармағын таңдаңыз.
 - Windows Server 2008/Vista жүйесі үшін **Бастау** мәзірінен **Басқару тақтасын** > **Жабдық және дыбыс** > **Принтерлер** тармағын таңдаңыз.
 - Windows 7 жүйесі үшін **Бастау** мәзірінен **Басқару тақтасы** > **Құрылғылар мен принтерлер** тармағын таңдаңыз.
Windows 8 жүйесі үшін **Charms(Charms)** бөлімінен **Іздеу** > **Параметрлер** > **Басқару тақтасы** > **Құрылғылар мен принтерлер** тармағын таңдаңыз.
 - Windows Server 2008 R2 жүйесінде **Басқару тақтасы** > **Жабдық** > **Құрылғылар мен принтерлер** тармағын таңдаңыз.
 - Windows 10 / Windows Server 2016 жүйесі үшін
Тапсырмалар жолағындағы **Іздеу** енгізу аймағына **Құрылғылар мен принтерлер** сөзін енгізіңіз. Enter пернесін басыңыз.
НЕМЕСЕ
Бастау () белгішесінде **Параметрлер** > **Құрылғылар** > **Принтерлер мен сканерлер** > **Құрылғылар мен принтерлер** тармағын таңдаңыз.
-



Бастау () белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен басып **Басқару тақтасы** > **Құрылғылар мен принтерлер** тармағын таңдауға болады.

- 2 Құрылғыңызды тінтуірдің оң жақ пернесімен басыңыз.

3 Windows XP 3-жаңарту бумасы/Server 2003/Server 2008/Vista жүйелерінде **Басып шығару теңшелімдері** пәрменін таңдаңыз.

Windows 7/Windows 8/Windows Server 2008 R2/Windows 10 / Windows Server 2016 жүйелері үшін мәтінмәндік мәзірлерде **Басып шығару теңшелімдері** пәрменін таңдаңыз.



Басып шығару теңшелімдері терезесінде ► белгісі болса, таңдалған принтерге қосылған басқа принтер драйверлерін таңдай аласыз.

4 Әр қойындыда параметрлерді өзгертіңіз.

5 **OK** түймесін басыңыз.



Әр басып шығару тапсырмасы үшін параметрлерді өзгерту қажет болса, оны **Басып шығару теңшелімдері** тармағында өзгертіңіз.

Құрылғыны әдепкі құрылғы ретінде орнату

1 Windows XP Service Pack 3/Server 2003 жүйесінде **Бастау** тармағын таңдаңыз.

- Windows Server 2008/Vista жүйесі үшін **Бастау** мәзірінен **Басқару тақтасын > Жабдық және дыбыс > Принтерлер** тармағын таңдаңыз.

- Windows 7 жүйесі үшін **Бастау** мәзірінен **Басқару тақтасы > Құрылғылар мен принтерлер** тармағын таңдаңыз.


Windows 8 жүйесі үшін **Charms(Charms)** бөлімінен **Іздеу > Параметрлер > Басқару тақтасы > Құрылғылар мен принтерлер** тармағын таңдаңыз.

- Windows Server 2008 R2 жүйесінде **Басқару тақтасы > Жабдық > Құрылғылар мен принтерлер** тармағын таңдаңыз.


- Windows 10 / Windows Server 2016 жүйесі үшін

Тапсырмалар жолағындағы **Іздеу** енгізу аймағына **Құрылғылар мен принтерлер** сөзін енгізіңіз. Enter пернесін басыңыз.

НЕМЕСЕ

Бастау () белгішесінде **Параметрлер > Құрылғылар > Принтерлер мен сканерлер > Құрылғылар мен принтерлер** тармағын таңдаңыз.



Бастау () белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен басып **Басқару тақтасы > Құрылғылар мен принтерлер** тармағын таңдауға болады.

2 Құрылғыны таңдаңыз.

3 Құрылғыны тінтуірдің оң жақ түймесімен нұқыңыз және **Әдепкі принтер ретінде орнату** параметрін таңдаңыз.



Windows 7 немесе Windows Server 2008 R2 жүйесінде **Әдепкі принтер ретінде орнату** терезесінде ► белгісі болса, таңдалған принтерге қосылған басқа принтер драйверлерін таңдай аласыз.

Keңейтілген басып шығару мүмкіндіктерін пайдалану



XPS принтер драйвері: XPS файл пішімін басып шығару үшін пайдаланылады.


- 5-беттегі "Үлгілер бойынша мүмкіндіктер" қараңыз.
 - XPS принтер драйверін тек Windows Vista немесе одан жоғары жүйеде орнатуға болады.
 - XPS тапсырмасы принтердің жады таусылғандықтан басып шығарылмаса, қосымша жадты орнатыңыз.
 - Samsung веб-торабында XPS драйверін беретін модельдерде <http://www.samsung.com> > өнімді табу > Қолдау немесе жүктеулер.
-




Принтердің арнайы мүмкіндіктерін түсіну






Құрылғыны пайдалану барысында қосымша басып шығару мүмкіндіктерін пайдалануға болады.

Принтер драйвері беретін принтер мүмкіндіктерінің артықшылығын пайдалану мақсатында басып шығару параметрлерін өзгерту үшін бағдарламаның **Сипаттар** терезесінде **Теңшелімдер** немесе **Басып шығару** пәрменін таңдаңыз. Принтер сипаттары терезесінде шығатын машина атауы пайдаланылатын машинаға байланысты басқа болуы мүмкін.





- Параметрлерге немесе модельдерге байланысты дисплейде кейбір мәзірлер пайда болмауы мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді.
- **Справка** мәзірін таңдаңыз немесе терезеде  түймесін басыңыз немесе пернетақтада **F1** пернесін басыңыз және мәліметтер алғыңыз келетін кез келген параметрді нұқыңыз (44-беттегі "Анықтаманы пайдалану" бөлімін қараңыз).

Элемент	Сипаттама
<p>Несколько страниц на стороне</p> 	<p>Бір парақта басып шығару керек беттердің санын таңдайды. Бір парақта бірнеше бет басып шығару үшін беттердің өлшемін азайту және көрсетілген ретпен реттеу керек. Бір парақта 16-ға дейін бет басып шығаруға болады.</p>
<p>Плакат</p> 	<p>Бір беттік құжатты 4 (2x2 өлшемді афиша), 9 (3x3 өлшемді афиша) немесе 16 (4x4 өлшемді афиша) параққа басып шығарады. Содан кейін парақтар біріктіріліп, бір афиша өлшемді құжат алынады.</p> <p>Перекрытие частей плаката мәнін таңдаңыз. Парақтарды бір біріне жабыстыру оңай болуы үшін орналастыру Основные қойындысының жоғарғы оң жағында айырып-қосқышты таңдау арқылы Перекрытие частей плаката мәнін миллиметрлермен немесе дюймдермен көрсетіңіз.</p> 


Элемент	Сипаттама
<p>Брошюра^a</p> 	<p>Құжатты парақтың екі жағында да басып шығарады және беттерді басып шығарғаннан кейін кітапша жасау үшін бетті бүгуге болатындай реттейді.</p> <p> • Кітапша жасау керек болса, Letter, Legal, A4, US Folio немесе Oficio өлшемді баспа материалы қажет.</p> <p>• Брошюра параметрі барлық қағаз өлшемдері үшін қол жетімді емес. Қандай қағаз өлшемдері бар екенін көру үшін Бумага қойыншасында бар қағаз Размер параметрін таңдаңыз.</p> <p>• Қол жетімді емес қағаз өлшемін таңдасаңыз, бұл параметр автоматты түрде болдырылмайды. Тек қол жетімді қағаздарды ( немесе  таңбасы жоқ) таңдаңыз.</p>
<p>Двусторонняя печать</p>	<p>Парақтың екі жағында да басып шығару. Басып шығару алдында құжаттың бағдарын таңдаңыз.</p> <p> Бұл мүмкіндікті Letter, Legal, A4, US Folio немесе Oficio өлшемді қағазда пайдалануға болады</p>

Элемент	Сипаттама
<p data-bbox="284 813 576 846">Двусторонняя печать</p>	<p data-bbox="627 293 683 349"></p> <p data-bbox="711 309 1469 409">Опцияларға немесе модельдерге байланысты кейбір мәзірлер дисплейде шықпауы мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді.</p> <ul data-bbox="627 443 1442 667" style="list-style-type: none"> <li data-bbox="627 443 1442 544">• Настройки по умолчанию: Бұл параметрді таңдасаңыз, бұл мүмкіндік машинаның басқару тақтасында таңдаған параметрлермен анықталады. <li data-bbox="627 555 979 589">• Нет: функцияны өшіреді. <li data-bbox="627 600 1342 667">• Длинная кромка: Бұл мұқаба – мұқаба жасауда жиі пайдаланылатын орналасу. <div data-bbox="647 689 1043 891"> </div> <ul data-bbox="627 913 1474 981" style="list-style-type: none"> <li data-bbox="627 913 1474 981">• Короткая кромка: Бұл параметр күнтізбелерді қолданылатын әдеттегі орналасу. <div data-bbox="683 1003 1118 1279"> </div> <ul data-bbox="627 1301 1422 1413" style="list-style-type: none"> <li data-bbox="627 1301 1422 1413">• Двустор. печать в обр. порядке: Екі жақты басып шығару кезінде басып шығару ретін кері ету үшін осы параметрге құсбелгі қойыңыз.
<p data-bbox="284 1440 544 1473">Параметры бумаги</p> <div data-bbox="288 1496 564 1637"> </div>	<p data-bbox="627 1496 1474 1597">Құжатты үлкейту немесе кішірейту пайызын енгізу арқылы құжаттың өлшемін басып шығарылатын бетте үлкенірек немесе кішірек болатындай өзгертеді.</p>
<p data-bbox="284 1682 472 1715">Водяной знак</p> <div data-bbox="288 1731 437 1921"> </div>	<p data-bbox="627 1720 1474 1899">Су таңбасы параметрі бар құжа үстінен мәтінді басып шығаруға мүмкіндік береді. Мысалы, оны құжаттың бірінші бетінде немесе барлық беттерінде диагональ бойынша «DRAFT» немесе «CONFIDENTIAL» үлкен, сұр әріптердің басып шығарылуы керек болғанда пайдалануға болады.</p>

Элемент	Сипаттама
<p>Водяной знак (Су таңбасын жасау)</p>	<p>a. Бағдарламада басып шығару параметрлерін өзгерту үшін Басып шығару теңшелімдері тармағына өтіңіз.</p> <p>b. Дополнительно қойындысын нұқыңыз, Водяной знак ашылмалы тізімінде Правка пәрменін таңдаңыз. Изменение водяных знаков терезесі шығады.</p> <p>c. Текст водяного знака өрісіне мәтіндік хабарды енгізіңіз. 256-ға дейін таңба енгізуге болады. Хабар алдын ала қарау терезесінде көрсетіледі.</p>
<p>Водяной знак (Су таңбасын өңдеу)</p>	<p>a. Бағдарламада басып шығару параметрлерін өзгерту үшін Басып шығару теңшелімдері тармағына өтіңіз.</p> <p>b. Дополнительно қойындысын нұқыңыз, Водяной знак ашылмалы тізімінде Правка пәрменін таңдаңыз. Изменение водяных знаков терезесі шығады.</p> <p>c. Текущие водяные знаки тізімінде өңдеу керек су таңбасын таңдап, су таңбасының хабарын және параметрлерін өзгертіңіз.</p> <p>d. Өзгертулерді сақтау үшін Обновить пәрменін таңдаңыз.</p> <p>e. Басып шығару терезесінен шығудың алдында OK немесе Басып шығару басыңыз.</p>
<p>Водяной знак (Су таңбасын жою)</p>	<p>a. Бағдарламада басып шығару параметрлерін өзгерту үшін Басып шығару теңшелімдері тармағына өтіңіз.</p> <p>b. Дополнительно қойындысын нұқыңыз, Водяной знак ашылмалы тізімінде Правка пәрменін таңдаңыз. Изменение водяных знаков терезесі шығады.</p> <p>c. Текущие водяные знаки тізімінде жою керек су таңбаларын таңдаңыз және Удалить түймесін басыңыз.</p> <p>d. Басып шығару терезесінен шығудың алдында OK немесе Басып шығару басыңыз.</p>

Элемент	Сипаттама
<p>Наложение ^a</p> 	<p>Бұл параметр PCL/SPL принтер драйверін пайдаланғанда ғана қол жетімді.</p> <p>Оверлей — компьютердің қатты дискісінде арнайы файл пішімі түрінде сақталатын және кез келген құжатта басылып шығатын мәтін және/немесе суреттер. Оверлейлер әдетте дайын бланк қағазының орнына қолданылады. Алдын ала басып шығарылған бланкты пайдаландудың орнына дәл қазір бланкта бар ақпаратты қамтитын қабаттасуды жасауға болады.</p> <p>Компанияның бланкымен хатты басып шығау үшін машинаға алдын ала басып шығарылған бланк қағазын жүктеудің қажеті жоқ: жай құжатта бланк қабаттасуын басып шығарыңыз.</p> <p>Бет оверлейін пайдалану үшін, логотипті немесе суретті қамтитын жаңа бет оверлейін жасау керек.</p> <p> • Оверлей құжатының өлшемі оверлеймен басылатын құжаттың өлшемімен бірдей болуы керек. Қабаттасуды су таңбасымен бірге жасамаңыз.</p> <p>• Оверлей құжатының ажыратымдылығы сонымен бірге басылып шығатын құжаттың ажыратымдылығымен бірдей болуы керек.</p>
<p>Наложение ^a (Жаңа бет қабаттасуын жасау)</p>	<p>Бет оверлейін пайдалану үшін, логотипті немесе суретті қамтитын жаңа бет оверлейін жасау керек.</p> <p>a. Жаңа бет қабаттасуында пайдалану керек мәтін немесе сурет бар құжатты жасаңыз немесе ашыңыз. Оверлей ретінде басып шығарылғанда дәл шығуы керек жеріне орналастырыңыз.</p> <p>b. Құжатты қабаттасу ретінде сақтау үшін Басып шығару теңшелімдері тармағына өтіңіз.</p> <p>c. Дополнительно қойындысын басып, Наложение ашылмалы тізімінен Создать пәрменін таңдаңыз.</p> <p>d. Сохранить как терезесінде Имя задания жолағында сегізге дейін таңбадан тұратын атауды енгізіңіз. Қажет болса, файл жолын көрсетіңіз (Әдепкі жолы: C:\Formover).</p> <p>e. Сохранить түймесін басыңыз.</p> <p>f. Басып шығару терезесінен шығудың алдында ОК немесе Басып шығару басыңыз. Растау терезесінде Да жауабын таңдаңыз.</p> <p>g. Файл басып шығарылмайды. Оның орнына, ол компьютердің қатты дискінде сақталады.</p>

Элемент	Сипаттама
<p>Наложение^a (Бет қабаттасуын пайдалану)</p>	<p>Қабаттасуды жасағаннан кейін ол құжатпен бірге басып шығаруға дайын. Құжатпен бірге қабаттасуды басып шығару үшін:</p> <ul style="list-style-type: none"> a. Басып шығару керек құжатты жасаңыз немесе ашыңыз. b. Бағдарламада басып шығару параметрлерін өзгерту үшін Параметры печати тармағына өтіңіз. c. Дополнительно қойындысын басыңыз. d. Наложение ашылмалы тізімінен Печать наложения таңдаңыз. e. Қалаған қабаттасу файлы Наложение 1 немесе Наложение 2 ашылмалы тізімінде пайда болмаса, Список наложений ішінен Загрузить таңдаңыз. Пайдалану керек қабаттасу файлы таңдаңыз. Пайдалану керек қабаттасу файлы сыртқы көзде сақтасаңыз, файлды Открыть терезесін ашып та қотаруға болады. Файлды таңдағанда, Открыть түймесін басыңыз. Файл Список наложений жолағында шығады және басып шығару үшін қол жетімді. Список наложений жолағында қабаттасуды таңдаңыз. f. Қажет болса, Подтверждать наложение при печати құсбелгісін қойыңыз. Егер бұл құсбелгі қойылған болса, құжатты басып шығаруға жіберген сайын құжат үстінен қабаттасуды басып шығару керектігін сұрайтын хабар терезесі шығады. Егер бұл құсбелгі қойылмаса және қабаттасу таңдалмаса, қабаттасу құжатпен бірге автоматты түрде басып шығарылады. g. Басып шығару терезесінен шығу алдында ОК немесе Басып шығару түймесін басыңыз. Таңдалған қабаттасу құжат үстінен басып шығарылады.
<p>Наложение^a (Бет қабаттасуын жою)</p>	<p>Пайдаланылмайтын болса, бет қабаттасуларын жоюға болады.</p> <ul style="list-style-type: none"> a. Printing Preferences терезесінде Дополнительно қойындысын нұқыңыз. b. Наложение ашылмалы тізімінен Печать наложения таңдаңыз. c. Список наложений өрісінде жою керек қабаттасуды таңдаңыз. Егер Список наложений тізімінде қажетті қабаттасу файлы пайда болмаса, қабаттасу тізімнен Загрузить пәрменін басыңыз. Жойғыңыз келетін қабаттасу файлы таңдаңыз. d. Удалить түймесін басыңыз. e. Растау терезесінде Да жауабын таңдаңыз. f. Басып шығару терезесінен шығудың алдында ОК немесе Басып шығару басыңыз.

Элемент	Сипаттама
Учет заданий	<p>Бұл функция берілген рұқсатпен басып шығару мүмкіндігін береді.</p> <ul style="list-style-type: none"> • User permission: Бұл параметр таңдалса, рұқсаты бар пайдаланушылар ғана басып шығаруды бастай алады. • Group permission: Бұл параметр таңдалса, топтық рұқсаты бар топтар ғана басып шығаруды бастай алады. <p> • Справка таңдаңыз немесе пернетақтаңызда F1 басыңыз және білгіңіз келетін кез-келген опцияны таңдаңыз (44-беттегі "Анықтаманы пайдалану" бөлімін қараңыз).</p> <ul style="list-style-type: none"> • Әкімшілер тапсырманың басқарылуын және басқару тақтасы арқылы рұқсат берілуін SyncThru™ Web Admin Service арқылы қоса алады.

а. Бұл параметр XPS драйверін пайдаланғанда қол жетімді емес.

Утилита прямой печати пайдалану



- Утилита прямой печати модельге немесе қосымшаларға байланысты қол жетімді болмауы мүмкін (47-беттегі "USB жады туралы" бөлімін қараңыз).
 - Windows жүйесінің пайдаланушыларына ғана қол жетімді.
-

Утилита прямой печати деген не?

Утилита прямой печати - PDF файлдарын ашу қажеттігінсіз тікелей машинаға басып шығаруға жіберетін бағдарлама.

Бұл бағдарламаны орнату үшін:


Samsung веб-торабынан бағдарламалық жасақтаманы жүктеңіз де, содан кейін оны мұрағаттан шығарып, орнатыңыз: (<http://www.samsung.com> > өнімді табыңыз > Support немесе Downloads).



- Шектелген PDF файлдарын басып шығара алмайсыз. Басып шығаруды шектеу мүмкіндігін белсенсіздендіріңіз және басып шығару әрекетін қайталаңыз.
- Құпия сөзбен шектелген PDF файлдарды басып шығара алмайсыз. Құпия сөз мүмкіндігін белсенсіздендіріңіз және басып шығару әрекетін қайталаңыз.
- Утилита прямой печати бағдарламасын пайдаланып PDF файлды басып шығаруға болатын-болмайтыны PDF файлды жасау әдісіне байланысты.
- Утилита прямой печати бағдарламасы PDF 1.7 және ескі нұсқаларын қолдайды. Жоғарырақ нұсқаларда басып шығару үшін файлды ашу керек.

Басып шығару

Утилита прямой печати бағдарламасын пайдаланып басып шығарудың бірнеше жолы бар.

- 1 Бастау** мәзірінен **Бағдарламалар** немесе **Барлық бағдарламаларда** > **Samsung Printers** тармағын таңдаңыз.
 - Windows 8 үшін, from **Charms(Charms)** бөлімінен **Іздеу** > **Apps(Apps)** тармағын таңдаңыз.
 - Windows 10 / Windows Server 2016 жүйесі үшін
Тапсырмалар жолағынан, **Іздеу** енгізу өрісінде **Samsung Printers** сөзін енгізіңіз. Enter пернесін басыңыз.
НЕМЕСЕ
Бастау мәзірінен  белгішесінен **Барлық бағдарламалар** > **Samsung Printers** тармағын таңдаңыз.
- 2 Утилита прямой печати** тармағын басыңыз.
- 3 Басып шығарғытшы таңдаңыз** ашылмалы тізімінде машинаны таңдаңыз және **Обзор** түймесін басыңыз.

- 4 Басып шығару керек файлды таңдап, **Открыть** түймесін басыңыз.
Файл **Файлдарды таңдаңыз** бөліміне қосылады.
- 5 Машина параметрлерін қажеттіліктеріңізге теңшеңіз.
- 6 **Басып шығару** түймесін басыңыз. Таңдалған PDF файлы құрылғыға жіберіледі.

Оң жақ түймені нұқу мәзірін пайдалану

- 1 Басып шығару керек PDF файлын оң жақ түймемен нұқыңыз және **Прямая печать** пәрменін таңдаңыз.
PDF файлы қосылған Утилита прямой печати терезесі шығады.
- 2 Пайдаланатын құрылғыны таңдаңыз.
- 3 Құрылғы параметрлерін теңшеңіз.
- 4 **Басып шығару** түймесін басыңыз. Таңдалған PDF файлы құрылғыға жіберіледі.


Пайдалы құралдар

Бұл тарауда құрылғыны толық пайдалануға көмектесетін басқару құралдары таныстырылады.

• Басқару құралдарына қатынасу	203
• SyncThru™ Web Service	204
• Samsung Printer Center пайдалану	209
• Samsung Easy Printer Manager бағдарламасын пайдалану	214
• Состояние принтера Samsung бағдарламасын пайдалану	217
• Samsung Printer Experience бағдарламасын пайдалану	219

Басқару құралдарына қатынасу

Samsung компаниясы Samsung принтерлеріне арналған көптеген басқару құралдарымен қамтамасыз етеді.

- 1 Құрылғы компьютерге қосылып, қуат көзіне қосылғанын тексеріңіз.
- 2 **Бастау** мәзірінен **Бағдарламалар** немесе **Барлық бағдарламаларда** тармағын таңдаңыз.
 - Windows 8 үшін, from **Charms(Charms)** бөлімінен **Іздеу > Apps(Apps)** тармағын таңдаңыз.
 - Windows 10 / Windows Server 2016 жүйесі үшін
Тапсырмалар жолағынан, **Іздеу** енгізу өрісінде **Принтер Samsung** сөзін енгізіңіз. Enter пернесін басыңыз.
НЕМЕСЕ
Бастау() белгішесінен **Барлық қолданба > Іздеу > Принтер Samsung** тармағын таңдаңыз.
- 3 **Принтер Samsung** тармағын табыңыз.
- 4 **Принтер Samsung** тармағының астында орнатылған басқару құралдарын көре аласыз.
- 5 Пайдаланғыңыз келетін басқару құралын басыңыз.



- Драйверді орнатқаннан кейін кейбір басқару құралдарына тікелей **Бастау** мәзірі> **Бағдарламалар** немесе **Барлық бағдарламаларда** тармағынан қатынаса аласыз.
 - Windows 8 үшін, драйверді орнатқаннан кейін тиісті элементті басу арқылы кейбір басқару құралдарына тікелей **Бастау** тармағынан қатынаса аласыз.
-

SyncThru™ Web Service

Бұл тарауда желі ортасын орнату үшін SyncThru™ Web Service арқылы бірізді нұсқаулықтар берілген.



- SyncThru™ Web Service үшін кемінде Internet Explorer® 8,0 немесе одан жоғары нұсқасы қажет.
- Параметрлерге немесе үлгілерге байланысты кейбір мәзірлер дисплейде шықпауы мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді.

SyncThru™ Web Service деген не?

Құрылғыны желіге жалғап, TCP/IP желісінің параметрлерін дұрыс орнатсаңыз, құрылғыны SyncThru™ Web Service арқылы басқаруға болады. SyncThru™ Web Service мына мақсаттарда пайдаланыңыз:

- Құрылғының ақпаратын көру және оның ағымдағы күйін тексеру.
- TCP/IP параметрлерін өзгерту және басқа желілік параметрлерді орнату.
- Принтер басымдығын өзгерту.
- Құрылғының күйі туралы хабар беретін электрондық пошта ескертулерін орнату.
- Құрылғыны пайдалану бойынша қолдау алу.
- Құрылғының бағдарламалық жасақтамасын жаңарту.

Қажет веб-торап

SyncThru™ Web Service пайдалану үшін келесі веб-тораптардың бірі қажет.

- Internet Explorer® 8,0 немесе одан жоғары
- Chrome 27,0 немесе одан жоғары
- FireFox 21,0 немесе одан жоғары
- Safari 5.9.1 немесе одан кейінгі нұсқалар

SyncThru™ Web Service қызметіне қосылу

IPv4 қолдау көрсетілетін веб-торап

1 Мысалы, URL мекенжайдағы IPv4 веб-торабына қолдау көрсететін Internet Explorer® сияқты веб-браузерді іске қосыңыз.

Құрылғының IP мекенжайын (http://xxx.xxx.xxx.xxx) мекенжай өрісіне енгізіңіз де, Enter пернесін немесе **Өту** пәрменін шертіңіз.



Құрылғы IP мекенжайын құрылғы есебінен қарауға болады (134-беттегі "Желі конфигурациясы есебін басып шығару" бөлімін қараңыз).

2 Құрылғының SyncThru™ Web Service веб-торабы ашылады.

IPv6 қолдау көрсететін веб-торап

1 URL мекенжайы ретінде IPv6 мекенжайын қолдайтын Internet Explorer® сияқты веб-шолғышты іске қосыңыз.

2 **Желілік теңшелім туралы есептен** IPv6 мекенжайларының бірін (**Stateless Address, Stateful Address, Manual Address**) таңдаңыз.



Құрылғы туарлы есептен IPv6 мекенжайын қарауға болады (134-беттегі "Желі конфигурациясы есебін басып шығару" бөлімін қараңыз).

3 IPv6 мекенжайларын енгізіңіз (мыс., [http://\[3ffe:10:88:194:213:77ff:fe82:75b\]](http://[3ffe:10:88:194:213:77ff:fe82:75b])).



Мекенжай '[' жақшаға алынуы керек.

4 Құрылғының SyncThru™ Web Service веб-торабы ашылады.

SyncThru™ Web Service бағдарламасына қатынасу

1 Windows жүйесінен Internet Explorer сияқты веб-браузерге кіріңіз.

Мекенжай өрісіне принтердің машина IP мекенжайын (<http://xxx.xxx.xxx.xxx>) енгізіңіз және Enter пернесін басыңыз немесе **Өту** түймесін басыңыз.

2 Құрылғының енгізілген веб-торабы ашылады.

SyncThru™ Web Service қызметіне кіру

SyncThru™ Web Service параметрлерді реттемес бұрын, жүйеге әкімші ретінде кіруіңіз қажет. SyncThru™ Web Service қызметін жүйеге кірместен пайдалана беруіңізге болады, бірақ **Настройки** қойындысы мен **Безопасность** қойындысына қол жеткізе алмайсыз.

- 1 SyncThru™ Web Service веб-торабының жоғарғы оң жағындағы **Вход** түймесін басыңыз.
- 2 **ИД** мен **Пароль** енгізіп, **Вход** түймесін басыңыз. Төмендегі әдепкі идентификаторды және құпия сөзді енгізіңіз. Қауіпсіздік мақсаттарында әдепкі құпиясөзді ауыстыру ұсынылады.
 - **ИД:** admin
 - **Пароль:** sec00000

SyncThru™ Web Service қызметіне шолу

Информация қойындысы

Бұл қойындыда құрылғы туралы жалпы ақпарат беріледі. Құрылғы күйі, шығын материалдар күйі, санау ақпараты, желі ақпараты және т. б. сияқты нәрселерді тексеруге болады. Сондай-ақ, теңшелім беті сияқты есептерді басып шығаруға болады.

- **Активные предупреждения:** Құрылғыдағы ағымдық дабылдарды тексеруге болады. Құрылғы ақаулықтарын жою үшін осы ақпаратты пайдаланыңыз.
- **Расходные материалы:** Шығын материалдары туралы ақпаратты тексеруге болады. Тонер картриджі үшін әрбір қорда қанша қалғанын көрсететін визуалды график арқылы қордың күйін көрсетеді. Шығын материалдарын қашан өзгерту керектігін болжауға көмектесетін бетті санау да қолжетімді. Сондай-ақ, бұл мүмкіндік құрылғыда қолжетімді.
- **Счетчики использования:** Құрылғының төлем ақпараты мен пайдалану есептегішін пайдалануға болады. Сондай-ақ, бұл мүмкіндік құрылғыда қолжетімді.
- **Текущие параметры:** Құрылғы және желінің ағымдық параметрлерін көрсетеді.
 - **Сведения об устройстве:** Құрылғының ағымдық параметрлерін көрсетеді.
 - **Сведения о сети:** Желінің ағымдық параметрлерін көрсетеді. Осы бетті сілтеме ретінде пайдаланыңыз да, желіні пайдалану үшін қажет параметрлерді өзгертіңіз.
- **Информация о безопасности:** Құрылғы және желінің ағымдағы қауіпсіздік параметрлерін көрсетеді.
- **Печать информации:** Құрылғы арқылы берілген барлық есептерді басып шығаруға болады. Осы есептерді құрылғыға техникалық қызмет көрсету үшін пайдалануға болады. Сондай-ақ, бұл мүмкіндік құрылғыда қолжетімді.

Настройки қойындысы

Настройки қойындысында **Параметры устройства** және **Параметры сети** қосымша мәзірлері бар. Әкімші ретінде жүйеге кірмесеңіз, осы қойындыны көріп немесе пайдалана алмайсыз (206-беттегі "SyncThru™ Web Service қызметіне кіру" бөлімін қараңыз).

- **Параметры устройства:** Құрылғы параметрлерін орнатуға болады.
 - **Система:** Құрылғыға қатысты параметрлерді орнатуға болады.
 - **Принтер:** Күңгірттік немесе фонды баптау сияқты баспаға қатысты параметрлерді орнатуға болады. Сондай-ақ, бұл мүмкіндік құрылғыда қолжетімді.

- **Уведомление по эл. почте:** Қате пайда болғанда немесе шығын материалдары бітіп жатқанда, құрылғы әкімшіге электрондық пошта арқылы хабарландыру жібереді. Осы функцияны пайдалануды немесе пайдаланбауды орнатуға болады. Сондай-ақ, қай дабылды қашан қабылдау керектігін таңдауға болады.
- **Параметры сети:** Құрылғыны желі құрылғысы ретінде пайдалану үшін, желі ортасын орнатуға болады. Сондай-ақ, параметрлерді құрылғыдан орнатуға болады. Желіні баптау тарауын қараңыз.
 - **Общие настройки:** Желіде пайдалану және ethernet параметрлерін орнату үшін құрылғы туралы жалпы ақпаратты орнатуға болады. Сондай-ақ, бұл мүмкіндік құрылғыда қолжетімді.
 - **TCP/IPv4, TCP/IPv6, Raw TCP/IP, LPR/LPD, IPP, Telnet, WSD, SLP, UPNP, SNMPv1/v2, SNMPv3, FTP Print Server, AirPrint, ThinPrint®, Google Cloud Print, Samsung Cloud Print, PrinterOn Cloud Print:** Протокол параметрлерін орната аласыз.
 - **Сервер исходящей почты (SMTP):** Шығыс электрондық пошта үшін сервер параметрлерін орнатуға болады. Егер осы параметр теңшелмесе, сканерлеуді электрондық пошта функциясына пайдалана алмайсыз. Шығыс электрондық поштасы сіз осында орнатқан SMTP сервері арқылы жіберіледі.
 - **НТТР:** Пайдаланушыларға SyncThru™ Web Service пайдалану үшін рұқсат беруге немесе бермеуге болады.
 - **Прокси-сервер:** Прокси параметрлерін орнатып, аутентификацияны іске қоса аласыз.
 - **Восстановить значения по умолчанию:** **Восстановить значения по умолчанию** бөліміндегі **Очистить** түймесін басқанда, қауіпсіздік және желілік параметрлерді тазартады. Жүйе қайта жүктелгеннен кейін параметрлер қалпына келеді.

Безопасн. қойындысы

Безопасность қойындысында **Безопасность системы, Безопасность сети, Управление доступом на уровне пользователей** және **Системный журнал** опциялары бар. Әкімші ретінде жүйеге кірмесеңіз, осы қойындыны пайдалана алмайсыз (206-беттері "SyncThru™ Web Service қызметіне кіру" бөлімін қараңыз).

- **Безопасность системы:** SyncThru™ Web Service бағдарламасынан **Безопасность** қойындысы > **Безопасность системы** опциясын таңдаңыз.
 - **Администр. системы:** Жүйелік әкімші туралы ақпаратты енгізіңіз. Құрылғы электрондық пошта ескертпесін осында орнатылған электрондық пошта мекенжайына жібереді. Сондай-ақ, бұл мүмкіндік құрылғыда қолжетімді.
 - **Управление функциями системы:** Қолданылатын қызметтерді, компьютер қолданбасының қауіпсіздігін, физикалық порттарды және желі протоколының мүмкіндіктерін көрсетеді. Қолданылатын мүмкіндіктерді таңдаңыз, содан кейін **Применить** түймесін басыңыз.
 - **Скрытие информации:** Ақпараттың қайсысын жасыру керектігін көрсетеді. Жасырылуы қажет ақпараттың мөлшерін таңдаңыз, содан кейін **Применить** түймесін басыңыз.
 - **Перезагрузить устройство:** Құрылғыны өшіріп, қайта іске қосуға болады. Өшіріп, қайта іске қосу үшін, **Перезагрузить сейчас** түймесін басыңыз.
 - **Мәзірді басқару:** Желі мәзірін іске қосуға/өшіруге болады. Қосқыңыз келетін мәзірлерді белгілеп, **Применить** пәрменін басыңыз.
- **Безопасность сети:** SyncThru™ Web Service бағдарламасынан **Безопасность** қойындысы > **Безопасность сети** опциясын таңдаңыз.
 - **Цифровой сертификат:** Сандық сертификаттарды басқаруға болады. Сандық сертификат дегеніміз байланыс нүктелері арасында қауіпсіздік байланысын тексеретін электронды сертификат. SSL байланысына сертификат қосу қажет.

- **Безопасное соединение:** Көбірек жақсартылған қауіпсіз желі арналарын пайдалану үшін қауіпсіз байланысты қосуға немесе өшіруге болады. Қауіпсіз байланыс үшін **Безопасное соединение** функциясын пайдалану ұсынылады.
- **SNMPv3:** SNMPv3 орнатуға болады.
- **Стандарт безопасности IP:** IP қауіпсіздігінің параметрлерін орнатуға болады.
- **Фильтрация IP/MAC:** IP және MAC мекенжайлары үшін сүзу опцияларын орнатуға болады. Әкімші IPv4, IPv6 және MAC мекенжайлары үшін сүзу ережесін қоспаса, ешнәрсе сүзілмейді. Әкімші сүзу ережесін қосса, сүзу әрекеті енгізілген IPv4, IPv6 және MAC мекенжайлары үшін қолданылады.
 - **Фильтрация IPv4:** IPv4 сүзу әрекетін қосуға/өшіруге және де сүзу ережелерін басқаруға болады.
 - **Фильтрация IPv6:** IPv6 сүзу әрекетін қосуға/өшіруге және де сүзу ережелерін басқаруға болады.
 - **MAC-фильтрация:** Mac сүзу әрекетін қосуға/өшіруге және де сүзу ережелерін басқаруға болады.
- **802.1x(Внешний):** 802.1x Қауіпсіздігін қосуға/өшіруге, сонымен қатар сүзу ережелерін басқаруға болады.
- **Системный журнал:** Құрылғыда орын алған әрекеттер журналын сақтауға болады. Жүйелік журнал файлдарын сақтау арқылы құрылғыны пайдалану туралы ақпаратты жазуға немесе басқаруға болады. Жүйелік журнал файлдары құрылғының құралдың жаппай сақтау құрылғысында (қатты дискі) сақталады және ол толған кезде, ескі деректерді жояды. Экспорттау функциясы көмегімен маңызды бақылау деректерін бөлек экспорттауға немесе сақтауға болады.
 - **Конфигурация журнала:** Сақтайтын журналдарды қосуға немесе өшіруге болады. Сондай-ақ, журнал файлдарын кезеңдер бойынша резервтік көшірме жасауға және сақтау серверіне тасымалдауға болады.
 - **Просмотр журнала:** Журнал файлдарын көруге, жоюға немесе іздеуге болады.

Обслуживание қойындысы

Бұл қойынды электрондық хабарламаларды жіберу үшін, микробағдарламаны жаңарту, қолданбаларды басқару және байланыс ақпаратын орнату арқылы құрылғыға техникалық қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Samsung веб-торабына қосылуыңызға немесе **Ссылка** мәзірін таңдау арқылы нұсқаулықтар мен драйверлерді жүктеп алуыңызға болады.

- **Обновление ПО устройства:** Құрылғыда пайдаланатын микробағдарлама нұсқасын тексеруге болады. Нұсқаны тексеріп, қажет болса, жаңартыңыз.
- **Контактная информация:** Байланыс ақпаратын көруіңізге болады.
- **Ссылка:** Төменгі әрекеттерді орындай алатын пайдалы веб-тораптардың сілтемелерін көруге болады:
 - өнім туралы ақпаратты көру және қолдау алу (Samsung веб-торабы).
 - нұсқаулықтарды және драйверлерді жүктеу.
 - шығын материалдарына тапсырыс беру.
 - құрылғыны онлайн тіркеу.
- **Samsung MIB Version:** MIB (Басқару ақпаратының негізі) нұсқасының нөмірі.
- **Управление лицензиями:** **Управление лицензиями** бөлімінде орнатылған қолданбаларға арналған лицензияларды басқаратын параметрлер қамтамасыз етілген.
- **Интерфейс Wi-Fi:** Wi-Fi мәзірін қосу не өшіруге болады.

Samsung Printer Center пайдалану



Windows жүйесінің пайдаланушыларына ғана қолжетімді.

Samsung Printer Center бағдарламасы компьютеріңізге орнатылған барлық принтер драйверлерін бір біріктірілген бағдарламадан басқаруға мүмкіндік береді. **Samsung Printer Center** бағдарламасын принтер драйверлерін қосу не жою үшін, принтер бағдарламалық жасақтамасын жаңарту үшін және принтер драйверінің параметрлерін реттеу үшін пайдалануға болады.

Samsung Printer Center бағдарламасын түсіну

Бағдарламаны ашу үшін:

Windows жүйесінде

Пуск > **Программы** немесе **Все программы** > **Samsung Printers** > **Samsung Printer Center** опциясын таңдаңыз.


- Windows 8 жүйесі үшін

Charms ішінен **Іздеу** > **Apps** > **Samsung Printers** > **Samsung Easy Printer Manager** тармағын таңдаңыз.

- Windows 10 / Windows Server 2016 жүйесі үшін

Тапсырмалар жолағынан, **Іздеу** енгізу өрісінде **Принтер Samsung** сөзін енгізіңіз. Enter пернесін басыңыз, содан кейін **Samsung Printer Center** түймесін басыңыз.


НЕМЕСЕ


Бастау () белгішесін басқан соң, **Барлық қолданбалар** > **Samsung Printers** > **Samsung Printer Center** тармағын таңдаңыз.


Принтерлер қойындысы



Операциялық жүйеге, үлгіге немесе опцияларға байланысты скриншоттар әртүрлі болуы мүмкін.




1	Принтер тізімі	Компьютерге орнатылған принтер драйверлерін көрсетеді. Принтер драйверін тізімге қосу үшін,  түймесін басыңыз.
---	-----------------------	--



2	Жылдам сілтемелер	<p>Принтер драйверінің түрлі басқару функцияларына сілтемелерді көрсетеді. Принтеры қойындысындағы жылдам сілтемелер келесі функцияларға өткізеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Настройки: Жеке принтер драйвері үшін параметрлерді реттеуге мүмкіндік береді. - Установить как принтер по умолчанию: Таңдалған принтер драйверін әдепкі принтер ретінде орнатады. Егер таңдалған принтер драйвері әдепкі принтер ретінде әлдеқашан орнатылған болса, бұл опция белсендірілмейді. - Параметры печати: Әдепкі принтер параметрлерін реттеуге мүмкіндік береді. - Параметры устройства: Қосымша құрылғылар мен қосымша мүмкіндіктер үшін параметрлер сияқты қосымша опцияларды реттеуге мүмкіндік береді. <p> Опция Состояние принтера және Стильный интерфейс пользователя параметрлерін өзгертуге мүмкіндік береді.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Изменить устройство: Құрылғыны басқа құрылғыға ауыстыруға мүмкіндік береді. - Свойства: Принтер драйверінің атауы мен орналасқан жері сияқты принтер драйверінің сипаттарын реттеуге немесе принтер драйвері туралы аңғартпалар қосуға мүмкіндік береді. • Действия: Сканерлеу мүмкіндігін пайдалануға мүмкіндік береді (бұл опция тек таңдалған құрылғы сканерлеу мүмкіндігіне қолдау көрсеткенде ғана қосылады). • Управление: Бағдарламада тіркелген құрылғыларды басқаруға мүмкіндік береді. - Добавить новый принтер / Удалить принтер: Жаңа құрылғыны қосады не бар құрылғыны жояды. - Диагностировать принтер: Таңдалған құрылғыдағы мәселелердің диагностикасын жасайды және шешімдер ұсынады. - Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту: Қолданылатын бағдарламалық жасақтама жаңартуларын жүктеп қолданады.
3	Принтер ақпараты	<p>Үлгі, IP мекенжайы, порт нөмірі мен күйі сияқты таңдалған құрылғы туралы жалпы ақпаратты қамтамасыз етеді.</p>


Сканер және факс қойындысы



- Операциялық жүйеге, үлгіге, опцияға байланысты скриншоттар әртүрлі болуы мүмкін.
- Тек көп функциялы өнімдер үшін қолжетімді.



1	Принтер тізімі	Компьютерге орнатылған факс пен сканер драйверін көрсетеді. Тізімге факс не сканер драйверін қосу үшін,  (Добавить факс) немесе  (Добавить сканер) түймесін басыңыз.
---	-----------------------	---

2	Жылдам сілтемелер	<p>Факс не сканер драйверлерін басқару үшін қолжетімді функцияларға сілтемелерді көрсетеді. Сканер и факс қойындысындағы жылдам сілтемелер келесі мүмкіндіктерді ұсынады:</p> <p> Бұл мүмкіндікті пайдалану үшін сканер және факс драйвері компьютерде орнатылуы керек.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Настройки: Факс не сканер драйверлері үшін параметрлерді реттеуге мүмкіндік береді. <ul style="list-style-type: none"> - Адресная книга (факс ғана): Мекенжай кітабын ашады. - История передачи факсов (факс ғана): Факс тасымалдау журналын ашады. - Параметры факса (факс ғана): Әдепкі факс параметрлерін реттеуге мүмкіндік береді. - Изменить устройство: Құрылғыларды басқа құрылғыға ауыстыруға мүмкіндік береді. - Свойства: Орналасқан жері сияқты құрылғының сипаттарын реттеуге және құрылғы туралы аңғартпалар қосуға мүмкіндік береді. • Действия: Сканерлеу мүмкіндігін пайдалануға мүмкіндік береді. • Управление: Бағдарламада тіркелген құрылғыларды басқаруға мүмкіндік береді. <ul style="list-style-type: none"> - Удалить факс немесе Удалить сканер: Таңдалған факс не сканер драйверін жояды. - Обновление ПО: Қолданылатын бағдарламалық жасақтама жаңартуларын жүктеп қолданады.
3	Принтер ақпараты	<p>Үлгі, IP мекенжайы, порт нөмірі мен құрылғы күйі сияқты таңдалған құрылғы туралы жалпы ақпаратты қамтамасыз етеді.</p>

Samsung Easy Printer Manager бағдарламасын пайдалану



- Windows және Mac операциялық жүйесінің пайдаланушыларына ғана қолжетімді.
 - Windows жүйесінде Samsung Easy Printer Manager бағдарламасы үшін Internet Explorer 6.0 немесе одан жоғары нұсқасы ең жоғары талап болып табылады.
-

Samsung Easy Printer Manager – Samsung құрылғысының параметрлерін бір жерге біріктіретін бағдарлама. Samsung Easy Printer Manager бағдарламасы құрылғы параметрлерін, сонымен бірге, басып шығару орталарын, параметрлерін/әрекеттерін және іске қосуды біріктіреді. Осы мүмкіндіктердің барлығы Samsung машинасын ыңғайлы пайдалануға жол ашады. Samsung Easy Printer Manager пайдаланушыға таңдау үшін екі түрлі пайдаланушылық интерфейсті қамтамасыз етеді: негізгі пайдаланушылық интерфейс және кеңейтілген пайдаланушылық интерфейс. Екі интерфейсстің арасында ауысу оңай: жай түймені басыңыз.


Сонымен қатар, **Samsung Easy Printer Manager** бағдарламасын орнатқан кезде, **Easy Capture Manager** автоматты түрде орнатылады. **Easy Capture Manager** бағдарламасын қолмен ашуыңызға болады. Жай пернетақтадағы Print Screen пернесін басу арқылы экранды түсіріңіз және **Easy Capture Manager** бағдарламасын іске қоса аласыз. Енді түсірілген экранды түсірілген немесе өңделген түрінде оңай басып шығаруға болады.

Samsung Easy Printer Manager бағдарламасын түсіну

Бағдарламаны ашу үшін:

Windows жүйесінде

Пуск > Программы немесе Все программы > Samsung Printers > Samsung Easy Printer Manager тармағын таңдаңыз.

- Windows 8 жүйесі үшін
Charms бөлімінен Іздеу > Apps(Apps) > Samsung Printers > Samsung Printer Manager тармағын таңдаңыз.
- Windows 10 / Windows Server 2016 жүйесі үшін
Тапсырмалар жолағынан, Іздеу енгізу өрісінде Принтер Samsung сөзін енгізіңіз. Enter пернесін басыңыз, содан кейін Samsung Printer Manager бағдарламасын таңдаңыз.
НЕМЕСЕ
Бастау () белгішесін басқан соң, Барлық қолданбалар > Принтер Samsung > Samsung Printer Manager тармағын таңдаңыз.


Mac үшін,

Applications қалтасын > Samsung қалтасын > Samsung Easy Printer Manager тармағын ашыңыз.





Samsung Easy Printer Manager интерфейсі төмендегі кестеде сипатталған әр түрлі негізгі бөлімдерден тұрады:



Операциялық жүйеге, үлгіге немесе опцияларға байланысты скриншоттар әртүрлі болуы мүмкін.



1	Принтер тізімі	Принтер тізімі компьютерде орнатылған принтерлерді және желіде іздеу арқылы қосылған желілік принтерлерді (тек Windows) көрсетеді.
---	-----------------------	--

2	Қосымша параметр	<p>Кеңейтілген пайдаланушылық интерфейс желіні және машиналарды басқаруға жауапты адамның пайдалануы үшін жасалған.</p> <p> Параметрлерге немесе модельдерге байланысты дисплейде кейбір мәзірлер пайда болмауы мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Параметры устройств: Машинаның параметрлері, қағаз, орналасу, эмуляция, желі және басып шығару туралы ақпарат сияқты машинаның әр түрлі параметрлерін теңшей аласыз. <p> Егер құрылғыны желіге қоссаңыз, SyncThru™ Web Service белгішесі қосылады.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Параметры оповещений (тек Windows): Бұл мәзір қате туралы ескертуге қатысты параметрлерді қамтиды. <ul style="list-style-type: none"> - Оповещения принтера: Ескертулер қашан алынатынына қатысты параметрлерді береді. - Оповещения по электронной почте: Электрондық пошта арқылы ескертулерді алуға қатысты параметрлерді қамтамасыз етеді. - Журнал оповещений: Құрылғыға және тонерге қатысты ескертулердің журналын береді.
3	Бағдарлама ақпараты	<p>Жаңарту, теңшелетін параметр, анықтамаға және «О программе» өту сілтемелерін қамтиды.</p>
4	Принтер ақпараты	<p>Бұл аймақ құрылғы туралы жалпы ақпаратты береді. Машина моделінің атауы, IP мекенжайы (немесе порт атауы) және машинаның күйі сияқты ақпаратты тексере аласыз.</p> <p> Бұл түйме қате болғанда Рук. по устр. неполадок нұсқаулығын ашады. Пайдаланушы нұсқаулығындағы ақаулықтарды жою бөлімін тікелей ашуыңызға болады.</p>
5	Жылдам сілтемелер	<p>Машинаның функцияларын Быстрые переходы жылдам сілтемелерін көрсетеді. Сондай-ақ, бұл бөлім кеңейтілген параметрлердегі бағдарламаларға сілтемелерді қамтиды.</p> <p> Егер құрылғыны желіге қоссаңыз, SyncThru™ Web Service белгішесі қосылады.</p>
6	Мазмұны аймағы	<p>Таңдалған машина, қалған тонер деңгейі және қағаз туралы ақпаратты көрсетеді. Таңдалған машинаға байланысты ақпарат өзгеріп отырады. Кейбір құрылғыларда мұндай мүмкіндік болмайды.</p>
7	Жабдықтарға тапсырыс беру	<p>Керек-жарақтарға тапсырыс беру терезесінде Заказать түймесін басыңыз. Қосалқы тонер картридж(дер)іне желіде тапсырыс беруіңізге болады.</p>



Справка мәзірін таңдаңыз және мәліметтер алу керек кез келген параметрді нұқыңыз.

Состояние принтера Samsung бағдарламасын пайдалану

Samsung Printer Status – құрылғының күйін бақылап, ол туралы ақпарат беріп тұратын бағдарлама.



- Пайдаланылатын машинаға немесе амалдық жүйеге байланысты осы пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген Состояние принтера Samsung терезесі және оның мазмұны басқа болуы мүмкін.
- Құрылғымен үйлесімді амалдық жүйені(лерді) тексеріңіз (113-беттегі "жүйеге қойылатын талаптар" бөлімін қараңыз).
- Windows жүйесінің пайдаланушыларына ғана қол жетімді.

Состояние принтера Samsung шолуы

Пайдалану кезінде қате орын алса, қатені Состояние принтера Samsung бағдарламасында тексере аласыз. Состояние принтера Samsung бағдарламасы машина бағдарламалық жасақтамасын орнатқанда автоматты түрде орнатылады.


Сондай-ақ, Состояние принтера Samsung бағдарламасын қолмен қосуға болады. **Басып шығару теңшелімдері** бөліміне өтіп, **Состояние принтера** түймесін басыңыз.


Бұл белгішелер Windows тапсырмалар жолағында шығады:

Белгіше	Орташа	Сипаттама
	Стандартная	Машина дайын күйде және қателер немесе ескертулер жоқ.
	Ескерту	Машина болашақта қате орын алу мүмкін күйде. Мысалы, ол тонер аз күйінде болуы мүмкін. Бұл тонер жоқ күйіне әкелуі мүмкін.
	Қате	Машинада кемінде бір қате бар.



Операциялық жүйеге, үлгіге немесе опцияларға байланысты скриншоттар әртүрлі болуы мүмкін.



1	Құрылғы туралы ақпарат	Құрылғы туралы ақпаратты көруіңізге болады.
2	Руководство пользователя	Желідегі Пайдаланушы нұсқаулығы көруге болады.  Бұл түйме қате болғанда Рук. по устр. неполадок нұсқаулығын ашады. Пайдаланушы нұсқаулығындағы ақаулықтарды жою бөлімін тікелей ашуыңызға болады.
3	Сведения о расходных мат.	Әрбір тонер картриджінде қалған тонердің мөлшерін көруіңізге болады. Жоғарыда көрсетілген құрылғы мен тонер картридждерінің саны қолдаыстағы құрылғыға қарай басқаша болуы мүмкін. Кейбір құрылғыларда мұндай мүмкіндік болмайды.
4	Дополнительно	Басып шығару тапсырмасы туралы ескертуге қатысты параметрлерді орнатуға болады.
5	Заказ расходных мат.	Қосалқы тонер картридж(дер)іне желіде тапсырыс беруіңізге болады.
6	отмена: задания печати немесе Закрывать	<ul style="list-style-type: none"> • отмена: задания печати: Егер басып шығару тапсырмасы басып шығару кезегінде немесе принтерде күтіп тұрса, басып шығару кезегіндегі немесе принтердегі пайдаланушының барлық басып шығару тапсырмаларын болдырмаңыз. • Закрывать: Құрылғының немесе қолдау көрсетілетін функциялардың күйіне байланысты, күй терезесін жабу үшін Закрывать түймешігі пайда болуы мүмкін.
7	Тонер/қағаз туралы ақпарат	Қағаз бен тонер ақпаратына арналған бұл түйме аймағы құрылғыға байланысты қолжетімді болады.

Samsung Printer Experience бағдарламасын пайдалану





Windows 8 немесе одан кейінгі нұсқаларды қолданатын пайдаланушыларға ғана қолжетімді.

Samsung Printer Experience - Samsung құрылғысының параметрлері мен құрылғыны басқаруды бір орынға біріктіретін Samsung компаниясының қосымша бағдарламасы. Құрылғы параметрлерін орнату, жабдықтарға тапсырыс беру, ақаулықтарды жою нұсқауларын ашу, Samsung веб-торабына кіру және қосылған құрылғылар туралы ақпаратты тексеруге болады. Егер құрылғы Интернет қосылымы бар компьютерге қосылған болса, бұл бағдарлама Windows **Store(Қоймалар)** торабынан автоматты түрде жүктеледі.

Samsung Printer Experience түсіну


Бағдарламаны ашу үшін,


Бастау экранынан немесе **Бастау** () белгішесінен **Samsung Printer Experience** () белгішесін таңдаңыз.

Samsung Printer Experience интерфейсі келесі кестеде көрсетілген түрлі пайдалы функцияларды қамтиды:



Операциялық жүйеге, үлгіге немесе опцияларға байланысты скриншоттар әртүрлі болуы мүмкін.



1	Принтер ақпараты	Бұл аймақ құрылғы туралы жалпы ақпаратты береді. Құрылғы күйі, орны, IP мекенжайы және қалған тонер деңгейі сияқты ақпаратты тексере аласыз.
2	Руководство пользователя	Желідегі Пайдаланушы нұсқаулығы көруге болады. Бұл мүмкіндіктерді пайдалану үшін Интернетке қосылу қажет.  Бұл түйме қате болғанда Руководство по устранению неисправностей нұсқаулығын ашады. Пайдаланушы нұсқаулығындағы ақаулықтарды жою бөлімін тікелей ашуыңызға болады.
3	Заказать расходные материалы	Қосалқы тонер картриджіне онлайн режимінде тапсырыс беру үшін мына түймені басыңыз. Бұл мүмкіндіктерді пайдалану үшін Интернетке қосылу қажет.
4	Посетите сайт Samsung	Samsung принтерінің веб-торабына өткізеді. Бұл мүмкіндіктерді пайдалану үшін Интернетке қосылу қажет.
5	Принтер Настройки	Құрылғы параметрлері, қағаз, орналасу, эмуляция, желі және басып шығару туралы ақпарат сияқты құрылғының әр түрлі параметрлерін SyncThru™ Web Service бағдарламасы арқылы теңшей аласыз. Құрылғыңыз желіге қосылу болуы қажет. Егер құрылғыңыз USB кабелі арқылы қосылған болса, бұл түйме өшіріледі.
6	Құрылғылар тізімі және Соңғы сканерленген кескін	Сканерлеу тізімінде Samsung Printer Experience бағдарламасын қолдайтын құрылғылар көрсетіледі. Құрылғыны пайдаланып, соңғы сканерленген кескіндерді көре аласыз. Осы жерден сканерлеу үшін құрылғы желіге қосылған болуы қажет. Бұл бөлім көп функциялы принтерлері бар пайдаланушыларға арналған.

Принтерлерді қосу/жою

Егер **Samsung Printer Experience** бағдарламасына қосылған принтерлер жоқ болса немесе принтерді қосу/жою қажет болса, төмендегі нұсқауларды орындаңыз.





Тек желіге қосылған принтерлерді қосуға/жоюға болады.

Принтерді қосу

- 1 **Samsung Printer Experience** бағдарламасының бетінде тінтуірдің оң жағын басыңыз және **Параметрлер** функциясын таңдаңыз.
- 2 **Добавить принтер** тармағын таңдаңыз.

- 3 Қосу қажет принтерді таңдаңыз.
Қосылған принтерді көруге болады.



Егер  белгісі көрінсе, принтерлерді қосу үшін сондай-ақ  белгісін басуға болады.

Принтерді жою

- 1 **Samsung Printer Experience** бағдарламасының бетінде тінтуірдің оң жағын басыңыз және **Параметрлер** функциясын таңдаңыз.
- 2 **Удалить принтер** пәрменін таңдаңыз.
- 3 **Samsung Printer Experience** бетінде тінтуірдің оң жағын басып, **Параметрлер** функциясын басыңыз.
- 4 **Иә** түймешігін басыңыз.
Жойылған принтердің экраннан өшірілгенін көруіңізге болады.

Басып шығару


Бұл бөлімде **Бастау** экранынан жалпы басып шығару тапсырмалары түсіндірілген.



Операциялық жүйеге, үлгіге немесе опцияларға байланысты скриншоттар әртүрлі болуы мүмкін.



Негізгі басып шығару

- 1 Басып шығару керек құжатты ашыңыз.
- 2 **Басып шығару** мәзірінен **Файл** түймесін таңдаңыз.
- 3 Тізімнен принтерді таңдаңыз.
- 4 Көшірмелер саны мен бағдар сияқты принтер параметрлерін таңдаңыз.
- 5 Басып шығару тапсырмасын іске қосу үшін **Басып шығару** түймесін басыңыз.



Басып шығару тапсырмасын болдырмау

Басып шығару тапсырмасы басып шығару кезегінде немесе басып шығару кезегінде күтіп тұрса, тапсырманы келесідей болдырмаңыз:

- Бұл терезеге жай Windows тапсырмалар тақтасындағы құрылғы белгішесін () екі рет нұқу арқылы қатынаса аласыз.
- Сондай-ақ, ағымдағы тапсырманы басқару тақтасындағы  (**Отмена**) түймесін басып болдырмауға болады.

Қосымша параметрлерді ашу



Экранда модельге немесе параметрлерге байланысты басқа бірдеме пайда болуы мүмкін.

Қосымша басып шығару параметрлерін орнатуға болады.

- 1 Басып шығару керек құжатты ашыңыз.
- 2 **Басып шығару** мәзірінен **Файл** түймесін таңдаңыз.
- 3 Тізімнен принтерді таңдаңыз.
- 4 **Другие лараметры** түймесін басыңыз.

Ортақ пайдалану мүмкіндігін пайдалану

Samsung Printer Experience ортақ пайдалану функциясының көмегімен компьютерде орнатылған басқа қолданбалардан басып шығаруға мүмкіндік береді.



Бұл функция тек jpeg, bmp, tiff, gif және png файл пішімдерін басып шығару үшін қол жетімді.

- 1 Басқа қолданбадан басып шығару қажет мазмұнды таңдаңыз.
- 2 **Бөлісу** мәзірін немесе Window пернесі + **Н** тіркесімін басыңыз.
- 3 Көшірмелер саны мен бағдар сияқты принтер параметрлерін таңдаңыз.
- 4 Басып шығару тапсырмасын іске қосу үшін **Басып шығару** түймесін басыңыз.

Глоссарий



Келесі глоссарий басып шығаруға қатысты көп қолданылатын және осы пайдаланушыға арналған нұсқаулықта кездесетін терминологияны түсіну арқылы өніммен танысуға көмектеседі.

802.11

802.11 - сымсыз жергілікті желі (WLAN) байланысына арналған стандарттар жиынтығы, IEEE LAN/MAN Стандарттар комитеті (IEEE 802) тарапынан дайындалған.

802.11b/g/n

802.11b/g/n кейбір жабдықтарды ортақ пайдалануы және 2,4 ГГц жиілігін пайдалануы мүмкін. 802.11b 11 Мб/с-қа дейінгі өткізу мүмкіндігін, 802.11n 150 Мб/с-қа дейінгі өткізу мүмкіндігін қолдайды. 802.11b/g/n құрылғыларына кейде микротолқындық пештер, сымсыз телефондар және Bluetooth құрылғылар кедергі келтіруі мүмкін.

Қатынас нүктесі

Қатынас нүктесі немесе сымсыз қатынас нүктесі (AP немесе WAP) - сымсыз жергілікті желілерде (WLAN) сымсыз байланыс құрылғыларын байланыстыратын және WLAN радиосигналдары үшін орталық трансмиттер және ресивер ретінде жұмыс істейтін құрылғы.

ADF

Құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысы (ADF) - түпнұсқа қағаз парағын автоматты түрде беретін сканерлеу құрылғысы, құрылғы қағаздың біршама көлемін бір уақытта сканерлей алады.

AppleTalk

AppleTalk - компьютерлік желі құру үшін Apple, Inc шығарған арнайы протоколдар жиынтығы. Ол бастапқы Macintosh (1984) құрамына енгізілген және қазір оны Apple компаниясы TCP/IP желісінің пайдасына жойды.

Биттік тереңдік

Растрлік суреттегі бір пикселдің түсін көрсету үшін пайдаланылатын биттер санын сипаттайтын компьютерлік графика термині. Жоғарырақ түс тереңдігі анық түстердің кеңірек ауқымын береді. Биттер саны көбейген сайын, түстер картасы үшін мүмкін болатын түстер саны тым көбейіп кетеді. 1-битті түс әдетте монохромды немесе қара және ақ деп аталады.

BMP

Microsoft Windows графикалық ішкі жүйесі (GDI) пайдаланатын және сол платформада қарапайым графикалық файл пішімі ретінде пайдаланылатын растрлік графика пішімі.

BOOTP

BOOTP протоколы. Желілік клиент өзінің IP-мекенжайын автоматты түрде алу үшін пайдаланатын желілік протокол. Әдетте ол компьютерлердің немесе олардағы жұмыс істейтін операциялық жүйелердің бастапқы жүктелу процесінде орындалады. BOOTP серверлері әрбір клиентке IP-мекенжайды мекенжайлар тобынан тағайындайды. BOOTP протоколы «дисксіз жұмыс станциясының» компьютерлеріне IP-мекенжайды кез келген жетілдірілген операциялық жүйені жүктеуден бұрын алуға мүмкіндік береді.

CCD

Зарядты байланысы бар құрылғы (CCD) - сканерлеу тапсырмасын қосатын аппараттық құрал. CCD бекіту құрылғысы CCD модулін құрылғыны жылжытқан кезде зақымдалудан сақтау үшін пайдаланылады.

Реттеу

Реттеу - жинақта бірнеше көшірме тапсырмасы бойынша басып шығару процесі. Реттеу таңдалғанда, құрылғы қосымша көшірмелерді басып шығарудан бұрын бүкіл жинақты басып шығарады.

Басқару панелі

Басқару панелі - басқару немесе бақылау аспаптары көрсетілетін тегіс, көбінесе тік болып келетін бөлік. Әдетте олар құрылғының алдыңғы жағында орналасады.

Қамту

Басып шығару кезінде тонердің пайдаланылуын өлшеу үшін қолданылатын басып шығаруға қатысты термин. Мысалы, 5 % қамту A4 өлшеміндегі қағазда шамамен 5 % суреттің немесе мәтіннің болатынын білдіреді. Сондықтан, егер қағазда немесе түпнұсқада күрделі суреттер немесе көп мәтін болса, қамту жоғары болады және сонымен бірге, тонерді пайдалану көлемі қамту көлемімен бірге артады.

CSV

Үтірлермен бөлінген мәндер (CSV). Файл пішімінің түрі, CSV әр түрлі бағдарламалар арасында деректер алмасу үшін пайдаланылады. Файл пішімі, Microsoft Excel бағдарламасында пайдаланылғандай, іс жүзінде сала стандартына айналды, Microsoft емес платформалар арасында да.

DADF

Дуплексті құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысы (DADF) - құрылғы қағаздың екі жағын да сканерлей алатындай етіп, түпнұсқа парақты автоматты түрде беретін және аударатын сканерлеу құрылғысы.

Әдепкі

Принтерді қорабынан алған кездегі, қалпына келтірген кездегі немесе бастапқы күйге орнатқан кездегі мән немесе параметр.

DHCP

Хостарды динамикалық теңшеу протоколы (DHCP) - клиент-сервер желілік протоколы. DHCP сервері DHCP клиент хост сұрауына тән конфигурация параметрлерін қамтамасыз етеді, жалпы, IP желісінде

қатысу үшін клиент хостына қажет мәліметтер. Сондай-ақ, DHCP клиент хосттарына IP-мекенжайларды бөліп беру механизмін қамтамасыз етеді.

DIMM

Қос қосылған жад модулі (DIMM) - жад ұстайтын кішкентай схемалық тақта. DIMM басып шығару деректері, алынған факс деректері сияқты құрылғы ішіндегі барлық деректерді сақтайды.

DLNA

DLNA альянсы (DLNA) - үй желісіндегі құрылғыларға желі арқылы бір-бірімен ақпарат алмасуға мүмкіндік беретін стандарт.

DNS

Домен атауларының сервері (DNS) - Интернет сияқты желілердегі бөлінген дерекқордағы домен атауларына қатысты мәліметтерді сақтайтын жүйе.

Нүктелік-матрицалық принтер

Нүктелік-матрицалық принтер - басатын басы бетте алға және артқа қозғалатын, соққы арқылы басатын, жазу машинкасы сияқты қағазға бояу сіңірілген мата таспаны соғу арқылы басатын компьютер принтері.

DPI

Дюймдегі нүктелер саны (DPI) - сканерлеу және басып шығару үшін пайдаланылатын ажыратымдылық өлшемі. Әдетте, DPI жоғарылаған сайын ажыратымдылық артады, суреттегі көрінетін бөліктер көбейеді және файл өлшемі үлкейеді.

DRPD

Шартты қоңырауды автоматты тану. Шартты қоңырау - пайдаланушыға әр түрлі бірнеше телефон нөмірлеріне жауап беру үшін бір телефон желісін пайдалануға мүмкіндік беретін телефон компаниясының қызметі.

Duplex

Құрылғы қағаздың екі жағында да басатын (сканерлейтін) етіп қағаз парағын автоматты түрде аударатын механизм. Дуплекс құрылғысы бар принтер бір баспа циклінде қағаздың екі жағынан да баса алады.

Өнімділік

Өнімділік - принтердің бір айдағы жұмыс өнімділігіне әсер етпейтін беттер саны. Әдетте принтерде бір жылдағы беттер саны сияқты пайдалану мерзімінің шектеуі болады. Пайдалану мерзімі басып шығарулардың орташа көрсеткішін білдіреді, әдетте кепілдік мерзімі ішіндегі. Мысалы, егер өнімділік 20 жұмыс күні бар бір ай үшін 48 000 бет болса, принтердің жұмыс істеу шегі күніне 2 400 бет болады.

ECM

Қателерді түзету режимі (ECM) - 1-класс факс машиналарына немесе факс-модемдерге қосылатын қосымша беру режимі. Ол кейде телефон желісіндегі кедергілерден болатын факс жіберу процесіндегі қателерді автоматты түрде табады және түзетеді.

Эмуляция

Эмуляция бір құрылғының басқа құрылғының нәтижелерімен бірдей нәтижелер алу әдісі. Эмулятор бір жүйенің функцияларын басқа жүйеде қайталайды, екінші жүйе бірінші жүйе сияқты әрекет етеді. Эмуляция сыртқы жұмысты дәл көшіруге назар аударады, симуляциядан өзгеше болады, симуляцияда симуляцияланатын жүйенің абстрактілік моделіне, көбінесе ішкі күйіне көңіл бөлінеді.

Ethernet

Ethernet - жергілікті желілерге (LAN) арналған фреймдік компьютер желісінің технологиясы. Ол физикалық деңгей үшін схеманы және сигнал беруді сипаттайды және кадр пішімдері және протоколдар үшін, ортамен қатынасты басқару (MAC)/деректер беру деңгейі, OSI моделі. Ethernet көбінесе IEEE 802.3 ретінде стандартталады. Ол 1990 жылдардан бастап қазірге дейін пайдаланылып келе жатқан ең көп таралған LAN технологиясына айналды.

EtherTalk

Компьютер желісіне арналған Apple Computer тарапынан жасалған протоколдар жиынтығы. Ол бастапқы Mac (1984) құрамына енгізілген және қазір оны Apple компаниясы TCP/IP желісінің пайдасына жойды.

FDI

Сыртқы құрылғы интерфейсі (FDI) - монеталық құрылғы немесе кардридер сияқты үшінші тараптың құрылғысына рұқсат етуге арналған құрылғы ішіне орнатылған карта. Ол құрылғылар сіздің құрылғыңызда төлемге негізделген қызметті қамтамасыз етеді.

FTP

Файлдарды беру протоколы (FTP) - TCP/IP протоколын (мысалы, Интернет немесе интранет) қолдайтын кез келген желі арқылы файлдар алмасу үшін кең пайдаланылатын протокол.

Термофиксатор құрылғысы

Баспа құралына тонерді түсіретін лазерлік принтердің бөлігі. Ол жылу ролигі мен қысым ролигінен тұрады. Тонер қағазға түсірілгеннен кейін, термобекіту құрылғысы тонердің қағазда тұрақты қалуы үшін жылу мен қысымды қолданады, сондықтан да қағаз лазерлік принтерден шыққан кезде ол жылы болады.

Шлюз

Компьютер желілерінің арасындағы қосылым немесе компьютер желісі мен телефон желісінің арасындағы қосылым. Ол өте кең таралған, себебі ол басқа компьютермен немесе желімен қатынасты қамтамасыз ететін компьютер немесе желі болып табылады.

Сұр түстің реңктері

Түрлі түсті суреттер сұр түсті суретке өзгертілгенде суреттің ашық және қара бөліктерін көрсететін сұр түстің шкаласы; түстер әртүрлі сұр түстің шкаласымен көрсетіледі.

Көмескі түс

Нүктелер санын өзгерту арқылы сұр түстің реңктерін көрсететін сурет түрі. Қатты боялған бөліктерде нүктелердің саны көп болады, ал ақшыл бөліктердегі нүктелердің саны азырақ болады.

Сақтау құрылғысы (HDD)

Әдетте қатты диск деп аталатын сақтау құрылғысы (HDD) – қуат бермегенде өшірілмейтін сақтау құрылғысы. Ол сандық түрде кодталған деректерде тез айналатын, магниттік беті бар пластинкаларда сақтайды.

IEEE

Электротехника және электроника саласындағы инженерлер институты (IEEE) - электрге қатысты технологияны дамытуға арналған халықаралық коммерциялық емес кәсіби ұйым.

IEEE 1284

1284 параллель порт стандартын Электротехника және электроника саласындағы инженерлер институты (IEEE) жасаған. «1284-B» термині сыртқы құрылғыға (мысалы, принтерге) қосылатын параллель кабельдің ұшындағы арнайы коннектор түрін білдіреді.

Инtranет

Ұйымның мәліметтерінің немесе операцияларының бір бөлігін сенімді түрде өз қызметкерлерімен бірлесіп пайдалану үшін IP протоколдарын, желі қосылымын және жалпы байланыс жүйесін пайдаланатын жеке желі. Кейде бұл термин тек ең нақты көрінетін қызметті, ішкі веб-сайтты білдіреді.

IP мекенжай

Интернет протоколы (IP) мекенжайы - IP протоколы стандартын пайдаланатын желіде бір-бірімен байланысу және анықтау үшін құрылғылар пайдаланатын бірегей нөмір.

IPM

Бір минуттағы суреттер (IPM) - принтер жылдамдығын өлшеу әдісі. IPM көрсеткіші принтер бір минут ішінде басып шығара алатын бір жақты парақтар санын көрсетеді.

IPP

Интернет басып шығару протоколы (IPP) басып шығару, басып шығару тапсырмаларын басқару, баспа құралдарының өлшемі, ажыратамдылық және т.б. үшін стандартты протоколды сипаттайды. IPP протоколын жергілікті немесе Интернет арқылы жүздеген принтерлер үшін пайдалануға болады және ол қатынасты басқару, аутентификация және шифрлау мүмкіндіктерін қолдайды, бұл оны бұрынғыларға қарағанда икемдірек және қауіпсіз басып шығару шешімі етеді.

IPX/SPX

IPX/SPX - желіаралық бумалар алмасу протоколы/бірізді бумалар алмасу. Novell NetWare операциялық жүйелері пайдаланатын желілік протокол. IPX және SPX протоколдары TCP/IP протоколына ұқсас қосылым қызметтерін қамтамасыз етеді, IPX протоколы IP протоколына ұқсас және SPX протоколы TCP протоколына ұқсас. IPX/SPX протоколы негізінен жергілікті желілерге (LAN) арналған және осы мақсатта ол өте тиімді протокол болып табылады (әдетте оның жұмыс көрсеткіштері жергілікті желідегі TCP/IP көрсеткіштерінен жоғары).

ISO

Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (ISO) - ұлттық стандарттау органдарының өкілдерінен құралған халықаралық стандарттау органы. Ол халықаралық өнеркәсіп және сауда стандарттарын шығарады.

ITU-T

Халықаралық телекоммуникация одағы - халықаралық радио және телекоммуникация саласын стандарттау және реттеу үшін құрылған халықаралық ұйым. Оның негізгі мақсаттары радиожииліктер диапазонын бөлу, стандарттау және халықаралық телефон байланыстарын қамтамасыз ету мақсатында әр түрлі елдер арасында өзара байланыс келісімдерін ұйымдастыру. ITU-T сөзіндегі -Т әрпі телекоммуникацияны білдіреді.

ITU-T № 1 диаграмма

Құжаттарды факсимильді байланыс арқылы жіберу үшін ITU-T жариялаған стандартталған сынақ диаграммасы.

JBIG

Екі деңгейлі кескіндер жөніндегі бірлескен эксперттер тобы (JBIG) - дәлдік пен сапаны жоғалтпай кескіндерді қысу стандарты, бинарлық кескіндерді қысуға арналған, әсіресе факстер үшін, сонымен қатар басқа кескіндер үшін де пайдалануға болады.

JPEG

Фотосуреттер жөніндегі бірлескен эксперттер тобы (JPEG) - фотосуреттерді жоғалтумен қысу үшін ең көп қолданылатын стандартты әдіс. Фотосуреттерді Интернетте сақтау және жіберу үшін пайдаланылатын пішім.

LDAP

Каталогқа кіру үшін жеңілдетілген протокол (LDAP) - TCP/IP арқылы жұмыс істейтін каталог қызметтерін сұрауға және өзгертуге арналған желілік протокол.

Жарық диодты экран

Жарық шығаратын диод (LED) - құрылғы күйін көрсететін жартылай өткізгішті құрылғы.

MAC-мекенжай

Ортамен қатынасты басқару (MAC) мекенжайы - желілік адаптермен байланысқан бірегей идентификатор. MAC-мекенжай бірегей 48-биттік идентификатор болып табылады, әдетте екі-екіден топталған 12 он алтылық таңбалар (мысалы, 00-00-0c-34-11-4e). Бұл мекенжай әдетте өндіруші тарапынан желілік интерфейстік картаға (NIC) қатты бекітіледі және үлкен желілерде құрылғыларды табуға әрекет жасайтын маршрутизаторларға көмек ретінде пайдаланылады.

MFP

Көп функциялы сыртқы құрылғы (MFP) - бір физикалық денеде келесі функцияларды қамтитын кеңсе құрылғысы, принтер, көшіру құрылғысы, факс, сканер және т.б.

MH

Өзгертілген Хаффман (MH) - ITU-T T.4 ұсынған кескінді тасымалдау үшін факс құрылғылары арасында берілетін деректер көлемін азайтуға арналған қысу әдісі. MH - бос орынды тиімді қысу үшін оңтайландырылған кодтық кітапқа негізделген бірізді кодтау схемасы. Факстер көбінесе бос орыннан тұратындықтан, бұл факстердің берілу уақытын барынша азайтады.

MMR

Модификацияланған модификацияланған Рид коды (MMR) - ITU-T T.6 ұсынған қысу әдісі.

Модем

Сандық ақпаратты кодтау үшін негізгі сигналды модуляциялайтын құрылғы және ол берілген ақпараттың кодын ашу үшін негізгі сигналды демодуляциялайды.

MR

Модификацияланған Рид коды (MR) - ITU-T T.4 ұсынған қысу әдісі. MR бірінші сканерленген жолды MH көмегімен кодтайды. Келесі жол бірінші жолмен салыстырылады, айырмашылықтары анықталады, сонан соң айырмашылықтар кодталады және жіберіледі.

NetWare

Novell, Inc. компаниясы жасаған желілік операциялық жүйе. Басында ол жеке компьютерде әр түрлі қызметтерді орындау үшін кооперативті көп тапсырмалылықты пайдаланды және желілік протоколдар бастапқы Xerox XNS стегіне негізделді. Қазір NetWare жүйесі TCP/IP және IPX/SPX протоколдарын қолдайды.

OPC

Фотобарабан (OPC) - лазерлік принтерден шығатын лазер сәулесін пайдаланып басып шығару үшін виртуалды кескін жасайтын механизм және ол әдетте жасыл немесе тот түсті болады және цилиндр пішініне ие.

Принтерде пайдалану кезінде барабаны бар кескін жасау блогы барабан бетін ақырын тоздырады және оны дұрыстап ауыстыру керек, себебі ол картридждің шығару щеткасына, тазалау механизміне және қағазға тиіп тозады.

Түпнұсқалар

Басқаларын шығару үшін көшірілетін, шығарылатын немесе аударылатын, бірақ өзі басқа бірдеңеден көшірілмейтін немесе шығарылмайтын бірдеңенің бірінші үлгісі, мысалы, құжат, фотосурет немесе мәтін және т.б.

OSI

Ашық жүйелердің әрекеттестігі (OSI) - байланыс үшін Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (ISO) тарапынан жасалған модель. OSI желіні жобалау үшін стандартты, модульді әдісті ұсынады, ол кешенді функциялардың қажетті жиынтығын басқарылатын, тәуелсіз, функционалдық деңгейлерге бөледі.

Деңгейлер - жоғарыдан төменге қарай, қолданба, презентация, сеанс, транспорт, желі, деректер беру арнасы және физикалық.

PABX

Ішкі автоматты телефон станциясы (PABX) - жеке мекеме ішіндегі автоматты телефон коммутация жүйесі.

PCL

Принтердің басқару тілі (PCL) - принтер протоколы ретінде HP компаниясы жасаған беттерді сипаттау тілі (PDL), өнеркәсіп стандартына айналған. Басында бастапқы себелеу принтерлері үшін жасалған, PCL түрлі деңгейлерде термопринтерлер, нүкте-матрицалық принтерлер және лазерлік принтерлер үшін шығарылды.

PDF

Тасымалданатын құжат пішімі (PDF) - Adobe Systems жасаған арнайы файл пішімі, екі өлшемді құжаттарды құрылғыдан тәуелсіз және ажыратымдылықтан тәуелсіз пішімде көрсетуге арналған.

PostScript

PostScript (PS) - беттерді сипаттау тілі және бағдарлама тілі, негізінен электрондық және үстелдік баспа жүйелерінде пайдаланылады. - кескін шығару үшін интерпретаторда орындалады.

Принтер драйвері

Компьютерден принтерге деректерді тасымалдау және командаларды жіберу үшін пайдаланылатын бағдарлама.

Баспа құралы

Принтерде, сканерде, факста немесе көшіру құрылғысында пайдалануға болатын қағаз, конверттер, белгілер сияқты құралдар.

PPM

Бір минуттағы беттер саны (PPM) - принтердің жұмыс істеу жылдамдығын анықтау әдісі, принтер бір минут ішінде басып шығаратын беттер санын көрсетеді.

PRN файлы

Құрылғы драйверіне арналған интерфейс, бағдарламалық жасақтамаға стандартты кіріс/шығыс жүйелік қоңыраулар арқылы құрылғы драйверімен жұмыс істеуге мүмкіндік береді, бұл көп тапсырмаларды жеңілдетеді.

Протокол

Екі есептегіш соңғы нүктелер арасында деректерді тасымалдауды, қосылымды, байланысты қамтамасыз ететін немесе басқаратын ереже немесе стандарт.

PS

PostScript бөлімін қараңыз.

PSTN

Жалпыға арналған телефон желісі (PSTN) - жалпыға бірдей коммутациялық телефон желілерінің жүйесі, өнеркәсіптік ғимаратта орналасады, әдетте коммутатор арқылы реттеледі.

RADIUS

Телефон желісінің абонентін қашықтан аутентификациялау қызметі (RADIUS) - пайдаланушыны қашықтан аутентификациялау және тіркеу протоколы. RADIUS аутентификация деректерін орталықтан басқаруға мүмкіндік береді, мысалы, пайдаланушы аты және құпия сөздер, желіге кіруді басқару үшін AAA (аутентификация, авторизация және есеп) принципін пайдаланады.

Ажыратымдылық

Кескіннің анықтығы, дюймдегі нүктелер санымен (DPI) өлшенеді. Дюймдегі нүктелер саны көбейсе, ажыратымдылық жоғарылайды.

SMB

Сервердің хабарлар блогы (SMB) - желілік протокол, негізінен файлдарды, принтерлерді, бірізді порттарды бірлесіп пайдалану үшін және басқа түрлі байланыстар үшін желі нүктелерінің арасында пайдаланылады. Сонымен қатар, ол тексерілген процесс аралық байланыс механизмін қамтамасыз етеді.

SMTP

Пошта жіберуге арналған қарапайым протокол (SMTP) - Интернет арқылы электрондық пошта хабарларын жіберуге арналған стандарт. SMTP - салыстырмалы түрде қарапайым, мәтінге негізделген протокол, бір немесе бірнеше хабар алушылары көрсетіледі, сонан соң хабар мәтіні беріледі. Ол клиент-сервер протоколы, клиент серверге электрондық пошта хабарын жібереді.

SSID

Сымсыз желі идентификаторы (SSID) - сымсыз жергілікті желінің (WLAN) атауы. Бір бірімен байланысу үшін сымсыз жергілікті желідегі барлық сымсыз құрылғылар бірдей SSID пайдаланады. SSID регистрге тәуелді болады және ең үлкен ұзындығы 32 таңба.

Ішкі желі маскасы

Қосалқы желі маскасы мекенжайдың қайсы бөлігі желілік мекенжай, ал қайсысы хост мекенжай екендігін анықтау үшін желілік мекенжаймен бірге пайдаланылады.

TCP/IP

Берілісті басқару протоколы (TCP) және Интернет протоколы (IP); байланыс протоколдарының жиынтығы, Интернет және басқа көптеген коммерциялық желілер жұмыс істейтін протоколдар жиынтығын енгізеді.

TCR

Берілісті растау есебі (TCR) әрбір беріліс мәліметтерін қамтамасыз етеді, мысалы, тапсырма күйі, беріліс нәтижесі және жіберілген беттер саны. Бұл есепті әр тапсырмадан кейін басып шығарылатын етіп немесе беріліс сәтсіз болғанда ғана басып шығарылатын етіп қоюға болады.

TIFF

Кескін файлының тегтік пішіні (TIFF) - ажыратымдылығы өзгертін растрлық кескін пішімі. TIFF сканерлерден келетін кескін деректерін сипаттайды. TIFF кескіндері файлдағы кескін сипаттамаларын анықтайтын тегтерді, кілт сөздерді пайдаланады. Бұл икемді және платформадан тәуелсіз пішімді кескін өңдейтін түрлі бағдарламаларда түсірілген суреттер үшін пайдалануға болады.

Тонер картриджі

Ішінде тонер болатын принтер сияқты құрылғыда пайдаланылатын ыдыс немесе контейнер. Тонер - лазерлік принтерлерде және ксерокстарда пайдаланылатын ұнтақ, басылған қағазда мәтінді және кескіндерді пайда етеді. Тонер термофиксатордан қыздыру/қысым арқылы беріліп, қағаздың талшықтарына жабысуы мүмкін.

TWAIN

Сканерлер мен бағдарламалық жасақтамаларға арналған өнеркәсіптік стандарт. TWAIN стандартына сәйкес бағдарламасы бар TWAIN сканерін пайдалану арқылы сканерлеуді бағдарламадан қосуға болады. Бұл Microsoft Windows және Apple Macintosh операциялық жүйелері үшін кескін алу API.

UNC жолы

Бірегей атау беру ережесі (UNC) - Window NT және басқа Microsoft өнімдерінде ортақ желіге кірудің стандартты жолы. UNC жолының пішімі: \\<servername>\<sharename>\<Қосымша каталог>

URL

Ресурстардың бірегей көрсеткіші (URL) - құжаттардың және ресурстардың Интернеттегі ғаламдық мекенжайы. Мекенжайдың бірінші бөлігі пайдаланылатын протоколды көрсетеді, екінші бөлігі ресурс орналасқан IP-мекенжайды немесе домен атауын сипаттайды.

USB

Әмбебап бірізді шина (USB) - USB Implementers Forum, Inc. жасаған стандарт, компьютер мен сыртқы құрылғыларды қосу үшін пайдаланылады. Параллель порттан айырмашылығы, USB бір мезгілде бір компьютер USB портын бірнеше сыртқы құрылғыларға қосады.

Су таңбасы

Су таңбасы - қағаздағы көрінетін кескін немесе өрнек, жарықпен қарағанда ашық көрінеді. Алғаш рет су таңбалары 1282 жылы Италияның Болонья қаласында пайдаланылды; оларды өз өнімдерін белгілеу үшін қағаз жасаушылар пайдаланды, пошта маркаларында, ақшада және басқа үкімет құжаттарында қолдан жасауды болдырмау мақсатында пайдаланылды.

WEP

Енгізілген құпиялылық эквиваленті (WEP) - қауіпсіздік протоколы, IEEE 802.11, сымды жергілікті желідегі қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз етеді. WEP радио арқылы деректерді шифрлау арқылы қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, екі нүкте арасында берілген кезде деректер қорғалады.

WIA

Windows кескін архитектурасы (WIA) - басында Windows Me және Windows XP жүйесінде енгізілген кескін архитектурасы. Сканерлеуді WIA сканерін пайдаланып осы операциялық жүйелердің ішінен қосуға болады.

WPA

Wi-Fi қорғалған қатынас (WPA) - сымсыз (Wi-Fi) компьютер желілерін қорғайтын жүйелер тобы, WEP қауіпсіздік мүмкіндіктерін жетілдіру үшін жасалған.

WPA-PSK

WPA-PSK (WPA алдын ала ортақтасқан кілт) - шағын бизнес пен үйде пайдаланушылар үшін WPA арнайы режимі. Ортақ кілт немесе құпия сөз, сымсыз кіру нүктесінде (WAP) конфигурацияланады және сымсыз лэптоп немесе үстел құрылғылары. WPA-PSK қауіпсіздікті арттыру үшін сымсыз клиент пен тиісті WAP арасындағы әрбір сеанс үшін бірегей кілт шығарады.

WPS

Wi-Fi қорғалған орнату (WPS) - сымсыз үй желісін орнату стандарты. Егер сымсыз кіру нүктесі WPS стандартын қолдаса, сымсыз желі қосылымын компьютерсіз оңай конфигурациялауға болады.

XPS

XML қағаз сипаттамасы (XPS) - беттерді сипаттау тіліне (PDL) және жаңа құжат пішіміне арналған сипаттама, тасымалы құжат және электрондық құжат үшін артықшылықтары бар, Microsoft тарапынан жасалған. XML негізіндегі сипаттама, жаңа баспа жолына негізделген және векторға негізделген құрылғыдан тәуелсіз құжат пішімі.

Индекс

A

AirPrint 158

G

general settings 175

google cloud printing 165

H

HTTP параметрлері 207

I

IPP параметрлері 207

L

LPRLPD параметрлері 207

M

Mac
жүйеге қойылатын талаптар 114

Mopria 156

P

PrinterOn 163

R

Raw TCPIP параметрлері 207

S

SetIP бағдарламасы 145

SyncThru™ Web Service 204

ақпарат қойындысы 206

безопасн қойындысы 207

деген не 204

жалғау 204

желі 207

журнал 208

настройки қойындысы 206

параметрлер 206

принтер 206

талаптары 204

теңшеу 207

техникалық қызмет көрсету қойындысы
208

samsung cloud printing 160

samsung printer experience 219

U

Unix
жүйеге қойылатын талаптар 114

USB кабель
драйверін орнату 21

USB флеш жады
басып шығару 48
реттеу 48

W

WiFiNFC	52
Windows	
SetIP бағдарламасын пайдалану	145
жалпы Windows мәселелері	102
жүйеге қойылатын талаптар	113
қосылған USB кабеліне арналған драйвер орнату	21
WSD параметрлері	207

A

Арнайы мүмкіндіктер	186
анықтаманы пайдалану	44

Ә

әдепкі параметрлер	
науа параметрі	38

Б

басқару панелі	18
баспа құралы	
алдын ала басып шығарылған қағаз	38
арнайы баспа құралы	35
жапсырмалар	37
карта бумасы	37
конверт	36
қағаз өлшемін орнату	38
қағаз түрін орнату	38
нұсқаулық	29
шығыс тіреуіші	109
басып шығару	
mobileprint	155
USB жады	48
арнайы басып шығару мүмкіндіктері	193

әдепкі басып шығару параметрлерін өзгерту	190
әдепкі құрылғы ретінде орнату	191
екі жақты	206
қағаздың бағдары	206
құжатты басып шығару	
Windows	40
тікелей басып шығару қызметтік бағдарламасын пайдалану	200
ұялы амалдық жүйе	155
шеті	206
басып шығару мүмкіндігі	190

Г

глоссарий	224
-----------	-----

Ж

Жарық диодты экран күйін түсіну	80
жалпы белгішелер	7
желі	
IPv6 конфигурациясы	135
SetIP бағдарламасы	145
жалпы теңшелімдер	181
желілік бағдарламаларды енгізу	133
сымды желіні орнату	134
сымсыз желіні орнату	136
журнал	208

К

кептелу	
қағазды алып тастау	73
қағаздың кептелуіне жол бермеге қатысты кеңестер	72
керекжарақтар	

алуға болатын жабдықтар	51	құрылғыны орналастыру	
керекжарақтардың жұмыс мерзімін		биіктігін реттеу	187
бақылау	64	құрылғыны тазалау	66
құрылғы туралы ақпарат	170		
орнату	62		
тапсырыс беру	51, 52	М	
тонер картридждің ауыстыру	58		
тонер картридждің болжамды қққызмет			
мерзімі	55	макет	171
көп мақсатты немесе қолмен беру науасы		мәзірді шолу	25
арнайы баспа құралын пайдалану	35	мәселе	
пайдалану бойынша кеңестер	33	амалдық жүйе мәселелері	102
салу	33	мәселелер	
күй	19	басып шығару мәселелері	92
		басып шығару сапасы мәселелері	95
		қағазды беру қателері	90
		қуатқа байланысты мәселелер	91
		меню	
		printeron	185
		ақпарат	170
		тапсырманы басқару	184
		эмуляция	179
		микробағдарлама	208
		мүмкіндіктер	
		баспа құралының мүмкіндігі	109
		құрылғының мүмкіндіктері	168
		Н	
		Науа	
		ені мен ұзындығын реттеу	30
		көп мақсатты немесе қолмен беру науасына	
		қағаз салу	33
		қосымша науаға тапсырыс беру	52
		науа өлшемін өзгерту	30
		науа	
		қағаз өлшемі мен түрін орнату	38
		нормативтік ақпарат	115
Қ			
қабаттасуды басып шығару			
басып шығару	198		
жасау	197		
жою	198		
қағаз	173		
қате туралы хабарлама	82		
қатынасу			
басқару құралдары	203		
қауіпсіздік			
ақпарат	8		
жүйе	207		
таңбалар	8		
қосалқы бөлшектер	53		
қосымша			
WiFiNFC	52		
тіреуіш	52		
қосымша науа			
тапсырыс беру	52		
құрылғы параметрлері	62		
құрылғыға жалпы шолу			
алдыңғы көрінісі	16		
артқы көрінісі	17		

П			
пайдалану			
PrinterOn	164	жою	196
есептегіш	206	өңдеу	196
керекжарақтар	206	сүзу	208
пайдаланылған тонер контейнері	60	IPv6	208
пайдаланылған тонер контейнерін		MAC	208
ауыстыру	60	СЫМСЫЗ	
параметрлер		WPS	
HTTP	207	ажырату	139
SyncThru™ Web Service	207	сымсыз желі	
ағымдық	206	желі кабелі	145
желі	207		
қауіпсіздік	207	Т	
желі	207	Тонер картриджі	
құрылғы	206	Samsung компаниясы шығармаған	
принтер	206	және қққайта құқұйылған	54
шеті	206	болжамды ққызмет мерзімі	55
принтер күйі		пайдалану нұсқаулары	54
жалпы ақпарат	217	сақтау	54
		тазалау	
		беру ролигі	69
		сыртқы бөлігі	66
		ішкі бөлігі	67
		талаптары	
		SyncThru™ Web Service	204
Состояние принтера Samsung	217	таңба енгізу	188
Структура меню	170	таңдаулы параметрлер басып шығару үшін	
салу		43	
1науа қосымша науалардағы қағаз	32	техникалық сипаттамалары	108
арнайы баспа құралы	35	баспа құралы	109
көп мақсатты немесе қолмен беру		тонер картриджі	
науасындағы қағаз	33	картриджді ауыстыру	58
науадағы қағаз1	32	тонерді қайта тарату	56
сандық пернетақта	19	түймелер	
сертификат	207	есо	19
сканерлеу		басып шығару экраны	19
электрондық пошта сервері	207	түс параметрлері	180
ссылка	208	тікелей басып шығару қызметтік	
су таңбасы		бағдарламасы	200
жасау	196		

тіркеңіз	
PrinterOn	163

Ү

үнемді басып шығару	45
---------------------	----

Ш

шартты белгілер	7
шығыс тіреуіші	39